Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	1 шағынаудан	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак



1.3 сур. Степногор қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.3-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды. АЛИ=2(төмен деңгей), СИ=2(көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=0%(төмен деңгей) құрады (1.2 - сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары 1,3 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Озонның (жербеті) максималды бірлік шоғырлар бойынша 1,8 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

1.5 Ақмола облысының эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ақмола облысында атмосфералық ауаның ластануына бақылау Атбасар қаласында және Калачи мен Зеренді кенттерінде (*№1 нүкте – Калачи кенті, №2 нүкте – Атбасар қ., №3 нүкте – Зеренді кенті*) жүргізілді. Қалқымабөлшектердің(шан), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, көмірсутектің және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау мәліметтері бойынша барлық ластаушы заттардың концентрациясы шекті жол берілген шоғырдан аспады (1.6-кесте).

Ақмола облысының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	0,92	0,1	0,2	0,1	0,2
Күкірт диоксиді	0,023	0,046	0,008	0,017	0,025	0,05
Көміртегі оксиді	3,9	0,8	2,6	0,5	3,5	0,7
Азот диоксиді	0,05	0,27	0,08	0,4	0,04	0,19
Азот оксиді	0,06	0,17	0,07	0,17	0,05	0,12
Көмірсутектер	53,1	-	52,6	-	51,4	-
Аммиак	0,11	0,54	0,07	0,37	0,09	0,45
Формальдегид	0,0045	0,09	0,008	0,17	0,007	0,14

1.6 Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (ЩБКА) ауданындағы атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


ЩБКА аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 8 стационарлық бекетте жүргізілді (1.8сур.,1.6-кесте).

1.6- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	автоматты жолмен	«Боровое» (КФМС) кешенді фондық мониторинг стансасы	қалқыма бөлшектер (шаң), РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
2			Бурабай к. аумағындағы мектеп	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
3			«Щучинск» санаториі	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
4			Щучинск қ. №1 мектеп аумағы	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак
5			Щучинск қаласы Бурабай ауданы Шоссейная к. №7 үйінің аумағы	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак
6			«Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Абылай-хан алаңының аумағы	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак
7			Бурабай» метеорологиялық	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак

			станцияның аймағында, «Майбалық» шипажай ауданы, Үлкен Шабакты көлі Солтүстік жағалауы	
8			Сарыбұлақ кенті Бурабай ауданы әуеорманкүзет алаңы аймағының шығыс жағы	



1.4 сур. ЩБКА ауданында атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Боровое КФМС атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.9-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды. АЛИ=2, СИ=1 және ЕЖҚ=0% құрады(1.2 сур.). 2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Щучинск-Бурабай курорттық аймақ (ЩБКА) атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.4 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды. АЛИ=2, СИ=1 және ЕЖҚ=0% құрады(1-кесте).

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Ластаушы заттардың орташа және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Сарыбұлақ кенті атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.9 сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=1, СИ=1 және ЕЖҚ=0% құрады (1,2 сур.). 2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Ластаушы заттардың орташа және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

1.7 Щучинск Бурабай курортты аймағы аумағындағы жауын шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияда (Щучинск және Бурабай) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Щучинск-Бурабай курорттық аймағы аумағының жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Атмосфералық жауын-шашындағы барлық аниондардың шоғырлары норма шегінде болды. Сульфаттар шоғырлары - 4,8 мг/л және 10,8 мг/л, хлоридтер – 1,8-мг/л және 2,0 мг/л, нитраттар – 0,3-мг/л және 0,5 мг/л, гидрокарбонаттар – 2,2-мг/л және 3,05 мг/л құрады.

Атмосфералық жауын-шашындағы барлық катиондардың шоғырлары норма шегінде болды. Аммоний шоғырлары - 0,33 мг/л және 0,35 мг/л, натрий – 0,72 мг/л және 0,94 мг/л, калий – 1,11-мг/л және 3,05 мг/л, магний – 0,46-мг/л және 0,49 мг/л, кальций – 1,51-мг/л және 1,53 мг/л құрады.

Аймақтың атмосфералық жауын-шашынында иондар сомасы 13,7 мг/л және 22,16 мг/л құрады.

Атмосфералық жауын-шашындағы қорғасынның шоғыры норма шегінде болды. Бурабай МС қорғасынның шоғыры – 0,9 мг/л және Щучинск МС – 0,7 мг/л құрады.

Осы кезеңде атмосфералық жауын-шашындағы мыстың шоғыры нормадан аспады. Бурабай МС мыстың ең үлкен шоғыры – 1,1 мг/л, ең аз шоғыры Щучинск МС – 0,5 мг/л тіркелді.

Атмосфералық жауын-шашында күшаланьның орташа шоғыры норма шегінде болды. Бурабай МС күшаланьның жоғарғы шоғыры – 0,5 мг/л, төменгі шоғыры Щучинск МС – 0,48 мг/л тіркелді.

Атмосфералық жауын-шашында кадмийдің орташа шоғыры норма шегінде болды. Бурабай МС кадмийдің жоғарғы шоғыры – 0,1 мг/л, төменгі шоғыры Щучинск МС – 0,04 мг/л тіркелді.

Үлесті электр өткізгіштігі Бурабай МС – 20,85 мкСм/см, Щучинск МС - 13,75 мкСм/см құрады.

ЩБКА аймағында рН мәні тұрақты. рН мәні 3,68 және 3,91 құрады.

1.8 Ақмола облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияларда (Астана, Щучинск, «Боровое» КФМС, Бурабай) алынған жаңбыр суына сынама алумен (1.5-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 42,07 %, гидрокарбонаттар 14,8 %, хлоридтер 11,9 %, калий иондары 10,1 %, кальций иондары 9,2 %, натрий иондары 5,8% болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Астана МС – 36,3 мг/л, ең азы Щучинск МС – 13,7 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 11,3 мкСм/см-ден («Боровое» КФМС) 34,4 мкСм/см (Астана МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы қатты қышқыл сипатта болып, 3,7 (Бурабай МС) – 4,2 (Астана МС) аралығында болды.

1.9 Ақмола облысының аумағындағы 2016-2017 жж. қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамын бақылау Астана, Атбасар, Көкшетау, Щучинск, «Боровое» КМФС метеостанцияларында (МС) жүргізілді (1.5-сур.).

Қар жамылғысынан алынған сынамада анықталатын барлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады.

Қар жамылғысы сынамасында сульфаттар 27,3 %, гидрокарбонаттар 25,9 %, хлоридтер 13,3 %, калий иондары 10,0 %, кальций иондары 8,9 %, және натрий иондары 4,1 % басым болды.

Ең жоғарғы минералдылығы Щучинск МС – 28,7 мг/л, ең аз Атбасар МС – 12,7 мг/л тіркелді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 11,2 (Бурабай МС) – 31,9 мкСм/см (Көкшетау МС) аралығында болды.

Жауған қардың қышқылдығы әлсіз қышқыл және орташа сілті сипатта болып, 5,1 (Атбасар МС) – 6,3 (Астана МС) шегінде анықталды.



1.5 сур. Ақмола облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

1.10 Ақмола облысы аумағындағы жер үсті суспасы

Ақмола облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 23 нүсанында (Есіл, Нұра, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Беттібұлақ, Жабай, Қылшақты, Шағалалы өзендері, Нұра-Есіл арнасы, Вячеславское суқоймасы, Сұлтанкелді, Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Щучье, Карасье, Сұлукөл, Майбалық, Қатаркөл, Текеколь, Лебязье көлдері) жүргізілді.

Есіл өзені Қарағанды облысындағы Нияз тауларынан бастау алады. Сарыбұлақ, Ақбұлақ өзендері – Есіл өзенінің оң жақ салалары. Есіл өзенінде Вячеславское суқоймасы орналасқан. Сұлтанкелді көлі Қорғалжын қорығының біркөлі болып саналады. Қопа және Зеренді көлдері Есіл өзені бассейніне кіреді. Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Щучье, Карасье, Сұлукөл көлдері Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (ЩБКА) аумағында орналасқан.

Есіл өзені суының температурасы 0-24,3°C аралығында белгіленді, сутегі көрсеткіші – 7,96, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,20 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,65 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) – 1,7 ШЖШ, марганец (2+) – 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ақбұлақ өзенінде су температурасы 0-25°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,66, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,03 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,89 мг/дм³. Негізгі иондар (кальций – 1,2 ШЖШ, магний – 1,4 ШЖШ, сульфаттар – 3,1 ШЖШ, хлоридтер – 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,3 ШЖШ, фторидтер – 3,5 ШЖШ, нитритті азот – 1,3 ПДК), ауыр металдар (мырыш (2+) – 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сарыбұлақ өзенінде су температурасы 0-21,3°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,52, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,45 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,73 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 4,1 ШЖШ, магний – 2,0 ШЖШ, хлоридтер – 1,7 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 4,6 ШЖШ, нитритті азот – 2,9 ШЖШ, фторидтер – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) – 5,4 ШЖШ) бойынша нормадан асуы байқалды.

Нұра өзенінде су температурасы 8,7°C, сутегі көрсеткіші – 7,98, судағы еріген оттегі шамасы – 10,88 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,33 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,8 ШЖШ, магний – 1,1 ПДК) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Беттібұлақ өзені су температурасы 0-12,6°C, сутегі көрсеткіші 7,79, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,65 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,73 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+) – 4,0 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Жабай өзені су температурасы 0-24,0 °C, сутегі көрсеткіші 8,11, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,30 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,37 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 2,9 ШЖШ, тұзды аммоний – 1,5 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 22,7 ШЖШ, мыс (2+) – 1,5 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шамадан асқандығы тіркелді.

Қылшақты өзені суының температурасы 0-19,8 °C, сутегі көрсеткіші 7,93, судағы еріген оттегінің шоғыры – 6,76 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,58 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,0 ШЖШ, жалпы темір – 2,0 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 225,7 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Шағалалы өзені суының температурасы 0-21,0°C, сутегі көрсеткіші 8,08, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,30 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,07 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 2,3 ШЖШ, тұзды аммоний – 1,4 ШЖШ), ауырметалдар (марганец (2+) – 38,5 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Нұра-Есіл арнасы суының температурасы 0-25°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,02, судағы еріген оттегі шамасы – 11,13 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,19 мг/дм³. Негізгі иондар (магний – 2,1 ШЖШ, сульфаттар – 4,8 ШЖШ, хлоридтер – 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,7 ШЖШ, нитритті азот – 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Вячеславское су қоймасында су температурасы 0-22,3°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,97, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,92 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,64 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,1 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шамадан асқандығы тіркелді.

Сұлтанкелді көлінде су температурасы 0-25,6°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,87, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,49 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,26 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,9 ШЖШ, магний – 1,5 ШЖШ, хлоридтер – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) – 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асуы байқалды.

Қопа көлінде суының температурасы 0-24,2°C, сутегі көрсеткіші – 8,36, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,19 мг/дм³, ОБТ₅ – 4,04 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,3 ШЖШ, жалпы

темір – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 7,6 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Зеренді көлі суының температурасы 0-23,2 °С, сутегі көрсеткіші 9,02, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,83 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,63 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,4 ШЖШ, магний – 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 2,6 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 3,8 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,8 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Бурабай көлі су температурасы 0-23,4 °С, сутегі көрсеткіші 8,21, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,46 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,10 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 3,1 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 4,2 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асуы байқалды.

Үлкен Шабакты көлінде су температурасы 0-24,2 °С, сутегі көрсеткіші 8,83, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,72 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,84 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,7 ШЖШ, магний – 2,1 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 14,9 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 2,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Щучье көлінде су температурасы 0-23,6 °С, сутегі көрсеткіші 8,47, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,06 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,97 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 6,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 2,7 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Кіші Шабакты көлі суының температурасы 0-24,2 °С, сутегі көрсеткіші – 8,93, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,29 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,00 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 6,2 ШЖШ, сульфаттар – 12,0 ШЖШ, магний – 9,6 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 14,0 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,0 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 4,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Карасье көліндегі су температурасы 0-25,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,69, судағы еріген оттегінің шоғыры – 6,28 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,21 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 2,0 ШЖШ, тұзды аммоний – 14,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалған.

Сұлукөл көлінде су температурасы 0-24,6 °С, сутегі көрсеткіші 7,15, судағы еріген оттегінің шоғыры – 6,02 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,48 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,4 ШЖШ, жалпы темір – 4,8 ШЖШ, фторидтер – 3,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Қатаркөл көлінде су температурасы 13,0-24,8 °С, сутегі көрсеткіші 9,36, судағы еріген оттегінің шоғыры – 6,03 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,82 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,4 ШЖШ, магний – 1,7 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 6,6 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,9 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) – 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шамадан асқандығы тіркелді.

Текекөл көлінде - су температурасы 11,6-24,6 °С, сутегі көрсеткіші 9,00, судағы еріген оттегінің шоғыры – 7,59 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,11 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,3 ШЖШ, магний – 2,0 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 9,7 ШЖШ, тұзды аммоний – 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шамадан асқандығы тіркелді.

Майбалық көлі суының температурасы 14,0-26,8 °С, сутегі көрсеткіші 8,71, судағы еріген оттегінің шоғыры – 5,47 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,65 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар –43,7 ШЖШ, магний – 40,5 ШЖШ, хлоридтер- 38,8 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,9 ШЖШ, фторидтер – 4,7 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар- 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Лебяжье көлі суының температурасы 14,2-22,6 °С, сутегі көрсеткіші 7,16, судағы еріген оттегінің шоғыры – 3,44 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,47 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 4,9 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,8 ШЖШ, фторидтер – 4,1 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Ақмола облысы су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейіндегі»* су –Есіл, Ақбұлақ, Нұра, Беттібұлақ өзендері, Вячеславское су қоймасы, Сұлтанкелді, Қопа, Зеренді, Бурабай, Сұлукөл, Қатаркөл, Текекөл көлдері, Нұра-Есіл арнасы; *«ластанудың жоғары деңгейіндегі»* су – Сарыбұлақ, Жабайөзендері, Үлкен Шабакты, Щучье, Кіші Шабакты, Карасье, Лебяжье көлдері; *«ластанудың өте жоғары деңгейі»* - Шағалалы, Қылшақты өзендері, Майбалық көлі.


2016 жылмен салыстырғанда су сапасы Беттібұлақ өзені, Сұлукөл, Текекөл көлдерінде жақсарған; Карасье көлінде нашарлады; Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Нұра, Жабай өзендері, Нұра-Есіл арнасы, Вячеславское су қоймасы, Сұлтанкелді, Қопа, Зеренді, Бурабай, Щучье, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Қатаркөл, Майбалық, Лебяжье көлдерінде айтарлықтай өзгерген жоқ.

Оттегіні 5 тәулікте биохимиялық тұтыну шамасы бойынша су сапасы Сарыбұлақ өзенінде және Қопа көлінде *«ластанудың орташа деңгейінде»*, қалған су нысандарында *«нормативті-таза»* деп бағаланады.


2016 жылмен салыстырғанда ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы Сарыбұлақ өзені, Сұлтанкелді, Қатаркөл көлдерінде жақсарған; қалған су нысандарында айтарлықтай өзгермеген.

Оттегі режимі Лебяжье көлінде *«ластанудың орташа деңгейінде»* болды, ал қалған су нысандарында бірқалыпты. 2016 жылмен салыстырғанда Лебяжье көлінде еріген оттегі бойынша су сапасы нашарлаған.

Ақмола облысы аумағында келесі жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары тіркелді: Есіл өзені – 3 ЖЛ жағдайы, Сарыбұлақ өзені – 12 ЖЛ жағдайы, Ақбұлақ өзені – 2 ЖЛ жағдайы, Жабай өзені – 7 ЖЛ жағдайы, Үлкен Шабакты көлі – 50 ЖЛ жағдайы, Кіші Шабакты көлі – 64 ЖЛ жағдайы, Сұлукөл көлі – 2 ЖЛ жағдайы, Карасье көлі – 19 ЖЛ жағдайы, Қылшақты өзені – 13 ЖЛ жағдайы және 8 ЭЖЛ жағдайы, Шағалалы өзені – 23 ЖЛ жағдайы және 1 ЭЖЛ жағдайы, Майбалық көлі – 14 ЖЛ жағдайы (5-кесте).



1.6 сур. Астана қаласы су нысандарының жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



1.7 сур. Ақмола облысы су нысандарының жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



1.8 сур. ЩБКА ауданы су нысандарының жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

1.11 Ақмола облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Астана қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамасында мыс құрамы 15,67-62,38 мг/кг, хром - 12,13-35,0 мг/кг, қорғасын – 1,31-3,18 мг/кг, мырыш - 15,06–47,11 мг/кг, кадмий - 1,35-2,06 мг/кг шамасында болды.

Орталық саябақ ауанында алынған топырақ сынамасында хром бойынша 2,0 ШЖШ, мыс – 5,2 ШЖШ асуы байқалды, сондай-ақ мырыш құрамы 1 - ШЖШ шамасында болды.

Кенесары және Уәлиханов көшелері қиылысында мыс бойынша 20,8 ШЖШ, хром – 2,1 ШЖШ асуы байқалды.

№3 мектептің ауданында (Сейфуллин және Әуезов көшелері қиылысында) мыс концентрациясы -10,7 ШЖШ, мырыш 1,2 ШЖШ және хром– 2,0 ШЖШ шамасында болды.

ЖЭС - 1 ауданында алынған сынамада мыс бойынша асуы 13,0 ШЖШ, хром – 3,7 ШЖШ және цинк бойынша – 2,0 ШЖШ құрады.

ЖЭС-2 ауданында алынған топырақ сынамасында мыс бойынша 12,2 ШЖШ, хром – 5,8 ШЖШ және цинк бойынша 2,0 ШЖШ шамасында асуы байқалды.

Күз мезгілінде Астана қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында мыс құрамы 0,64 - 5,86 мг/кг, хром –0,13 - 2,28 мг/кг, қорғасын – 0,68 - 1,74 мг/кг, мырыш–20,6-35,1 мг/кг, кадмий–0,55 - 1,63 мг/кг шамасында болды.

№3 мектептің ауданындағы (Сейфуллин және Әуезов көшелері қиылысында) топырақ сынамасында мырыш бойынша 1,5 ШЖШ артуы анықталды.

Кенесары және Уәлиханов көшелері қиылысы ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 1,4 ШЖШ артуы анықталды.

ЖЭС-1 ауданындағы топырақ сынамаларында мыс бойынша 1,95 ШЖШ, мырыш – 1,5 ШЖШ артуы анықталды.

Орталық саябақ және ЖЭС-2 аудандарында анықталатын барлық ауыр металдар құрамы норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде «Бурабай» кешенді фондық мониторинг станциясында (КФМС) алынған топырақ сынамасындағы мырыш – 8,92 мг/кг, мыс – 10,92 мг/кг, қорғасын – 0,92 мг/кг, хром – 8,31 мг/кг және кадмий 0,88 мг/кг шамасында болды.

«Бурабай» КФМС алынған топырақ сынамаларында мыс бойынша – 3,6 ШЖШ және хром бойынша 1,4 ШЖШ шамасында асуы анықталды. Анықталатын басқа ауыр металдар құрамы норма шамасында болды.

Күз мезгілінде «Бурабай» кешенді фондық мониторинг станциясында (КФМС) мырыш құрамы – 57,95 мг/кг, мыс – 2,0 мг/кг, қорғасын – 0,98 мг/кг, хром – 1,39 мг/кг, кадмий –0,73 мг/кг, мыс – 2,0 мг/кг құрады.

«Бурабай» КФМС ауданындағы топырақ сынамаларында мырыш бойынша 2,5 ШЖШ артуы анықталды. Анықталатын басқа ауыр металдар құрамы норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Бурабай ауылының және Щучинск «Зеленый бор» шипажайының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамасында мырыш– 9,61-15,98 мг/кг, мыс - 8,21-26,30 мг/кг, қорғасын – 0,72-1,39 мг/кг, хром – 8,67-11,41 мг/кг, кадмий – 0,78-1,54 мг/кг шамасында болды.

Бурабай кенті Кенесары көшесіндегі «Бурабай» ҰМТП офисі маңынан алынған топырақ сынамаларында хром бойынша - 1,9 ШЖШ, мыс – 2,7 ШЖШ, Щучинск – Бурабай айналма жолы ауданында хром бойынша – 1,5 ШЖШ, мыс бойынша – 4,9 ШЖШ шамасында асуы байқалды;

Абылай Хан алаңы аумағында, «Бурабай» Ұлттық Мемлекеттік Табиғи парк (ҰМТП) мыс құрамы 3,1 ШЖШ, хром – 1,4 ШЖШ, Щучинск «Зеленый бор» шипажайы ауданында мыс құрамы – 8,8 ШЖШ, хром – 1,7 ШЖШ шамасында болды.

Қорғасын мен мырыш құрамы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Күз мезгілінде Бурабай ауылының және Щучинск «Зеленый бор» шипажайының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында мырыш– 9,04 – 46,03 мг/кг, мыс –1,79 - 5,15 мг/кг, қорғасын –0,48 -2,13 мг/кг, хром – 0,49 - 2,01 мг/кг, кадмий –0,43 - 0,82 мг/кг шамасында болды.

Щучинск-Бурабай айналма жолы ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 2,0 ШЖШ артуы анықталды.

«Бурабай» Ұлттық Мемлекеттік Табиғи парк (ҰМТП) аумағындағы Абылай Хан алаңы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,7 ШЖШ, мырыш – 1,2 ШЖШ артуы анықталды.

Щучинск «Зеленый бор» шипажайы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Кенесары көшесіндегі Бурабай кенті, «Бурабай» ҰМТП офисі аудандарында анықталатын барлық ауыр металдар құрамы норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Щучинск қаласының түрлі аудандарынан алынған хром 6,65-11,07 мг/кг аралығында, мыс – 5,15-14,03 мг/кг, қорғасын – 1,11-1,92 мг/кг, мырыш – 7,02-20,06 мг/кг, кадмий 0,61-1,69 мг/кг шамасында болды.

Шыны зауыты ауданында мыс құрмы 1,7 ШЖШ, хром – 1,1 ШЖШ шамасында болды.

Аудандық аурухана аумағында мыс бойынша 4,7 ШЖШ, хром бойынша 1,3 ШЖШ шамасында артуы байқалды.

Жаңармай құю станциясы ауданында мыс құрамы 3,2 ШЖШ, хром – 1,5 ШЖШ шамасында болды.

Щучинск метеостанциясы ауданында мыс құрамы 2,6 ШЖШ, хром – 1,8 ШЖШ шамасында болды.

Теміржол вокзалы аумағында мыс бойынша 2,8 ШЖШ, хром бойынша – 1,6 ШЖШ шамасында нормадан асуы байқалды.

Щучинск қ. аумағында алынған топырақ сынамасында басқа ауыр металдардың құрамының рұқсат етілген нормадан асуы байқалмады.

Күз мезгілінде Щучинск қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром 0,35 - 1,02 мг/кг аралығында, мыс – 0,56 - 3,50 мг/кг, қорғасын – 0,35 - 0,94 мг/кг, мырыш – 18,12 - 29,84 мг/кг, кадмий – 0,27 - 1,24 мг/кг шамасында болды.

Аудандық аурухана ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 1,3 ШЖШ артуы анықталды. Мыс құрамы 1,0 ШЖШ деңгей шамасында болды.

Жаңармай құю станциясы ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 1,3 ШЖШ, мыс – 1,2 ШЖШ артуы анықталды.

Щучинск метеостанциясы ауданындағы топырақ сынамасында мырыш құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Теміржол вокзалы ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Шыны зауыты ауданында анықталатын барлық ауыр металдар құрамы норма шамасында болды.

Щучинск қ. аумағында алынған топырақ сынамаларында басқа ауыр металдардың құрамы шекті жол берілген нормадан артуы байқалмады.

1.12 Ақмола облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 15 метеорологиялық стансада (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар,

Балкашино, «Боровое» КФМС, Егінлікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногор, Жалтыр, Бурабай, Щучье, Шортанды) бақылау жүргізіледі (1.10 -сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,06 – 0,29 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

1.13 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақмола облысында 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, «Боровое» КФМС) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (1.10-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 3,7 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1.9 сур. Ақмола облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

2 Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі

2.1 Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (2.1-сур., 2.1-кесте).

2.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Авиақалашық, 14	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
4	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Белинский көш., 5	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, формальдегид, хром
5			Ломоносовкөш., 7	Қалқыма бөлшектер (шаң), сульфаттар, көміртегі оксиді, азота оксидіжәнедиоксиді, формальдегид
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рысқұлов көш., 4 Г	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан
3			Есет-батыр көш., 109А	
6			Жанқожа-батыркөш., 89	



2.1-сурет. Ақтөбе қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (2.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды. АЛИ=6 (көтеріңкі деңгей), СИ=30 (>10 өте жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша (№2 бекет аумағында) құрады.

*2017 жылы 28 қаңтарда, 8 наурызда, 20,21,22,25,27,28,29,30 сәуірде, 5,6,14,24 мамырда, 8,17,23,24,29,30 маусымда 1,3,4, 12,13,14,15,16,18,26,27,28,30,31 шілдеде, 2,22,25,28,29,30 тамызда, 1,2,3 қыркүйекте №2 автоматты бекетте күкіртті сутегі бойынша (10,04-29,94 ШЖШ) 141 ЖЛ және 3 ЭЖЛ (20,1-21,68 ШЖШ) анықталды (2-кесте).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштерінің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озон (жербеті) орташа шоғырлары 2,8 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 3,1 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 6,3 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 7,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 4,8 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 29,94 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, формальдегид – 3,3 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

2.2 Қандыағаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қандыағаш қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Западная көшесі, №2 нүкте – Сейфуллин көшесі) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№1 нүктеде аммиактың шоғыры 6,9 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегінің - 4,9 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксидінің шоғыры - 1,5 ШЖШ_{м.б.} құрады.

№2 нүктеде аммиактың шоғыры 8,8 ШЖШ_{м.б.}; күкіртті сутегінің шоғыры – 3,1 ШЖШ_{м.б.}; күкірт диоксидінің шоғыры - 1,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксидінің шоғыры - 1,4 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау мәліметтері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (2.2-кесте).

2.2-кесте

Қандыағаш қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,05	0,16	0,06	0,20
Күкірт диоксиді	0,005	0,010	0,91	1,8
Көміртегі оксиді	7,5	1,5	7,0	1,4
Азот диоксиді	0,02	0,095	0,03	0,16
Азот оксиді	0,01	0,02	0,02	0,05
Күкіртті сутегі	0,04	4,9	0,025	3,1
Аммиак	1,38	6,9	1,76	8,8
Формальдегид	0	0	0	0

2.3 Кеңқияқ қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Кеңқияқ қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Қазақтың мұнайына 100 жыл к., №2 нүкте – 5бүй) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Көміртегі оксидінің максималды бірлік шоғырлары №1 нүктеде 2,0 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері 1,43 ШЖШ_{м.б.}. №2 нүктеде көміртегі оксидінің шоғыры 1,7 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау мәліметтері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (2.3-кесте).

**Кеңқияққаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры**

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,43	1,43	0,05	0,16
Күкірт диоксиді	0,01	0,01	0,01	0,01
Көміртегі оксиді	9,8	2,0	8,6	1,7
Азот диоксиді	0,03	0,16	0,04	0,20
Азот оксиді	0,01	0,02	0,01	0,03
Күкіртті сутегі	0,01	0,625	0,0001	0,063
Аммиак	0,03	0,15	0,01	0,04
Формальдегид	0,002	0,04	0,002	0,04

**2.4 Ақтөбе облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның
химиялық құрамы**

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияларда (Ақтөбе, Аяққұм, Жағабұлақ, Мұғалжар, Новороссийское, Шалқар) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (2.2-сурет).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Кадмий шоғыры Аяққұм МС – 1,5 ШЖШ, Мұғалжар МС – 1,4 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 33,1 %, сульфаттар 26,7 %, хлоридтер 10,05 %, кальций иондары 9,04 %, натрий иондары 8,4 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Аяққұм МС – 118,2 мг/л, ең азы Жағабұлақ МС – 21,7 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 35,0 мкСм/см-ден (Жағабұлақ МС) 196,0 мкСм/см (Аяққұм МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқыл, сілтісі аз сипатта болып, 5,5 (Жағабұлақ МС) – 6,9 (Аяққұм МС) аралығында болды.

**2.5 Ақтөбе облысы бойынша 2016-2017 жж. арналған
қар жамылғысының химиялық құрамы**

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияда (Ақтөбе, Ырғыз, Жағабұлақ, Мұғалжар, Новороссийское, Шалқар) жүргізілді (2.2-сурет).

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары рұқсат етілген нормадан (ШЖШ) аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 43,7 %, сульфаттар 21,2 %, кальций иондары 8,8 %, натрий ионы 7,82 %, хлоридтер 6,04 %, магний 4,1 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Ақтөбе МС – 51,51 мг/л, ең азы Жағабулак МС - 11,32 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 20,10 См/см-ден (Жағабулак МС) 74,60 мкСм/см (Ақтөбе МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл және сілтісі аз сипатта болып, 4,46 (Жағабулак МС) – 6,31 (Ақтөбе МС) аралығында болды



2.2 сур. Ақтөбе облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

2.6 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 12 су нысанында: Елек, Ор, Ембі, Темір, Қарғалы, Қосестек, Ырғыз, Қара Қобда, Үлкен Қобда, Ойыл, Ақтасты өзендері мен Шалқар көлінде жүргізілді.

Елек өзені – Жайық өзенінің көпсулы сол жақ саласы. Өзен суының температурасы 0 – 26°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,68, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,24 мг/дм³, ОБТ₅ 2,28 мг/дм³. Биогенді элементтер (бор (3+) – 7,8 ШЖШ, тұзды аммоний – 3,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 5,2 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,4 ШЖШ, марганец (2+) – 4,4 ШЖШ, хром (6+) – 4,2 ШЖШ, хром (3+) – 3,0 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар-1,2 ШЖШ).

Ор өзенінде су температурасы 8 - 24°С, сутегі көрсеткіші 7,82, судағы еріген оттегінің концентрациясы - 11,09 мг/дм³, ОБТ₅- 2,49 мг/дм³. Тұзды аммоний – 3,0 ШЖШ, ауыр металдар (мыс (2+) – 5,8 ШЖШ, марганец (2+) – 5,7 ШЖШ),

органикалық заттар (фенолдар - 2,2 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ембі өзенінде су температурасы 5– 24°C, сутегі көрсеткіші -7,80, судағы еріген оттегінің концентрациясы- 10,0 мг/дм³, ОБТ₅ - 2,14 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,4 ШЖШ, тұзды аммоний – 4,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 10,5 ШЖШ, марганец (2+) – 4,3 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,2 ШЖШ), органикалық заттар (фенол – 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырдан асқандығы тіркелді.

Темір өзені суының температурауасы 8-22°C, сутегі көрсеткіші - 7,87, судағы еріген оттегінің концентрациясы - 9,32 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,55 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 7,7 ШЖШ, марганец (2+) – 4,7 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері – 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қарғалы өзенінде су температурасы 2,2 - 19°C, сутегі көрсеткіші 7,59, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,16 мг/дм³, ОБТ₅ 2,68 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) -14,8 ШЖШ, мырыш (2+)- 2,0 ШЖШ, марганец (2+) – 4,8 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері- 1,7 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Қосестек өзені суының температурасы 2 - 19°C, сутегі көрсеткіші 7,65, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,28 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,54 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) - 8,4 ШЖШ, мырыш (2+)- 2,4 ШЖШ, марганец (2+) – 5,2 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Ырғыз өзенінде су температурасы 8,8 – 23°C, сутегі көрсеткіші 7,91, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,46 мг/дм³, ОБТ₅ 3,31 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,0 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 7,4 ШЖШ, марганец (2+) – 5,6 ШЖШ), органикалық заттар (фенол – 1,2 ШЖШ, мұнай өнімдері – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қара Қобда өзені су температурасы 2 - 20°C, сутегі көрсеткіші 7,81, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,34 мг/дм³, ОБТ₅ 3,08 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 7,8 ШЖШ, марганец (2+) – 2,2 ШЖШ), органикалық заттар (фенол – 1,4 ШЖШ, мұнай өнімдері – 2,1 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырдан асқандығы тіркелді.

Үлкен Қобда өзені су температурасы 4 - 19°C, сутегі көрсеткіші 7,90 судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,35 мг/дм³, ОБТ₅ 2,59 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер - 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний -1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)- 8,6 ШЖШ, мырыш (2+)- 1,2 ШЖШ, марганец (2+) – 4,6 ШЖШ) бойынша нормадан асуы байқалды.

Ойыл өзенінде су температурасы 11 - 24°C, сутегі көрсеткіші 8,22, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,90 мг/дм³, ОБТ₅ 3,09 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,5 ШЖШ, хлоридтер – 1,7 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 8,2 ШЖШ, марганец (2+) – 2,8 ШЖШ), органикалық заттар (фенол – 1,2 ШЖШ, мұнай өнімдері – 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалған.

Ақтасты өзені су температурасы 1,8 - 23°C, сутегі көрсеткіші 7,69, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,06 мг/дм³, ОБТ₅ 2,96 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 4,2 ШЖШ, марганец (2+) – 4,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенол – 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Шалқар көлінде су температурасы 14,8 - 29°C, сутегі көрсеткіші 8,11, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,18 мг/дм³, ОБТ₅ 3,66 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,1 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,0 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 4,8 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,4 ШЖШ, марганец (2+) – 4,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалған.

Ақтөбе облысы су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейіндегі»* су – Ембі, Ойыл, Ақтасты, Қара Қобда, Үлкен Қобда, өзендері мен Шалқар көлі; *«ластанудың жоғары деңгейіндегі»* су – Елек, Ор, Ырғыз, Темір, Қарғалы, Қосестек өзендері.


2016 жылмен салыстырғанда Елек, Қосестек, Ақтасты, Ойыл, Ор, өзендері мен Шалқар көлінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген; Үлкен Қобда, Қара Қобда, Ембі өзендерінде жақсарған; Ырғыз, Қарғалы, Темір нашарлаған.

Оттегіні 5 тәулікте тұтыну (ОБТ₅) шамасы бойынша су сапасы келесі түрде бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейінде»* су – Қосестек, Қара Қобда, Ойыл, Ырғыз өзендері, Шалқар көлі; *«нормативті таза»* су – Елек, Ембі, Ақтасты, Ор, Қарғалы, Үлкен Қобда, Темір өзендері.

2016 жылмен салыстырғанда ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы Ақтасты, Үлкен Қобда жақсарған; Елек, Қарғалы, Ор, Темір, Қосестек, Ойыл, Қара Қобда, Ембі өзендері мен Шалқар көлінде айтарлықтай өзгермеген; Ырғыз өзенінде – нашарлаған;

Оттегі режимі бірқалыпты.

Ақтөбе облыс аумағындағы Елек өзенінде 15 жоғары ластану (ЖЛ) және 1 экстремалды жоғары жағдайлары (ЭЖЛ) тіркелді (5-кесте).



2.3сур. Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

2.7 2017Ақтөбе облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Ақтөбе қаласының түрлі аудандарда алынған топырақ сынамасында қорғасын – 2,40-16,70 мг/кг, хром – 1,25-2,15 мг/кг және мырыш – 9,05-15,50 мг/кг, мыс – 1,50-2,15 мг/кг, кадмий - 0,12-0,41 мг/кг шамасында болды.

№16 мектеп, Түргенев к., авиақалашық, теміржол бекеті ауданында, АЗФ зауыты аудандарында анықталатын қоспалар концентрациясы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Күз мезгілінде Ақтөбе қаласының түрлі аудандарда алынған топырақ сынамаларында мырыш – 20,5 - 36,2 мг/кг, мыс – 2,55 - 8,5 мг/кг, қорғасын – 1,5 - 2,5 мг/кг, хром – 1,1 - 1,89 мг/кг, кадмий – 0,1-0,26 мг/кг шамасында болды.

№16 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 1,4 ШЖШ, мыс – 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Авиақалашық ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 2,8 ШЖШ, мырыш – 1,6 ШЖШ артуы анықталды.

Теміржол бекеті ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,5 ШЖШ, мырыш – 1,2 ШЖШ артуы анықталды.

АЗФ зауыты ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 2,0 ШЖШ, мырыш – 1,4 ШЖШ артуы анықталды.

Түргенев к. Ауданындағы анықталатын барлық қоспалар шоғыры норма шамасында болды.

2.8 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық стансада (Ақтөбе, Қарауылгелді, Новоалексеевка, Родниковка, Уіл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, №3 ЛББ)2 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (2.4 сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04 – 0,29 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

2.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Шалқар) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.4 сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 4,0 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.4 сур. Ақтөбе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі

3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).

3.1 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Амангелді көшесі, Сәтпаев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
12	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр көшесінің бұрышы	
16			Айнабұлақ-3 шағынауданы	
25			Маречек көшесі, Б.Момышұлы көшесінің бұрышы	
26			Тастақ-1 шағынауданы, Төлебикөшесі, 249	
27 (жер үсті)	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Медео метеостансасы, Горная көшесі, 548	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
28 (жер үсті)			аэрологиялық станса (Әуежай ауданы) Ахметов көшесі, 50	
29 (жер үсті)			Түркісіб ауданының ИДАБ Р. Зорге көшесі, 14	
31 (жер үсті)			Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	
30 (жер үсті)			«Шаңырақ» ш-а, №26 мектеп, Жанқожа батыр көш., 202	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
1 (биік)			Д.А.Қонаев ат. «Тау-кен ісі институты» Абай даңғ., 191	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
2 (биік)			Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Тимирязев көш., 74	
3 (биік))			Рысқұлбеков көш., 28, «КазГАСА» АҚ	
4 (биік)			Алатау ауд. Әкімшілігі, Шаңырақ-2 ш-а, ул.	

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
5 (биік)			Жанқожа батыркөш.,26	
6 (биік)			Қ.Сәтпаев ат. ҚазҰТУ , Қ.Сәтпаев көш., 22	
			Пушкинкөш., 72 (Медеу ауданы әкімшілігінің ғимараты)	



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Қалада жалпыатмосфералық ауаның ластану деңгейі көтеріңкіболып бағаланды. АЛИ=6(көтеріңкі деңгей), СИ=4 (көтеріңкі деңгей) РМ-2,5 қалқыма бөлшектерімен(№30-бекет аумағында) , ЕЖҚ=37% (жоғары деңгей) азот диоксидімен (№ 12-бекет аумағында)құрады (сұр.1,2).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфераның ластану деңгейі «жоғарыдан» «көтеріңкіге» төмендеді.

Қалқыма бөлшектер (шаң) орташа шоғырлары– 1,1 ШЖШ_{0.т.}, күкірт диоксиді– 1,1 ШЖШ_{0.т.}, азот диоксиді-1,8 ШЖШ_{0.т.}, формальдегид – 1,2ШЖШ_{0.т.}, ауыр металдардың бар болуы және басқа ластаушы заттар – ШЖШ дан аспады.

Қалқыма бөлшектер (шаң) максималды-бірлік шоғырлары 1,4 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер PM_{2,5}- 4,4 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер PM₁₀-3,5 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді-3,5ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 4,1 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді– 2,5ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді– 1,8 ШЖШ_{м.б.}, фенол– 1,4 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

3.2 Талғар ауданы Талғар қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Талғар қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте - Әзірбаев көшесі, №2 нүкте – Бокин көшесі) жүргізілді. Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау мәліметтері бойынша барлық ластаушы заттардың концентрациясы шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.2-кесте).

3.2-кесте

Талғар қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,07	0,14	0,09	0,19
Күкірт диоксиді	0,088	0,18	0,083	0,17
Көміртегі оксиді	4,4	0,9	4,1	0,8
Азот диоксиді	0,024	0,12	0,019	0,09
Азот оксиді	0,014	0,03	0,018	0,05
Фенол	0,004	0,4	0,003	0,3
Формальдегид	0,005	0,1	0,005	0,1

3.3 Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Есік қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте –Тоқатаев көшесі, №2 нүкте – Абай көшесі,87) жүргізілді. Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№ 1 нүктедеқалқыма бөлшектер (шаң) шоғыры 1,14 ШЖШ құрады.

Бақылау мәліметтері бойынша басқа ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.3-кесте).

3.3-кесте

Есік қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,6	1,14	0,1	0,3
Күкірт диоксиді	0,022	0,044	0,046	0,092
Көміртегі оксиді	2,9	0,6	4,6	0,9

Азот диоксиді	0,03	0,13	0,02	0,10
Азот оксиді	0,02	0,06	0,02	0,05
Фенол	0,007	0,71	0,003	0,3
Формальдегид	0,005	0,1	0,003	0,5

3.4 Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Түрген ауылында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Құлмамбет көшесі, 1; №2 нүкте – Құлмамбет көшесі, 145) жүргізілді. Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау мәліметтері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.4-кесте).

3.4-кесте

Түрген ауылының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,1	0,2	0,2	0,34
Күкірт диоксиді	0,02	0,04	0,04	0,08
Көміртегі оксиді	3,5	0,7	4,8	0,99
Азот диоксиді	0,02	0,10	0,015	0,07
Азот оксиді	0,01	0,02	0,01	0,02
Фенол	0,002	0,2	0,002	0,2
Формальдегид	0,004	0,09	0,05	0,98

3.5 Іле ауданы Өтеген Батыр кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Өтеген Батыр кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Пушкин көшесі, 31; №2 нүкте – Гагарин көшесі, 6) жүргізілді. Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№ 1 нүктеде формальдегидтің шоғыры 4,4 ШЖШ құрады.

Бақылау мәліметтері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.5-кесте).

3.5-кесте

Өтеген Батыр кентінің бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,3	0,6	0,08	0,15

Күкірт диоксиді	0,1	0,2	0,09	0,18
Көміртегі оксиді	4,2	0,9	3,9	0,8
Азот диоксиді	0,02	0,12	0,02	0,10
Азот оксиді	0,037	0,09	0,01	0,02
Фенол	0,009	0,9	0,007	0,7
Формальдегид	0,222	4,4	0,007	0,15

3.6 Іле ауданы Боралдай қала үлгісіндегі кенттің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Боралдай қала үлгісіндегі кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте –Әкімшілік, №2 нүкте – әуежайлық) жүргізілді. Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау мәліметтері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.6-кесте).

3.6-кесте

Боралдай қала үлгісіндегі кентініңбақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,08	0,16	0,09	0,18
Күкірт диоксиді	0,06	0,12	0,096	0,19
Көміртегі оксиді	4,3	0,9	4,1	0,8
Азот диоксиді	0,02	0,11	0,02	0,12
Азот оксиді	0,05	0,13	0,02	0,05
Фенол	0,002	0,2	0,003	0,3
Формальдегид	0,043	0,86	0,05	0,99


3.7 Талдықорған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (3.2-сур., 3.7-кесте).

3.7- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), аммиак, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді азот оксиді, күкірттісутек, формальдегид
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Абай көш., 337/339	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді, күкірттісутегі, аммиак



3.2-сурет. Талдықорған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі төмен болып бағаланды (3.2-сур.). АЛИ=4(төмен деңгей) құрады. СИ=6(көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=4%(көтеріңкі деңгей) (1,2 сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Азот диоксиді орташа шоғырлары– 1,3 ШЖШ_{о.т.} құрады, азот оксиді орташа– 1,0 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластанушы заттар орташа шоғырлары ШЖШ дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді– 3,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді– 3,3 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді– 5,5 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,2 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,8 ШЖШ_{м.б.} құрады (1-кесте).

3.8 Алматы облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияларда (Алматы, Ауыл-4, Есік, Қапшағай, Мыңжылқы, Текелі) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (3.3-сурет).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол етілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Кадмий шоғыры Ауыл-4 МС 1,1 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 39,2 %, сульфаттар 20,4 %, хлоридтер 9,3 %, кальций иондары 9,2 %, натрий иондары 7,6 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Ауыл-4 МС – 98,3 мг/л, ең азы Есік МС– 13,98 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 24,7 мкСм/см-ден (Есік МС) 164,0 мкСм/см (Ауыл-4 МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы орташа, сілтісі аз сипатта болып, 5,7(Есік МС) – 6,7 (Ауыл-4 МС) аралығында болды.

3.9 Алматы облысы бойынша 2016-2017 жж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Алматыагро, Мыңжылқы, Текелі) (3.3-сур.) жүргізілді.

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары, кадмийді қоспағанда шекті жол берілген шоғырлардан аспады.


Алматы агро метеостанциясында алынған қар сынамаларында кадмий шоғыры 1,1 ШЖШ асуы байқалған.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 37,54%, сульфаттар 14,79 %, кальций иондары 10,3 %, хлоридтер 7,67 %, аммоний 4,42% және натрий иондары 4,35 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Алматы агро МС – 21,52 мг/л, ең азы Мыңжылқы МС - 7,32 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 11,7 мкСм/см-ден (Мыңжылқы МС) 36,3 мкСм/см (Алматы агро МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл және орташа сипатта болып, 5,16 (Мыңжылқы МС) – 5,73 (Алматы агро МС) аралығында болды.



3.3 сур. Алматы облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

3.10 Алматы облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Алматы Алматы облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 33 су нысанында (Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шілік, Шарын, Баянкөл, Қаскелен, Қарқара, Есік, Түрген, Талғар, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Тентек, Жамаманты, Ырғайты, Емел, Қатынсу, Ұрджар, Егінсу, өзендері, Құрты, Бартоғай, Қапшағай су қоймалары, Үлкен Алматы, Балқаш, Сасықкөл, Жаланаşkөл, Алакөл көлдері) жүргізілді.

Іле өзенінің басы Қытай территориясы Тянь-Шань тау етегінен бастау алады және Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі боп саналады. Алматы облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шілік, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы өзенінің тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Еміл, Қатынсу, Ұржар, Егінсу өзендері, Алакөл көліне құйылады.

Іле өзенінде судың температурасы 0,1-23,8^оС шегінде, сутегі көрсеткіші 8,02, судағы еріген оттектің концентрациясы -11,4 мг/дм³, ОБТ5 - 1,37 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)–1,8 ШЖШ,) және биогенді заттар (жалпы темір–2,4 ШЖШ, нитритті азот -2,0 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Текес өзенінде судың температурасы 0,8-15,6^оС шегінде, сутегі көрсеткіші 8,03, судағы еріген оттегінің шоғыры -10,7 мг/дм³, ОБТ5 -1,29 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 2,6 ШЖШ, марганец (2+)– 3,7 ШЖШ) , биогенді заттар (жалпы темір – 2,5 ШЖШ, нитритті азот-1,2 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қорғас өзенінде судың температурасы 0,9-18,4 ^оС шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,98, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,6 мг/дм³, ОБТ5 – 1,36 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 3,1 ШЖШ, марганец (2+)– 3,4 ШЖШ) және биогенді заттар (жалпы темір – 4,8 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қапшағай су қоймасында судың температурасы 0,7-24,5 ^оС шегінде, сутегі көрсеткіші 8,10, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,1 мг/дм³, ОБТ5 – 1,27 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,4 ШЖШ) ,биогенді заттар (фторидтер- 1,1 ШЖШ, нитритті азот-1,1 ШЖШ)және негізгі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Балқаш көлінде судың температурасы 9,9- 25,3 ^оС шегінде, сутегі көрсеткіші 8,80, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,4 мг/дм³, ОБТ5 – 1,66 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 17,0 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,7 ШЖШ, марганец -1,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,5 ШЖШ, фторидтер- 4,2 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 20,2 ШЖШ, натрий – 9,6 ШЖШ, магний- 7,4 ШЖШ, хлоридтер – 3,6 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Алакөл көлінде судың температурасы 14,5-26,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,58, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,1 мг/дм³, ОБТ5 – 1,34 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 18,5 ШЖШ, мырыш (2+)– 2,1 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот-1,7 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,4 ШЖШ, фторидтер- 2,0 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 14,0 ШЖШ, натрий – 6,7 ШЖШ, магний- 5,3 ШЖШ, хлоридтер – 2,6 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Шарын өзенінде судың температурасы 2,5- 17,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,16, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,3 мг/дм³, ОБТ5 1,68 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 1,3 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) –1,1 ШЖШ, марганец (2+)-1,2 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Шілік өзенінде судың температурасы 2,5-17,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,02, судағы еріген оттегінің шоғыры - 9,83 мг/дм³, ОБТ5 - 1,75 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –1,9 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Баянқол өзенінде судың температурасы 1,2-13,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,01, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,0 мг/дм³, ОБТ5 1,72 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –1,7 ШЖШ, фторидтер- 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) –1,1 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Күрті су қоймасында судың температурасы 2,6-17,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,19, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,8 мг/дм³, ОБТ5 – 1,25 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 3,0 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот-2,4 ШЖШ, фторидтер- 1,4 ШЖШ, жалпы темір –1,3 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 2,7 ШЖШ, натрий -1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Бартоғай су қоймасында судың температурасы 3,2-17,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,05, судағы еріген оттегінің шоғыры - 10,8 мг/дм³, ОБТ5 - 1,17 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,2 ШЖШ, марганец(2+)- 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,9 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Есік өзенінде судың температурасы 1,8-14,7 °С, сутегі көрсеткіші 7,96, судағы еріген оттегінің шоғыры - 11,5 мг/дм³, ОБТ5 - 2,01 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –1,5 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қаскелен өзенінде судың температурасы 2,2-21,4°С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,10, судағы еріген оттегінің шоғыры - 11,4 мг/дм³, ОБТ5 - 1,58 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір –1,6 ШЖШ, фторидтер- 1,3 ШЖШ, нитритті азот-2,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қарқара өзенінде судың температурасы 3,1-16,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,15, судағы еріген оттегінің шоғыры - 10,8 мг/дм³, ОБТ5 - 1,37 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,4 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Түрген өзенінде судың температурасы 0,8-14,8°С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,00, судағы еріген оттегінің шоғыры - 11,2 мг/дм³, ОБТ5 - 1,62

мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Талғар өзенінде судың температурасы 1,5-16,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,01 судағы еріген оттегінің шоғыры -11,3 мг/дм³, ОБТ5- 1,30 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –3,5 ШЖШ, фторидтер- 1,2 ШЖШ, нитритті азот-1,2 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Темірлік өзенінде судың температурасы 0,4-15,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,14, еріген оттегінің шоғыры -11,0 мг/дм³, ОБТ5 -1,35 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,3 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Үлкен Алматы көлінде судың температурасы 1,3-12,3°С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,00, еріген оттегінің шоғыры – 11,2 мг/дм³, ОБТ5 – 1,22 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 3,1 ШЖШ) және ауыр металдар (мыс (2+) – 2,1 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Кіші Алматы өзенінде судың температурасы 2,4-16,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,99, еріген оттегінің шоғыры – 11,6 мг/дм³, ОБТ5 – 1,40 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,8 ШЖШ), және биогенді заттар (нитритті азот-1,7 ШЖШ, жалпы темір – 1,9 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Үлкен Алматы өзенінде судың температурасы 1,8-16,1°С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,01, еріген оттегінің шоғыры –11,5 мг/дм³, ОБТ5-1,34 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,5 ШЖШ) және биогенді заттар (жалпы темір – 2,1 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Есентай өзенінде судың температурасы 0,3-16,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,09, еріген оттегінің шоғыры – 11,7 мг/дм³, ОБТ5 – 1,42 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,7 ШЖШ) және биогенді заттар (жалпы темір – 2,0 ШЖШ, нитритті азот- 2,2 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Сасықкөлде судың температурасы 21,7-23,7 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,25, судағы еріген оттегінің шоғыры -9,00 мг/дм³, ОБТ5 -1,45 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 2,9 ШЖШ, марганец (2+)– 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,2 ШЖШ, тұзды аммоний -2,4 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Жалаңашкөл көлінде судың температурасы 21,2-25,0°С шегінде, сутегі көрсеткіші 9,15, судағы еріген оттектің концентрациясы -9,2 мг/дм³, ОБТ5-1,33 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)–14,2 ШЖШ, марганец (2+)– 1,9 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,9 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер -2,9 ШЖШ, жалпы темір – 1,3 ШЖШ, тұзды аммоний -1,2 ШЖШ), негізгі иондар (магний –2,4 ШЖШ, натрий – 5,3 ШЖШ, сульфаттар –12,1 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Ақсу өзенінде судың температурасы 19,2-19,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,15, судағы еріген оттегінің шоғыры -9,40 мг/дм³, ОБТ5 – 1,52 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 3,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)–1,4 ШЖШ, марганец (2+)– 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Лепсі өзенінде судың температурасы 18,0-23,4°С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,97, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,70 мг/дм³, ОБТ5 – 1,54 мг/дм³. Ауыр

металдар (мыс (2+)– 3,3 ШЖШ, марганец (2+)– 1,5 ШЖШ) және биогенді заттар (жалпы темір – 3,8 ШЖШ, тұзды аммоний -1,1 ШЖШ , нитритті азот -1,8 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қаратал өзенінде судың температурасы 18,3-21,2°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,97, судағы еріген оттектің концентрациясы 9,83 мг/дм³, ОБТ5 1,60 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс(2+) –2,1 ШЖШ, марганец(2+) -1,5 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір– 5,7 ШЖШ, нитритті азот- 2,0 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Тентек өзенінде судың температурасы 12,0-16,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,00, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,0 мг/дм³, ОБТ5 1,73 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,1 ШЖШ, марганец (2+) 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір -3,2 ШЖШ, нитритті азот -1,4 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Жаманты өзенінде судың температурасы 14,7-18,2°С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,13, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,36 мг/дм³, ОБТ5 – 1,34 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,4 ШЖШ) және биогенді заттар (нитритті азот -1,2 ШЖШ, жалпы темір -1,7 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Ырғайты өзенінде судың температурасы 17,2-20,7°С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,09, судағы еріген оттегінің шоғыры -9,87 мг/дм³, ОБТ5 – 1,62 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 2,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Емел өзенінде судың температурасы 17,9-18,5°С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,14, судағы еріген оттектің концентрациясы 9,19 мг/дм³, ОБТ5 1,48 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 7,8 ШЖШ, марганец(2+)- 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,2 ШЖШ, тұзды аммоний -2,8 ШЖШ , нитритті азот -4,6 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар –2,5 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қатынсу өзенінде судың температурасы 16,8-18,1°С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,16, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,65 мг/дм³, ОБТ5 1,17 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 2,7 ШЖШ, марганец(2+)- 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Үржар өзенінде судың температурасы 16,0-17,0°С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,00, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,44 мг/дм³, ОБТ5 – 1,45 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,6 ШЖШ, нитритті азот -1,3 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.


Егінсу өзенінде судың температурасы 19,3-26,1°С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,15, судағы еріген оттегінің шоғыры -9,14 мг/дм³, ОБТ5 – 1,31 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 2,1 ШЖШ) және ауыр металдар (мыс (2+)– 3,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: «*ластанудың орташа деңгейі*»-Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Іле, Баянкөл, Шарын, Шілік, Қаскелен, Қарқара, Есік, Талғар, Темірлік, Ақсу, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Қатынсу, Егінсу, Үржар, Лепсі, Қаратал, Түрген, Текес өзендері,


Қапшағай, Күрті, Бартоғай су қоймалары, Сасықкөл, Үлкен Алматы көлдері; «ластанудың жоғары деңгейіне»-Емел, Қорғас өзендері, Балқаш, Алакөл, Жалаңашкөл көлдері;

2016 жылмен салыстырғанда су сапасы Іле, Есентай, Үлкен Алматы, Емел, Баянкөл, Шарын, Қаскелен, Қарқара, Есік, Талғар, Темірлік, Қорғас, Лепсі, Қатынсу, Кіші Алматы өзендері, Қапшағай, Күрті, Бартоғай су қоймалары, Үлкен Алматы, Сасықкөл, Балқаш, Алакөл көлдерінде айтарлықтай өзгермеген; Шілік, Түрген өзендері, Жалаңашкөл көлінде нашарлаған; Үржар, Текес, Тентек, Ырғайты, Жаманты, Ақсу, Егінсу, Қаратал өзендерінде жақсарған.

Облыс аумағында Қорғас өзенінде 1 ЖЛ жағдайы тіркелген (5- кесте).



3.4сур. Алматы қаласы жер үсті сулары сапасының сипаттама



3.5 сур. Алматы облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



3.6 сур. Балқаш және Алакөл көлдері алабының жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

3.11 Балқаш көлі мен Алакөл-Сасықкөл көлдер жүйесі алабының жер үсті сулары түптік шөгінділерінің жай-күйі

Іле өзінің 8 бақылау нүктесі және Балқаш көлі мен Алакөл-Сасықкөл көлдер жүйесінің оңтүстік-шығыс бөлігі алабында 18 бақылау нүктесі бойынша түптік шөгінділер сынамасы алынды (кесте 2,3).

Түптік шөгінділер сынамасында ауыр металдар (күшән, қорғасын, кадмий, марганец) иондарының қышқылда еритін (жалпы) формалары мен өзгергіш формаларына (мыс, никель, хром, күшән) талдау жасалды.

Балқаш-Алакөл өзен-көлдері алабы және Іле өзені сағасытүптік шөгінділерінде ауыр металдардың мөлшері келесі кең аралықта өзгерген: кадмий 0,03-тен 0,15 мг/кг дейін, қорғасын 3,2 – 26,45 мг/кг, мыс 0,02 – 1,76 мг/кг, хром 0,04 – 2,41 мг/кг, никель 0,03 – 4,47 мг/кг, күшән 0,22 – 6,9 мг/кг, марганец 182,9 – 1033,6 мг/кг (кесте 2,3).

2 - кесте

Балқаш-Алакөл бассейні көлдерінің түптік шөгінділерін зерттеу нәтижелері

№	Сынаманы алу орны	Шоғыр, мг/кг						
		Cd	Pb	As	Mn	Ni	Cr	Cu
1	Лепсі өз. – Төлебаев кенті	0,05	8	4,5	250	0,39	0,15	0,54
2	Лепсы өз. – Лепсі бекеті	0,03	4,25	3,39	550,5	0,79	0,39	0,41
3	Ақсу өз. – Матай бекеті	0,04	5,95	4,5	525,1	0,62	0,16	0,9
4	Қаратал өз. – Талдықорған қаласы	0,12	26,45	6,02	812,8	0,28	0,28	0,35
5	Қаратал өз. – Үштөбе кенті.	0,13	18,35	6,9	641,7	0,52	0,25	0,88
6	Тентек өз. – Ынталы ауылы	0,09	7,55	5,5	707,1	0,35	0,31	0,99
7	Жаманты өз. - автокөпір	0,11	10,6	6,85	1033,6	0,28	0,18	0,56
8	Брғайлы өз. - автокөпір	0,07	12,95	0,84	761,6	0,12	0,16	0,33
9	Емел өз. – Емел гидробекеті	0,11	25,4	2,5	832,4	0,16	0,49	0,86
10	Қатынсу өз. – автокөпірі	0,13	9,7	2,55	943,3	0,96	0,44	1,76
11	Үржар өз. – Үржар қаласы	0,09	11,05	0,52	702,2	0,58	0,12	0,37
12	Егінсу өз. - автокөпір	0,09	4,2	4,31	865,9	0,42	0,10	0,59
13	Жалаңашкөл көлі – дамба	0,08	12,92	3,15	736,9	0,26	0,21	0,23
14	Сасықкөл көлі- оңтүстік бөлігіндегі су айдыны	0,11	15,8	1,91	647,9	0,44	0,16	1,4
15	Балқаш көлі – Қарашаған шығанағы	0,08	12,72	4,63	738,5	0,11	0,43	0,02
16	Балқаш көлі – Бүрлі Төбе	0,11	18,95	5,85	807,6	0,33	2,41	0,12
17	Балқаш көлі – Лепсі демалыс аймағы	0,04	6,93	5,85	695,2	0,15	0,17	0,03
18	Алакөл көлі – Ақшы ауылы	0,1	21,05	3,26	695,8	4,47	0,6	0,16

3-кесте

Іле өзенінің түптік шөгінділерін зерттеу нәтижелері

№	Сынаманы алу орны	Шоғыр, мг/кг						
		Cd	Pb	As	Mn	Ni	Cr	Cu

№	Сынаманы алу орны	Шоғыр, мг/кг						
		Cd	Pb	As	Mn	Ni	Cr	Cu
1	Іле өз. – Тамгалытас	0,09	10,6	0,47	203,1	0,03	0,36	0,16
2	Іле өз. – Тасмурун арнасы	0,04	4,52	0,22	182,9	0,68	0,08	0,06
3	Іле өз. – Баканас аулы	0,03	3,2	1,92	187,7	0,76	0,04	0,1
4	Іле өз. – Баканас арнасы	0,06	4,7	5,3	240,3	0,42	0,15	0,13
5	Іле өз. - Аккол аулы	0,15	16,83	2,4	598,3	2,44	0,78	0,43
6	Іле өз. – Жидели аулы	0,06	5,9	1,6	405,7	2,7	0,48	0,22
7	Іле өз. – Ир	0,08	7,3	0,62	263,1	0,94	0,48	0,26
8	Іле өз. – Конаева атын. көпір	0,05	4,5	0,37	224,6	0,43	0,14	0,11

3.12 Балқаш-Алакөл алабыкөлі мен Іле өзені топырағының ауыр металдармен ластану жай-күйі

2017 жылғы экспедициялық бақылау кезінде Іле өзені 8 бақылау нүктелерінен және Балқаш, Алакөл-Сасықкөл көлдер алабы су қорғау аймағы жағасынан 18 бақылау нүктелерінен топырақ сынамалары алынды (кесте 4,5).

Топырақ ауыр металдар (күшән, қорғасын, кадмий, марганец) иондарының қышқылда еритін (жалпы) формалары мен өзгергіш формаларына (мыс, никель, хром) талдау жасалды.

Іле өзені, Баканас арна бекетінде күшән 1,3 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Қаратал өзені, автокөлік аймағында күшән 3,6 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Қаратал өзені, Үштөбе кенті күшән 1,23 ШЖШ, қорғасын 1,31 нормадан асу еселігі байқалды.

Балқаш көлі – Қарашаған шығанағында күшән 2,25 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Балқаш көлі, Бүрлі Төбе - күшән 2,62 ШЖШ және қорғасын 1,50 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Балқаш көлі – Лепсі д/о күшән 2,72 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Жаланапкөл көлі, дамба күшән 1,65 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Лепсі өзені-Төлебайев аулында күшән 2,2 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Қатынсу өзені, автокөлік аймағы - күшән 1,39 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Алакөл көлі, Акчи ауылы – күшән 1,72 ШЖШ және қорғасын 1,15 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Жаманты өзені, автокөлік аймағы - күшән 4,05 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Тентек өзені, Ынталы ауылы - күшән 2,55 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Сасықкөл көлі - күшән 1,22 ШЖШ нормадан асу еселігі байқалды.

Қалған нүктелердегі топырақ сынамаларында ауыр металдардың мөлшері ШЖШ аспаған (кесте 4).

4-кесте

Іле өзені түптік шөгінділерінің ауыр металдармен ластану сипаттамасы

Сынама алу	Қоспа	2017жыл мамыр	
		Q, мг/кг	Q", ШЖШ
Іле өз. – Тамгалытас	Кадмий	0,11	
	Қорғасын	8,1	0,25
	Күшән	0,56	0,28
	Марганец	409,5	0,27
	Мыс	0,39	0,13
	Никель	0,33	0,08
	Хром	0,16	0,03
Іле өз. – Тасмурун арнасы	Кадмий	0,1	
	Қорғасын	13,41	0,42
	Күшән	0,45	0,23
	Марганец	355,4	0,24
	Мыс	1,09	0,36
	Никель	0,15	0,04
	Хром	0,23	0,04
Іле өз. – Баканас аулы	Кадмий	0,07	
	Қорғасын	6,2	0,19
	Күшән	1,63	0,82
	Марганец	324,6	0,22
	Мыс	2,1	0,7
	Никель	0,2	0,05
	Хром	0,08	0,01
Іле өз. – Баканас арнасы	Кадмий	0,05	
	Қорғасын	5,6	0,18
	Күшән	2,6	1,3
	Марганец	258,6	0,17
	Мыс	0,42	0,14
	Никель	0,04	0,01
	Хром	0,06	0,01
Іле өз. - Аккол аулы	Кадмий	0,14	
	Қорғасын	13,94	0,44
	Күшән	1,3	0,65
	Марганец	498,1	0,33
	Мыс	2,62	0,87
	Никель	0,64	0,16
	Хром	0,24	0,04
Іле өз. – Жидели аулы	Кадмий	0,1	
	Қорғасын	10,11	0,32
	Күшән	1,7	0,85
	Марганец	361,4	0,24
	Мыс	1,8	0,6
	Никель	0,18	0,05
	Хром	0,2	0,03
Іле өз. – Ир	Кадмий	0,13	
	Қорғасын	14,38	0,45
	Күшән	0,60	0,3

Сынама алу	Қоспа	2017жыл мамыр	
		Q, мг/кг	Q", ШЖШ
	Марганец	729,3	0,49
	Мыс	1,78	0,59
	Никель	0,22	0,06
	Хром	0,38	0,06
Іле өз. – Конаева атын. көпір	Кадмий	0,05	
	Қорғасын	4,84	0,15
	Күшән	0,49	0,25
	Марганец	175,9	0,12
	Мыс	0,28	0,09
	Никель	0,16	0,04
	Хром	0,07	0,01

5-кесте

Балқаш-Алакөл бассейні көлдерінің түптік шөгінділерінің ауыр металдармен ластану сипаттамасы

Сынама алу	Қоспа	2017жыл	
		Q", мг/кг	Q", ШЖШ
Қаратал өз. - Талдықорған қаласы	Кадмий	0,13	
	Қорғасын	21,71	0,68
	Күшән	7,20	3,6
	Марганец	1254,2	0,84
	Никель	0,42	0,11
	Хром	0,35	0,06
	Мыс	0,42	0,14
Қаратал өз.– Үштөбе аулы	Кадмий	0,48	
	Қорғасын	42,0	1,31
	Күшән	2,45	1,23
	Марганец	717,8	0,48
	Никель	0,79	0,20
	Хром	0,26	0,04
	Мыс	1,39	0,46
Ақсу өз.–Матай станциясы	Кадмий	0,06	
	Қорғасын	8,05	0,25
	Күшән	3,08	1,54
	Марганец	594,8	0,40
	Никель	0,59	0,15
	Хром	0,19	0,03
	Мыс	0,64	0,21
Лепсі өз.-Төлебайев аулы	Кадмий	0,07	
	Қорғасын	15,27	0,48
	Күшән	4,40	2,2
	Марганец	557,3	0,37
	Никель	0,43	0,11
	Хром	0,18	0,03
	Мыс	0,81	0,27
Лепсі өз.– Лепсі станциясы	Кадмий	0,035	
	Қорғасын	5,27	0,16
	Күшән	1,65	0,83
	Марганец	689,8	0,46
	Никель	0,67	0,17

Сынама алу	Қоспа	2017жыл	
		Q", мг/кг	Q", ШЖШ
	Хром	0,13	0,02
	Мыс	0,38	0,13
	Кадмий	0,16	
Балқаш көлі –Карашаған шығанағы	Қорғасын	14,77	0,46
	Күшән	4,50	2,25
	Марганец	796,8	0,53
	Никель	0,16	0,04
	Хром	0,37	0,06
	Мыс	0,09	0,03
	Кадмий	0,31	
Балқаш көлі – Бүрлі-Төбе	Қорғасын	48,05	1,50
	Күшән	5,25	2,62
	Марганец	837,9	0,56
	Никель	0,60	0,15
	Хром	1,57	0,26
	Мыс	0,63	0,21
	Кадмий	0,10	
Балқаш көлі –Лепсі демалыс орны	Қорғасын	10,22	0,32
	Күшән	5,44	2,72
	Марганец	805,9	0,54
	Никель	0,25	0,06
	Хром	0,12	0,02
	Мыс	0,10	0,03
	Кадмий	0,15	
Сасықкөл көлі – оңтүстік бөлігіндегі су айдыны	Қорғасын	14,27	0,45
	Күшән	2,45	1,22
	Марганец	685,4	0,46
	Никель	0,38	0,10
	Хром	0,24	0,04
	Мыс	0,53	0,18
	Кадмий	0,11	
Тентек өз. – Ынталы ауылы	Қорғасын	10,55	0,33
	Күшән	5,10	2,55
	Марганец	787,4	0,52
	Никель	0,51	0,13
	Хром	0,15	0,03
	Мыс	0,47	0,16
	Кадмий	0,45	
Алакөл көлі – Ақшиаул	Қорғасын	36,75	1,15
	Күшән	3,45	1,72
	Марганец	766,4	0,51
	Никель	2,49	0,62
	Хром	0,49	0,08
	Мыс	0,54	0,18
	Кадмий	0,23	
Жалаңашкөл көлі – дамба	Қорғасын	23,17	0,72
	Күшән	3,31	1,65
	Марганец	909,3	0,61
	Никель	0,44	0,11
	Хром	0,15	0,02
	Мыс	0,50	0,17
	Кадмий	0,35	
Емел өз. –Емел гидробекеті	Қорғасын	24,05	0,75

Сынама алу	Қоспа	2017жыл	
		Q", мг/кг	Q", ШЖШ
	Күшән	0,60	0,30
	Марганец	1092,5	0,73
	Никель	0,27	0,07
	Хром	0,20	0,03
	Мыс	0,75	0,25
Қатынсу өз. – автокөпір	Кадмий	0,13	
	Қорғасын	12,2	0,38
	Күшән	2,78	1,39
	Марганец	1046,1	0,70
	Никель	0,87	0,22
	Хром	0,60	0,10
	Мыс	1,46	0,49
Үржар өз.– Үржар қаласы	Кадмий	0,13	
	Қорғасын	17,32	0,54
	Күшән	0,41	0,20
	Марганец	930,7	0,62
	Никель	0,62	0,15
	Хром	0,12	0,02
	Мыс	0,44	0,15
Егінсу өз. – су қоймасынан төмен	Кадмий	0,11	
	Қорғасын	11,0	0,34
	Күшән	1,68	0,84
	Марганец	1023,2	0,68
	Никель	0,65	0,16
	Мыс	0,71	0,24
Ырғайлы өз.- автокөпір	Кадмий	0,12	
	Қорғасын	15,56	0,49
	Күшән	0,85	0,43
	Марганец	807,5	0,54
	Никель	0,25	0,06
	Мыс	0,32	0,11
Жаманты өз. - автокөпір	Кадмий	0,14	
	Қорғасын	12,3	0,38
	Күшән	8,10	4,05
	Марганец	787,9	0,53
	Никель	0,34	0,09
	Мыс	0,23	0,04
		0,93	0,31

*Q, мг/кг металл концентрациялары, мг/кг, Q" - металдардың ШЖШ асу еселігі

3.13 2017 Алматы облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Алматы қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамасының құрамында хром – 0,5-2,3 мг/кг, мырыш – 8,6-27,4 мг/кг, қорғасын – 13,3-62,5 мг/кг және мыс - 0,3-6,4 мг/кг, кадмий – 0,12-0,62 мг/кг шамасында болды.

Абай және Сейфуллин көшелері қиылысында алынған топырақ сынамасының құрамында мыс 2,1 ШЖШ, қорғасын мен мырыш 1,2 ШЖШ құрады.

ВАЗ ауданында қорғасын бойынша 2,0 ШЖШ, мыс – 1,4 ШЖШ артуы байқалған. Мырыш құрамы 1 ШЖШ шамасында болды.

Дорожник мөлтек ауданы және Әуежай аудандарында мыс концентрациясы 1,3-1,5 ШЖШ шамасында болды.

Қазақстан ұлттық Университетінің бау-бақ зонасында, Бауман тоғайында, Алматы мақта-мата комбинаты (АММК) ауданында алынған топырақ сынамаларында ШЖШ артуы байқалмады.

Күз мезгілінде Алматы қаласының түрлі аудандарына алынған топырақ сынамаларының құрамында хром –0,32-1,5 мг/кг, мырыш–10,4-27,4 мг/кг, қорғасын –17,65-50,3 мг/кг, мыс – 1,57-5,32 мг/кг, кадмий – 0,01-1,95 мг/кг шамасында болды.

Алматы мақта-мата комбинаты (АММК) ауданында топырақ сынамасында мыс бойынша 1,6 ШЖШ артуы анықталды. Мырыш құрамы 1,04 ШЖШ деңгей шамасында болды.

ВАЗ ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,8 ШЖШ, қорғасын – 1,2 ШЖШ, мырыш – 1,6 ШЖШ артуы анықталды.

Әуежай ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,6 ШЖШ артуы анықталды. Мыс құрамы 1,03 ШЖШ деңгейінде болды.

Дорожник мөлтек ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,5 ШЖШ, мыс – 1,3 ШЖШ, мырыш – 1,2 ШЖШ артуы анықталды.

Абай және Сейфуллин көшелері қиылысы мен Баума тоғайында анықталатын барлық қоспалар шоғыры норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Талдықорған қаласының түрлі аудандарына алынған топырақ сынамаларында хром – 0,2-0,9 мг/кг, мыс– 0,7-2,24 мг/кг, мырыш – 8,8-13,1 мг/кг, қорғасын – 63,2-181,2 мг/кг, кадмий – 0,34-0,59 мг/кг шамасында болды.

Түрлі аудандарда алынған топырақ сынамасында қорғасын құрамы 2,0-5,7 ШЖШ шамасында, ал басқа анықталатын ауыр металдардың концентрациясы норма шамасында болды.

Күз мезгілінде Талдықорған қаласының түрлі аудандарында алынған топырақ сынамаларының құрамында хром –0,63-2,21 мг/кг, мыс– 1,87-10,6 мг/кг,мырыш – 13,4-31,4 мг/кг, қорғасын – 46,7-90,4 мг/кг, кадмий – 0,04-2,75 мг/кг шамасында болды.

Киров көшесі аумағындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 2,6 ШЖШ, қорғасын – 2,1 ШЖШ, мырыш - 1,2 ШЖШ артуы анықталды.

Индустриальная көшесі ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 2,8 ШЖШ артуы анықталды. Мырыш құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

№ 18 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 3,5 ШЖШ, қорғасын – 2,8 ШЖШ, мырыш – 1,4 ШЖШ артуы анықталды.

Тәуелсіздік көшесі ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,5 ШЖШ артуы анықталды.

Облыстық аурухана (Кардиологиялық) ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,9 ШЖШ артуы анықталды.

3.14 Алматы облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 8 метеорологиялық стансада (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) және Талдықорғанқаласының (№2 ЛББ)1 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (3.3сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08 – 0,26 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

3.15 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Алматы облысында 5 метеорологиялық станцияда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (3.7-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 3,7 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



3.7 сур. Алматы облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

4 Атырау облысының қоршаған ортаның ластану жай-күйі


4.1 Атырау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (4.1-сур., 4.1-кесте).

4.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, фенол, аммиак, формальдегид
5			Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Атырау филиалының жанында, ескі әуежай	PM-10қалқыма бөлшектер,, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
8			Әуезов даңғылының ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10қалқыма бөлшектер,, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан
9			Береке шағын ауданы, Берекеөндірістік ауданы	



4.1 сур. Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылғы стационарлық бақылау желісінің (4.1 сур.) деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=4(төмен деңгей) құрады. СИ=17(>10 өте жоғары деңгей), ЕЖҚ=8%(көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегімен (№9 бекет аумағында) (1, 2-сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

*2017 жылы 30, 31 мамырда №9 бекетте күкіртті сутегі бойынша (10,2-17,15 ШЖШ) 7 ЖЛ анықталды (2-кесте).

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озонның(жербеті) орташа шоғыры – 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, қалған ластағыш заттардың шоғырлары ШЖШ дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) – 2,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 5,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді -1,1 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 17,15 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


4.2 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (4.2-сур., 4.2-кесте).

4.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Құлсары метеостансасының маңында	РМ-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, аммиак, формальдегид, көмірсутегісінің сомасы, метан



4.2 сур. Құлсары қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болды (4.2-сурет). АЛИ=4 (төмен деңгей) құрады. СИ=4 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚмәні 0% (төмен деңгей) (1,2 сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озон (жербеті) орташа шоғыры 1,9 ШЖШ_{о.т.} құрады, қалған ластанушы заттар – ШЖШ дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары 1,8 ШЖШ_{м.б.} құрады, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,6 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады

4.3 Құлсары қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Құлсары қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте – Тенгизшевройл ЖШС жағынан, темір жол вокзалының ауданы, №2 нүкте – қала орталығында бас пошта жанында, №3 нүкте – қалаға кіріп, шығатын жерде) жүргізілді. РМ-10 қалқыма бөлшектерінің, күкіртті сутегінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, метанның, көмірсутектер (C₁₂-C₁₉), фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максимальды шоғыры №1,2,3 нүктелерде 3,0-3,5 ШЖШ аралығында болды, №1,2,3 нүктелерде күкіртті сутегісінің шоғыры–1,5 ШЖШ құрады.

Бақылау мәліметтері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (4.3-кесте).

4.3-кесте

**Құлсары қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғырлары**

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
PM -10 қалқыма бөлшектер	0,8	3,5	0,9	3,0	0,9	3,0
Күкірт диоксиді	0,02	0,04	0,037	0,074	0,045	0,090
Көміртегі оксиді	1,3	0,3	1,9	0,4	1,5	0,3
Азот диоксиді	0,04	0,18	0,02	0,11	0,04	0,2
Азот оксиді	0,04	0,09	0,02	0,05	0,04	0,1
Күкірттісутегісі	0,012	1,5	0,012	1,5	0,012	1,5
Фенол	0,004	0,4	0,004	0,4	0,004	0,4
Көмірсутектер(C ₁₂ -C ₁₉)	2,43	-	3,0	-	3,0	-
Аммиак	0,02	0,09	0,014	0,07	0,02	0,1
Формальдегид	0,006	0,12	0,006	0,12	0,006	0,12
Метан	4,4	-	4,3	-	4,6	-

**4.4 Жаңа Қаратон кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша
атмосфералық ауаның жай-күйі**

Жаңа Қаратон кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде(№1 нүкте - Құлсары-кіру темір жол станциясынан 86 км ары, №2 нүкте - шырақтан ары орналасқан СҚА 5 км ары (санитарлық қорғау аймағы), №3- нүкте - шырақтан 8-10 км ары орналасқан тұрғын аймағы (СҚА ары)жүргізілді. PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутегісінің, фенолдың, көмірсутектерінің (C₁₂-C₁₉), аммиактың, формальдегидтің және метанның шоғырлары өлшенді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максимальды шоғырлары барлық нүктелерде 2,0 ШЖШ құрады. Күкірттісутегісінің шоғыры 1,0-1,1 ШЖШ аралығында болды.

Бақылау мәліметтері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (4.4-кесте).

4.4-кесте

**Жаңа Қаратон кентіндегі бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғырлары**

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ

PM -10 қалқыма бөлшектер	0,6	2,0	0,6	2,0	0,6	2,0
Күкірт диоксиді	0,021	0,04	0,021	0,04	0,015	0,03
Көміртегі оксиді	2,3	0,5	2,8	0,6	2,2	0,4
Азот диоксиді	0,024	0,12	0,024	0,12	0,027	0,14
Азот оксиді	0,014	0,04	0,018	0,05	0,021	0,05
Күкірттісутегісі	0,008	1,0	0,009	1,1	0,009	1,1
Фенол	0,004	0,4	0,004	0,40	0,004	0,4
Көмірсутектер(C ₁₂ -C ₁₉)	4,5	-	4,5	-	4,5	-
Аммиак	0,016	0,08	0,015	0,08	0,017	0,09
Формальдегид	0,005	0,10	0,006	0,12	0,004	0,08
Метан	5,4	-	6,3	-	5,4	-

4.5 Ганюшкино ауылының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ганюшкино ауылында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте - Ганюшкино МС жаңында, №2 нүкте - теміржол бекеті ауданы, №3 нүкте - Жыланды ауылындағы мектептен 200 м ары) жүргізілді. PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегісінің, фенолдың, көмірсутектерінің (C₁₂-C₁₉) аммиактың, формальдегидтің және метанның шоғырлары өлшенді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максималды шоғырлары барлық нүктелерде 2,3 ШЖШ құрады.

Бақылау мәліметтері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (4.5-кесте).

4.5-кесте

Ганюшкино ауылының бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
PM -10 қалқыма бөлшектер	0,7	2,3	0,7	2,3	0,7	2,3
Күкірт диоксиді	0,016	0,03	0,009	0,018	0,016	0,03
Көміртегі оксиді	2,1	0,4	2,0	0,4	2,1	0,4
Азот диоксиді	0,017	0,09	0,018	0,09	0,017	0,08
Азот оксиді	0,015	0,04	0,015	0,04	0,015	0,04
Күкірттісутегісі	0,004	0,5	0,004	0,5	0,005	0,625
Фенол	0,008	0,8	0,008	0,8	0,008	0,8
Көмірсутектер(C ₁₂ -C ₁₉)	2,4	-	2,0	-	2,4	-
Аммиак	0,016	0,08	0,010	0,05	0,015	0,08
Формальдегид	0,004	0,11	0,003	0,09	0,004	0,11
Метан	2,6	-	2,6	-	2,6	-

4.6 Атырау облысының кен орындарындағы атмосфералық ауа жай-күйі

Жанбай, Забурунье, Мақат, Доссор және Қосшағыл кенорындарында қалқыма бөлшектер (шаң), шоғыры 1,0-1,4 ШЖШ аралығында болды, күкірттісутегісі шоғыры 1,0-1,3 ШЖШ аралығында болды, азот диоксидінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, аммиактың шоғырлары шекті жол берілген нормадан аспады.

4.7 Атырау облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияларда (Атырау, Ганюшкино, Пешной) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (4.4 сур.).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Кадмий шоғыры Пешной МС 1,04 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 29,9 %, сульфаттар 24,6 %, хлоридтер 14,6 %, натрий иондары 10,2 %, кальций иондары 10,1 %, калий иондары 5,5 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Атырау МС – 146,2 мг/л, ең азы Ганюшкино МС – 23,1 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 37,9 мкСм/см-ден (Ганюшкино МС) 249,6 мкСм/см (Атырау МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтісі аз сипатта болып, 6,4 (Ганюшкино МС) – 6,9 (Атырау МС) аралығында болды.

4.8 Атырау облысы бойынша 2016-2017 жж. арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияда (Пешной, Ганюшкино) (4.4 сур.) жүргізілді.


Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 29,68 %, сульфаттар 21,44 %, хлоридтер ионы 18,04 %, кальций 10,22 % натрий 7,69 %, және магний иондары 7,45 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Пешной МС – 22,38 мг/л, ең азы Ганюшкино МС - 10,5 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 18,0 мкСм/см-ден (Ганюшкино МС) 39,4 мкСм/см (Пешной МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл және орташа сипатта болып, 5,51 (Пешной МС) – 5,71 (Ганюшкино МС) аралығында болды.



4.3 сур. Атырау облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

4.9 Атырау облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Атырау облысы аумағындағы жер үсті суы сапасын бақылау 4 су нысанында, Жайық, Шаронова, Қиғаш, Ембі өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені Ресей Федерациясы аумағынан ағып шығып, БҚО және Атырау облысы аумақтарынан ағып өтіп, Каспий теңізіне Атырау облысы аумағына құяды. Шаронова және Қиғаш өзендері Волга өзенінің төменгі ағысындағы, Қазақстан аумағы арқылы өтетін, тармақтары. Өзендер Атырау облысы аумағында Каспий теңізіне құяды.

Жайық өзенінде су температурасы 0,0 - 25,0°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,53, судағы еріген оттегі шамасы- 9,3 мг/дм³, ОБТ₅ –2,93 мг/дм³ құраған. Шекті жол берілген шоғырдан асу тіркелмеген.

Шаронова өзенінде су температурасы 0,0- 24,0°C шегінде, сутегі көрсеткіші -7,7, судағы еріген оттегі шамасы –9,48 мг/дм³, ОБТ₅ –3,1 мг/дм³. Шекті жол берілген шоғырдан асу тіркелмеген.


Қиғаш өзенінде су температурасы 0,0-22,6°C, сутегі көрсеткіші–7,7, судағы еріген оттегі шамасы –9,2 мг/дм³, ОБТ₅–3,2мг/дм³. Шекті жол берілген шоғырдан асу тіркелмеген.

Ембі өзенінде су температурасы 4,4-22,0°C, сутегі көрсеткіші–7,5, судағы еріген оттегі шамасы –9,5 мг/дм³, ОБТ₅ –3,4 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаты 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (бор (3+) 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

СЛКИ бойынша су сапасы Жайық, Шаронова, Қиғаш өзендерінде– «*нормативті таза*»; Ембі өзенінде «*ластанудың орташа деңгейі*»деп бағаланады.2016 жылмен салыстырғанда Жайық, Шаронова, Қиғаш өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгермеген; Ембі өзенінде нашарлаған.

Оттегінің 5 тәуліктегі биохимиялық тұтынылуы (ОБТ₅) мәні бойынша Жайық -«*нормативті таза*» деп бағаланады, Қиғаш, Шаронова,Ембі өзендерінде су сапасы - «*ластанудың орташа деңгейі*». Оттегінің 5 тәуліктегі биохимиялық тұтынылуы (ОБТ₅) бойынша 2016 жылмен салыстырғанда Жайық өзенінде жақсарған, Қиғаш, Шаронова, Ембі өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Оттегі режимі бір қалыпты (4-кесте).



4.4 сур. Атырау облысы жер үсті суларының сипаттамасы

4.10 Атырау облысы аумағындағы Солтүстік Каспий теңіз суының сапасы

Теңіз суы сапасына бақылау жүргізу келесі жағалық стансалар мен ғасырлық кескіндерде жүргізілді: теңіз кеме жүру арнасы; Теңіз кен орны, Жайық өзені қайраңы, Шалығи Құлалы шығанағы аралдары, «А» және «Б» қосымша кескіндері, Құрманғазы, Дархан, Қаламқас, суға батырылған ұнғымалар ауданы, Құлалы аралы ауданы.

Теңіз суы сынамаларында қалқымалы бөлшектер, рН, суда еріген оттегі, басты иондар, биогенді заттар, органикалық ластауыштар (мұнай өнімдері, фенолдар), жеңіл тотығатын органикалық заттар (ОБТ₅ бойынша) мен ауыр металдардың мөлшері талданды.

Солтүстік Каспий су температурасы 17,7-19-7°С, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 7,9, суда еріген оттегі – 8,57 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,28 мг/дм³. ШЖШ асу байқалмаған.

2017 жылы Солтүстік Каспийде су сапасы СЛКИ бойынша «*нормативті таза*» деп сипатталды. 2016 жылмен салыстырғанда теңіз суы сапасы өзгермеген.

4.11 Атырау облысының жағалаулық станциялары мен ғасырлық тілімдері аумағындағы теңіз түпкі шөгінділердің ластану жай-күйі

Көктем мезгілі

Жайық ө. теңіз кеме жүзетін арна. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 215,8-251,5 мг/кг, мыс – 0,385-0,572 мг/кг, хром – 0,25-0,27 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,29-1,39 мг/кг, марганец – 3,33-3,70 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,05-2,08 мг/кг шегінде болды.

Теңіз кенорны. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 265,7-315,5 мг/кг, мыс – 1,420-1,677 мг/кг, хром – 0,4-0,61 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,34-1,61 мг/кг, марганец – 3,21-5,20 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 1,83-2,71 мг/кг шегінде болды.

Жайық ө. теңіз кемерінде. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 264,3-331,6 мг/кг, мыс – 0,780-1,771 мг/кг, хром – 0,25-0,54 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,49-1,86 мг/кг, марганец – 4,10-5,22 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,1-2,91 мг/кг шегінде болды.

Шалығы-Құлалы ғасырлық тілімдері станциясында Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 215,3-322,4 мг/кг, мыс – 1,21-1,996 мг/кг, хром – 0,25-0,85 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,24-1,88 мг/кг, марганец – 3,21-3,93 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,2-2,89 мг/кг шегінде болды.

А және Д қосымша кескінінде. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 212,6-321,50 мг/кг, мыс – 1,431-2,180 мг/кг, хром – 0,61-1,22 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,37-2,10 мг/кг, марганец – 3,25-4,21 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,43-2,99 мг/кг шегінде болды.

Дивичи–Кендірлі, Песчаный–Дербент, Маңғышлақ–Чечень ғасырлық тілімдерде теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 3,41-4,56 мг/кг, хром – 0,67-1,18 мг/кг, мұнай өнімдері – 221,6-362,1 мг/кг, мырыш – 2,17-3,02 мг/кг, никель – 1,31-2,20 мг/кг, қорғасын және кадмий 0,0 мг/кг, мыс – 1,346-2,030 мг/кг шегінде болды.

Қаламқас, Дархан, Құрманғазы ауданында. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 220,1-354,6 мг/кг, мыс – 1,245-1,790 мг/кг, хром – 0,31-1,22 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,29-2,28 мг/кг, марганец – 3,89-4,59 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,45-2,77 мг/кг шегінде болды.

Батқан мұнай ұңғымалары ауданында Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 276,3-305,4 мг/кг, мыс – 1,780-2,227 мг/кг, хром – 0,47-0,87 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,54-2,12 мг/кг, марганец – 3,31-4,33 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,23-2,71 мг/кг шегінде болды.

Құлалы а. ауданында. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 287,4-296,2 мг/кг, мыс – 2,220-2,375 мг/кг, хром – 0,97 -1,21 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,65-2,10 мг/кг, марганец – 3,67-4,38 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,54-2,63 мг/кг шегінде болды.

Күз мезгілі

Жайық ө. теңіз кеме жүзетін арна. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 248,2-278,34 мг/кг, мыс – 0,579-0,794 мг/кг, хром – 0,15-0,19 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,20-1,29 мг/кг, марганец – 2,75-3,30 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,2-2,18 мг/кг шегінде болды.

Теңіз кенорны. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 257,3-325,6 мг/кг, мыс – 1,324-1,774 мг/кг, хром – 0,27-0,25 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,37-1,58 мг/кг, марганец – 3,38-4,61 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 1,93-2,57 мг/кг шегінде болды.

Жайық ө. теңіз кемерінде. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 287,6-342,1 мг/кг, мыс – 1,208-1,872 мг/кг, хром – 0,18-0,68 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,57-1,79 мг/кг, марганец – 4,75-5,12 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,17-2,45 мг/кг шегінде болды.

Шалығы-Құлалы гасырлық тілімдері станциясында Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 227,6-334,10 мг/кг, мыс – 1,181-2,165 мг/кг, хром – 0,15-0,67 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,41-1,67 мг/кг, марганец – 3,11-4,25 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 1,95-2,79 мг/кг шегінде болды.

А және Д қосымша кескінінде. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 234,1-357,30 мг/кг, мыс – 1,528-2,220 мг/кг, хром – 0,45-1,45 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,28-1,86 мг/кг, марганец – 3,75-4,58 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,57-3,04 мг/кг шегінде болды.

Қаламқас, Дархан, Құрманғазы ауданында. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 234,1-315,9 мг/кг, мыс – 1,504-1,774 мг/кг, хром – 0,85-1,34 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,15-2,20 мг/кг, марганец – 4,12-4,27 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,85-2,99 мг/кг шегінде болды.

Батқан мұнай ұңғымалары ауданында Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 284,1-334,8 мг/кг, мыс – 1,934-2,110 мг/кг, хром – 0,87-0,96 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 1,34-1,98 мг/кг, марганец – 4,15-4,65 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,43-2,91 мг/кг шегінде болды.

Құлалы а. ауданында. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің бар болуы 300,1-338,6 мг/кг, мыс – 2,015-2,395 мг/кг, хром – 1,05-1,23 мг/кг, кадмий 0,0 мг/кг, никель – 2,05-2,10 мг/кг, марганец – 3,75-4,61 мг/кг, қорғасын 0,0 мг/кг, мырыш – 2,78-2,84 мг/кг шегінде болды.

4.12 2017 Атырау облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Атырау қаласында № 9 мектеп, Демалыс саябағы, Атырау-Орал автомагистралі ауданында, Атырау мұнай өңдеу зауыты СҚА 500 м және 2 км алынған топырақ сынамасындағы кадмий, қорғасын, мыс, хром және мырыш құрамы рұқсат етілген норма шамасында болды (0,21-22,1 мг/кг).

Күз мезгілінде Атырау қаласындағы топырақ сынамаларында мырыш құрамы 24,2 - 38,9 мг/кг, мыс – 5,2 - 9,5 мг/кг, хром – 1,25 - 3,5 мг/кг, қорғасын – 1,5 - 2,9 мг/кг, кадмий – 0,1 - 0,35 мг/кг шамасында болды.

№ 9 мектеп, Демалыс саябағы, Атырау-Орал автомагистралі ауданында, Атырау мұнай өңдеу зауыты СҚА 500 м және 2 км алынған топырақ сынамаларында мыс құрамы 1,7 - 3,2 ШЖШ, мырыш – 1,05 - 1,7 ШЖШ шамасында, басқа анықталатын ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде топырақ жай - күйіне бақылау Солтүстік Каспийдің 5 кенорынындағы 5 бақылау нүктелерінде – **Жанбай, Забурунье, Доссор, Мақат, Қосшағылда** жүргізілді. Топырақ сынамасында мұнай өнімдерінің, кадмийдің, қорғасынның, мыстың, хромның және мырыштың бар болуы анықталды

Барлық кенорындарында мұнай өнімдерінің мөлшері 0,09 – 2,9 мг/кг шегінде болды.

Барлық кенорындарында және олардың нүктелерінде анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан асқан жоқ.

Күз мезгілінде Солтүстік Каспийдің – **Жанбай, Забурунье, Доссор, Мақат, Қосшағыл** кен орындарында түрлі аудандардан нүктелерден алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы 0,5-17,10 мг/кг, мырыш – 5,44-19,6 мг/кг, мыс – 1,00-2,95 мг/кг, хром – 0,37-3,82 мг/кг, кадмий – 0,05-0,4 мг/кг, мұнайөнімдері – 0,03-2,75 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

4.13 Атырау облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласындағы 1 автоматты (*Құлсары №7*) бекетте жүргізілді (4.6 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07 – 0,21 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

4.14 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында 1 метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (4.6 сур.). Стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 3,6 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



4.5 сур. Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

5 Шығыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


5.1 Өскемен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (5.1-сур., 5.1-кесте).

5.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рабочая көшесі, 6	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, хлор, формальдегид, күкірт қышқылы, күшшаланың анықталмаған қосындысы, бенз(а)пирен, гамма-фон. №1,5,7 ЛББ:бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш анықталады.
5			Қайсенов көшесі, 30	
7			Первооктябрьская көшесі, 126 (Защита стансасы)	
8			Егорова көшесі, 6	
12			Сәтбаев даңғылы, 12	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Питер-Коммунар көшесі, 18	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутек, көмір сутегісінің сомасы, аммиак, метан
3			Ворошилов көшесі, 79	



5.1-сурет. Өскемен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің (5.1-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі жоғары болып бағаланды. АЛИ=9(жоғары деңгей) құрады. СИ*=62(>10 өте жоғары деңгей) күкіртті сүтегімен (№2 бекет аумағында) (1, 2-сур.).

*2017 жылы 19 қаңтарда, 1,8,14,16 ақпанда, 6,7,8,10,12,13,23,24 наурызда, 10 сәуірде, 28,29 қарашада, 2,4,9,14,15,16,17,18,19,20,21 2017 желтоқсанда №2, №3 бекеттерде 419 ЖЛ (10,0-46,1ШЖШ) и 18 ЭЖЛ (21,4-62,1ШЖШ) күкіртті сүтегімен анықталды (2-кесте).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі «көтеріңкіден» «жоғарыға» көтерілді.

Күкірт диоксидінің орташа шоғырлары- 2,2 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді - 1,6 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) - 1,4 ШЖШ_{о.т.}, фторлы сутек - 1,5ШЖШ_{о.т.}, қорғасын – 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ауыр металдардың бар болуы және қалған ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері -3,3 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді– 7,2ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 3,4 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді–3,8ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді-5,3 ШЖШ_{м.б.}, озон(жербеті) – 1,4ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сүтегі – 62,1 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 4,5ШЖШ_{м.б.}, фторлы сутек – 3,0ШЖШ_{м.б.}, хлор – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, күкірт қышқылы– 1,6 ШЖШ_{м.б.}, формальдегид–1,1ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

5.2 Риддер қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (5.2-сур., 5.2-кесте).

5.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Островский көшесі, 13А	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид, күшала
6			Клинка көшесі, 7	
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	9 мая көшесі,7	РМ-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутек, көмір сүтегісінің соммасы, аммиак, метан



5.2-сурет. Риддер қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері (5.2-сур.) бойынша қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды. АЛИ =5 құрады. СИ=3 және ЕЖҚ=5% күкіртті сутегімен (№ 3-бекет аумағында) (1, 2 - сур.).

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары–1,2 ШЖШ_{о.т.}, РМ 10 қалқыма бөлшектер -1,1 - ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі –3,3 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

5.3 Семей қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (5.3-сур., 5.3 -кесте).

5.3 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рысқұлов пен Глинка көшелерінің қиылысы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
4			343 квартал (балабақша)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі

			ауданы)	оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Найманбаев көшесі, 189	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкіртті сутек, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан
3			Аэрологиялық станция, 1	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді мен оксиді, озон, аммиак



5.3-сурет. Семей қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің (5.3 сур.) деректері бойынша Семей қаласының атмосфералық ауасы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды. АЛИ=6 (көтеріңкі деңгей) құрады. СИ=6 (жоғары деңгей) азот оксидімен (№ 1-бекет аумағында), ЕЖҚ=6% (көтеріңкі деңгей) фенолмен (№4-бекет аумағында) анықталды (сур.1,2).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары 1,5 ШЖШ_{0.т.}, фенол – 1,4 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, PM-2,5 қалқыма бөлшектері – 5,1 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 3,1 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 3,2 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 5,7 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,9 ШЖШ_{м.б.}, озон – 1,1

ШЖШ_{м.б.}, фенол – 3,7 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

5.4 Глубокое кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (5.4-сур., 5.4-кесте).

5.4 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Ленин көшесі,15	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фенол, күшала, гамма-фон.
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Попович көшесі, 9 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, көмір сутегісінің сомасы, аммиак, метан



5.4 сур. Глубокое кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің (5.4-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі жоғары болып бағаланды. АЛИ=8(жоғары деңгей) құрады. СИ=6 (жоғары деңгей) күкіртті сутегімен, ЕЖҚ=13% (көтеріңкі деңгей) күкірт диоксидімен (№ 2-бекет аумағында) анықталды.

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі «көтеріңкіден» «жоғарыға» көтерілді.

Күкірт диоксидінің орташа шоғырлары 1,4 ШЖШ_{о.т.} құрады, озон (жербеті)– 2,9 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектері -2,0 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері -1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді– 6,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді-1,5 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті)– 4,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 6,1 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 2,7 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

5.5 Шемонаиха қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Шимонаиха қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Чанаев 41 к-сі, №2 нүкте – Вокзальная к-сі) жүргізілді. Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, фенолдың және гамма-фон өлшенді.

Бақылау деректері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (5.5-кесте).

5.5-кесте

Шимонаиха қаласында бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	Точки отбора			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m ПДК	q _m мг/м ³	q _m ПДК
Қалқыма бөлшектер (пыль)	0,30	0,6	0,30	0,6
Күкірт диоксиді	0,1	0,19	0,11	0,22
Көміртегі оксиді	2,0	0,4	1,0	0,2
Азот диоксиді	0,14	0,70	0,13	0,65
Фенол	0,01	0,6	0,01	0,6
Гамма-фон	0,16		0,16	

5.6 Зыряновск қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (5.5-сур., 5.5-кесте).

5.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
--------------	----------------	-----------------	------------------	----------------------

1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Партизанская көшесі, 118	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
---	-------------------	-------------------	--------------------------	--



5.5сур. Зырянск қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің (5.5сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=1(төмен деңгей) құрады. СИ=2 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Орташа ластауша заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар PM-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

5.7 Зырянск қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Зырянск қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақыла 2 нүктеде (№1 нүкте – Советская 38 к-сі, №2 нүкте – Геологическая 38 к-сі) жүргізілді. Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, фенолдың және гамма-фон өлшенді.

Фенолдың максималдық шоғыры барлық нүктелерде 1,0 ШЖШ құрады.

Бақылау деректері бойынша басқа ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (5.7-кесте).

5.7-кесте

Зыряновск қаласында бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	Бақылау нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m ПДК	q _m мг/м ³	q _m ПДК
Қалқыма бөлшектер (пыль)	0,20	0,40	0,20	0,4
Күкірт диоксиді	0,08	0,16	0,09	0,17
Көміртегі оксиді	2,0	0,4	2,0	0,4
Азот диоксиді	0,09	0,5	0,11	0,55
Фенол	0,01	1,0	0,01	1,0
Гамма-фон	0,17	-	0,17	-

5.8 Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияда (Риддер, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен) алынған жаңбыр суына сынама алумен (5.6-сур.) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 41,5 %, сульфаттар 18,7 %, кальций иондары 11,0 %, хлоридтер 8,5 %, натрий иондары 7,03 % болды.

Ең үлкен жалпы минералдылығы Өскемен МС – 49,8 мг/л, ең азы Үлкен Нарын МС – 18,1мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 30,7 мкСм/см-ден (Үлкен Нарын МС) 77,3 мкСм/см (Өскемен МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы орташа,сілтисі аз сипатта болып, 5,8 (Семей МС) – 6,3 (Өскемен МС) аралығында болды.

5.9 Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2016-2017 жж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияда (Үлкен Нарын, Зайсан, Риддер, Семей, Семиярка, Шемонаиха) (5.6-сур.) жүргізілді.

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 36,43 %, сульфаттар 23,04 %, кальций иондары 11,4 % хлоридтер 8,2 %, натрий иондары 6,5 %, иондары басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Шемонаиха МС – 39,94 мг/л, ең азы Үлкен Нарын МС - 6,85 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 12,2 мкСм/см-ден (Үлкен Нарын МС) 54,0 мкСм/см (Шемонаиха МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл және орташа сипатта болып, 4,49(Үлкен Нарын МС) – 5,81 (Шемонаиха МС) аралығында болды.



5.6 сур. Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

5.10 Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 13 су нысанында жүргізіледі (Қара Ертіс, Ертіс, Бреска, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел, Аягөз өзендері, Марқакөл көлі, Бұқтырма және Өскемен су қоймалары).

Қара Ертіс өзенінде су температурасы 0,1-25,4 °С, сутегі көрсеткіші 7,52, еріген оттектің судағы шоғыры - 10,44 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,85 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)2,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ертіс өзенінде су температурасы 0,1-23,2 °С, сутегі көрсеткіші 7,83, еріген оттектің судағы шоғыры - 10,23 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,25 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)2,2 ШЖШ, мырыш (2+)1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Бұқтырма өзенінде су температурасы 0,1-19,2 °С, сутегі көрсеткіші 7,80, еріген оттектің судағы шоғыры - 10,71 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,10 мг/дм³. Ауыр металдар

(мыс (2+)2,1 ШЖШ, марганец (2+)1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Брекса өзенінде су температурасы 0,1-17,4 °С, сутегі көрсеткіші 7,60, еріген оттектің судағы шоғыры - 10,46 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,23 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір 2,1 ШЖШ, нитритті азот 1,9 ШЖШ, тұзды аммоний 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+)9,1 ШЖШ, марганец (2+)5,3 ШЖШ, мыс (2+)5,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тихая өзенінде су температурасы 0,1-18,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,56, еріген оттектің судағы шоғыры - 10,29 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,41 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний 2,2 ШЖШ, нитритті азот 2,1 ШЖШ, жалпы темір 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+)9,0 ШЖШ, марганец (2+)6,6 ШЖШ, мыс (2+)5,0 ШЖШ,) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Үлбі өзенінде су температурасы 0,1-23,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,77, еріген оттектің судағы шоғыры - 10,39 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,12 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+)10,4 ШЖШ, марганец (2+)5,6 ШЖШ, мыс (2+)3,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Глубочанка өзенінде су температурасы 0,1-19,8 °С, сутегі көрсеткіші 8,16, еріген оттектің судағы шоғыры - 9,86 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,32 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+)14,8 ШЖШ, марганец (2+)7,3 ШЖШ, мыс (2+)5,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Красноярка өзенінде су температурасы 0,1-18,4 °С, сутегі көрсеткіші 8,18, еріген оттектің судағы шоғыры - 10,54 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,10 мг/дм³. Ауыр металдар (мырыш (2+)18,2 ШЖШ, марганец (2+)5,6 ШЖШ, мыс (2+)3,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Оба өзенінде су температурасы 0,1-25,8 °С, сутегі көрсеткіші 7,87, еріген оттектің судағы шоғыры - 10,71 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,03 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)3,6 ШЖШ, мырыш (2+)1,9 ШЖШ, марганец (2+)1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Емел өзенінде су температурасы 0,1-27,4 °С, сутегі көрсеткіші 8,18, еріген оттектің судағы шоғыры - 8,81 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,73 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,9 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,3 ШЖШ, жалпы темір 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)2,0 ШЖШ, марганец (2+)1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Аягөз өзенінде су температурасы 17,0-18,8 °С, сутегі көрсеткіші 8,33, еріген оттектің судағы шоғыры - 9,18 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,96 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)3,0 ШЖШ, марганец (2+)1,2 ШЖШ,) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Марқакөл көлінде су температурасы 13,6 °С, сутегі көрсеткіші 7,53, еріген оттектің судағы шоғыры - 9,64 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,21 мг/дм³. ШЖШ артуы тіркелмеді.


Бұқтырма су қоймалары температурасы 17,9 °С, сутегі көрсеткіші 8,19, еріген оттектің судағы шоғыры - 8,99 мг/дм³, ОБТ₅- 1,33 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Өскемен су қоймалары температурасы 10,4 °С, сутегі көрсеткіші 7,54, еріген оттектің судағы шоғыры - 9,78 мг/дм³, ОБТ₅- 1,62 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)2,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.


Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: «*нормативті таза*» – Марқакөл көлі; «*ластанудың орташа деңгейі*» – Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Оба, Аягөз, Емел өзендері, Бұқтырма және Өскемен су қоймалары; «*ластанудың жоғары деңгейі*» – Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка өзендері.

2016 жылмен салыстырғанда Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Тихая, Үлбі, Брекса, Красноярка, Емел, Аягөз, Оба, Глубочанка өзендерінде, Марқакөл көлінде, Бұқтырма және Өскемен су қоймалары айтарлықтай өзгермеген.


2017 жылы бойынша облыс аумағында келесі ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелді: Брекса өзені – 12 ЖЛ, Тихая өзені – 9 ЖЛ, Үлбі өзені – 20 ЖЛ, Глубочанка өзені – 26 ЖЛ, Красноярка өзені – 11 ЖЛ және 1 ЭЖЛ жағдайлары (5-кесте).




5.7 сур. Аягөз, Емел өзендері мен ШҚО Марқакөл көлі жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



5.8 сур. Шығыс Қазақстан облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



5.9 сур. Шығыс Қазақстан облысы Бұқтырма су қоймасы жер үсті суы сапасының сипаттамасы



5.10ур. Шығыс Қазақстан облысы Өскемен су қоймасы жер үсті суы сапасының сипаттамасы

5.11 Гидробиологиялық және токсикологиялық, гидробиологиялықкөрсеткіштер бойынша ШҚО аумағындағы жер үстісулары сапасының сипаттамасы

2017 ж. қаңтардан қазан айына дейін жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша бірыңғай емес. Перифитонның даму көрсеткіштері бойынша барлық өзендер орташа ластанумен сипатталды. Сапробты индекс көрсеткіші Глубочанка мен Краснояр өзендерінде шамалы жоғары болды.

Макрозообентос көрсеткіштері бойынша «таза» категориясына келесі өзендерді жатқызуға болады: Қара Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Үлбі (Тишинск кеніші төгіндісінен 100 м жоғары), Оба өз. (Березовка өз құйылысынан 1,8 км жоғары). Ал Ертіс өз. «Қала шегінде; СЭС бөгетінен 0,8 км төмен» және Красноярка өз. «Березовка өз құйылысынан 1 км төмен; автожол көпірі жанында» тұстамаларында судың сапасы біршама төмен болды, судың сапасы IV класқа сәйкес келді – «ластанған сулар». Қалған өзендер III класқа жатқызылды, су орташа ластанған.

2017 ж. қаңтар айынан желтоқсан айына дейінгі жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суын өткір уыттылыққа биотестілеу нәтижесінің қорытындысы бойынша келесі көріністі көруге болады:

Қара Ертіс, Еміл, Ертіс, Бұқтырма, Оба, Үлбі (Өскемен қ.), Глубочанка (шартты көрініс), Брекса (шартты көрініс), Тихая (шартты көрініс), Үлбі (Тишинск кені)(шартты көрініс), Красноярка (шартты көрініс) өзендерінен алынған су сынамалары тірі ағзаларға өткір уытты әсер еткен жоқ.

Ең қолайсыз жағдай Глубочанка өз. тіркелді.

Глубочанка өз.«Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен» және «Глубокое аул шегінде; сағадан 0,3 км жоғары» орналасқан тұстамаларда өткір уыттылық маусым және қыркүйек айларын қоспағанда наурыз айынан қазан айына дейінгі аралықта байқалды, өлген тест-объектілер 53,3 тен 96,7% аралығында болды. Қараша айында «Глубокое аул шегінде; сағадан 0,3 км жоғары» орналасқан тұстамада тағы бір өткір уыттылық жағдайы тіркелді, өлген тест-объектілер саны 76,7% құрады.

Үлбі өз.(Тишинск кені) «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада өткір уыттылық қаңтар айынан наурыз айына дейін және мамыр, тамыз, қыркүйек, желтоқсан айларында байқалды. Бұл аралықта өлген дафниялар саны 63,3 тен 100% аралығында болды.

Брекса өз. «қала шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» орналасқан тұстамада ақпан айында тек бір өткір уыттылық жағдайы тіркелді, өлген дафниялар саны 90% құрады.

Тихая өз. «қала шегінде, сағадан 8 км жоғары» орналасқан тұстамада тамыз айында тек бір өткір уыттылық жағдайы тіркелді, өлген дафниялар саны 60% құрады.

Красноярка өз. «Березовка өз құйылысынан 1 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада бес өткір уыттылық жағдайы тіркелді: қаңтар, мамыр, шілде, қыркүйек және желтоқсан айларында, өлген дафниялар саны 53,3 тен 100% аралығында болды (7, 7.1 -қосымшалар).

5.12 Шығыс Қазақстан облысы бойынша топырақтың жай-күйі

Көктем мезгілінде Өскемен қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром концентрациясы құрамы 0,2-2,0 мг/кг, мырыш – 27,6-93,0 мг/кг, қорғасын – 78,1-694,6 мг/кг және мыс – 1,0-19,5 мг/кг шамасында болды.

Түрлі аудандардағы ШЖШ асатын металл концентрациялары:

- Тракторная көшесі мен Абай даңғылы қиылысында қорғасын концентрациясы – 21,3 ШЖШ, мыс – 5,1 ШЖШ, мырыш – 2,8 ШЖШ;

- Рабочая және Божова («Қазцинк» ЖАҚ 1 км ары) көшелері қиылысында мыс концентрациясы – 2,1 ШЖШ, қорғасын – 15,1 ШЖШ, мырыш – 4,0 ШЖШ;

- Ленин даңғылы автомагистралі ауданында (МАИ ауданы, «Қазцинк» ЖАҚ 3 км оңтүстік батысқа қарай) қорғасын концентрациясы – 3,0 ШЖШ, мырыш – 2,8 ШЖШ, мыс -1,3 ШЖШ;

- «Көк көлдер» саябағы ауданында («Қазцинк» ЖАҚ 3 км) қорғасын концентрациясы – 2,4 ШЖШ, мырыш – 1,2 ШЖШ;

- №34 мектеп аумағы («Қазцинк» ЖАҚ 3 км) қорғасын концентрациясы – 21,7 ШЖШ, мыс – 6,5 ШЖШ, мырыш – 3,2 ШЖШ;

Топырақ сынамасындағы хром концентрациясы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Күз мезгілінде Өскемен қаласының топырақ сынамаларында хром құрамы 0,24 - 3,12 мг/кг, мырыш – 11,4 - 61,8 мг/кг, қорғасын – 9,8 - 317,3 мг/кг, мыс – 1,15 - 15,6 мг/кг, кадмий – 0,05 - 13,5 мг/кг шамасында болды.

Тракторная көшесі мен Абай даңғылы қиылысы ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 4,6 ШЖШ, мыс және мырыш – 2,7 ШЖШ артуы анықталды.

Рабочая және Божова («Қазцинк» ЖАҚ 1 км ары) көшелері қиылысы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 5,2 ШЖШ, қорғасын – 9,9 ШЖШ, мырыш – 2,1 ШЖШ артуы анықталды.

Ленин даңғылы автомагистралі (МАИ ауданы, «Қазцинк» ЖАҚ 3 км оңтүстік батысқа қарай) ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 3,7 ШЖШ, мырыш – 2,7 ШЖШ, мыс – 1,4 ШЖШ артуы анықталды.

«Көк көлдер» саябағы («Қазцинк» ЖАҚ 3 км) ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 2,1 ШЖШ артуы анықталды.

№34 мектеп («Қазцинк» ЖАҚ 3 км) ауданында анықталатын барлық қоспалар шоғыры норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Риддер қаласында түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында хром 0,4-1,8 мг/кг, мырыш – 26,0-104,0 мг/кг, мыс – 2,8-17,9 мг/кг және қорғасын – 110,3-524,8 мг/кг, кадмий – 0,8-5,0 мг/кг шамасында болды.

Қаладағы түрлі аудандарда ШЖШ артатын металлов концентрациялары:

-Саябақ аумағы ауданында қорғасын концентрациясы – 12,8 ШЖШ, мырыш – 2,1 ШЖШ, мыс -3,4 ШЖШ;

- Мырыш зауытының санитарлы қорғау аймағында қорғасын – 16,4 ШЖШ, мыс – 6,0 ШЖШ, мырыш – 4,5 ШЖШ;

- Қорғасын зауытының санитарлы қорғау аймағында қорғасын – 9,7 ШЖШ, мыс- 2,6 ШЖШ, мырыш – 3,4 ШЖШ;

- №3 мектеп ауданында қорғасын концентрациясы – 3,4 ШЖШ, мыс – 1,2 ШЖШ, мырыш – 3,6 ШЖШ;

- көлік саны көбірек ауданда қорғасын концентрациясы – 8,7 ШЖШ, мырыш – 1,1 ШЖШ.

Топырақ сынамасындағы хром құрамы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Күз мезгілінде Риддер қаласының топырақ сынамаларында хром құрамы 0,34 - 0,65 мг/кг, мырыш – 22,5 - 52,3 мг/кг, мыс – 0,83 - 14,7 мг/кг, қорғасын – 122,5 - 257,1 мг/кг, кадмий – 0,83 - 2,35 мг/кг шамасында болды.

Саябақ аумағы ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша – 6,0 ШЖШ,мырыш – 1,7 ШЖШ, мыс – 4,9 ШЖШ артуы анықталды.

Мырыш зауытының санитарлы қорғау аймағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 6,1 ШЖШ, мыс – 1,6 ШЖШ, мырыш – 1,3 ШЖШ артуы анықталды.

Қорғасын зауытының санитарлы қорғау аймағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 8,0 ШЖШ, мыс – 3,5 ШЖШ, мырыш – 2,3 ШЖШ артуы анықталды.

№3 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 3,8 ШЖШ, мыс – 1,6 ШЖШ артуы анықталды. Мырыш құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Көлік саны көбірек ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 7,7 ШЖШ, мырыш – 2,2 ШЖШ артуы анықталды.

Көктем мезгілінде Семей қаласында түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында хром концентрациясы 0,3-4,9 мг/кг, мырыш – 12,1-25,6 мг/кг, қорғасын – 10,9-34,8 мг/кг, мыс – 0,2-1,6 мг/кг, кадмий – 0,1-0,4 мг/кг. шамасында болды.

Әуезов даңғылы ауданында қорғасын мен мырыш концентрациясы 1,1 ШЖШ шамасында болды.

№3 мектеп аумағында, «Семейцемент» СҚА ауданында автомагистраль және орталық саябақ ауданында ШЖШ асатын ауыр металдар концентрациясы анықталмаған.

Күз мезгілінде Семей қаласының топырақ сынамаларында хром шоғыры 0,27 - 3,7 мг/кг, мырыш – 12,4 - 24,4 мг/кг, қорғасын – 22,5 - 37,8 мг/кг, мыс – 0,86 - 1,35 мг/кг, кадмий – 0,12 - 0,52 мг/кг шамасында болды.

Әуезов даңғылы ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,2 ШЖШ, мырыш – 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

№3 мектеп , «Семейцемент» СҚА ауданында автомагистраль және орталық саябақ ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

5.13 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 17 метеорологиялық стансада (Ақжар, Аягөз, Дмитриевка, Баршатас, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Қатон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарка, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) бақылау жүргізілді (5.11 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,05 – 0,24 мкЗв/ч шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/ч, яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді

5.14 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияда (Аягөз, Баршатас, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.11-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 4,0 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.11-сур. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі


6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, фторлысутек, формальдегид, бенз(а)пирен. №1,3 ЛББ кадмий, кобальт, марганец, қорғасын анықталады.
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	
4			Байзақ батыр көшесі, 162	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді мен диоксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкірттісутегі, озон,аммиак



6.1 сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1сур.) қаланың атмосфералық ауасы

ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды. АЛИ=6 құрады. СИ=4 және ЕЖҚ=2% қалқыма бөлшектерімен (шаң) (№2, №3-бекеттер аумағында) анықталды (1,2-сур.).

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Азот диоксидінің орташа шоғырлары 1,8 ШЖШ_{о.т.} құрады, озон (жербеті). - 1,3 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдардың бар болуы ШЖШ дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлар – 4,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті диоксиді - 4,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді - 3,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 2,5 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, фторлы сутегі – 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


6.2 Жанатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды. АЛИ=5 құрады. СИ=4 және ЕЖҚ=1% РМ-10 қалқыма бөлшектерімен анықталды (1,2- сур.).

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озонның (жербеті) орташа шоғырлар 2,2 ШЖШ_{с.с.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектері -2,4 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 4,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді-2,0 ШЖШ_{м.б.}, озон(жербеті)-1,0 ШЖШ_{м.б.}, аммиак - 1,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі жоғары болып бағаланды. АЛИ=8(жоғары деңгей) құрады. СИ=8 (жоғары деңгей), ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектерімен (1,2-сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі «төменнен» «жоғарыға» көтерілді.

Күкірт диоксидінің орташа шоғырлар – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 2,1 ШЖШ_{о.т.}, аммиак – 1,99 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 4,9 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 7,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді-1,4 ШЖШ_{м.р.}, азот диоксиді-1,0 ШЖШ_{м.р.}, аммиак-1,0 ШЖШ_{м.р.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


6.4 Шуқаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды. АЛИ=6 (көтеріңкі деңгей) құрады. СИ=9 (жоғары деңгей), ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектерімен (1,2 сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

РМ-2,5 қалқыма орташа шоғырлары – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, озон(жербеті) – 1,8 ШЖШ_{с.с.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 7,1 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 9,3 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20	үзіліссіз	Жібек жолы көшесі,	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері,

	минут сайын	режимде	№496«А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутек, аммиак
--	-------------	---------	---------	--



6.5 сур. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=4 (төмен деңгей) құрады. СИ=4 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) (1,2 сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озонның (жер беті) орташа шоғырлары – 1,4 ШЖШ_{с.с.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 5,5 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді-1,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

6.6 Жамбыл облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияларда (Нұрлықент, Тараз, Төле би) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (6.6 сур.).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 32,5 %,сульфаттар 20,1 %, хлоридтер 13,9 %, натрий иондары 9,4 %,кальций иондары 9,2 %,калий иондары 5,2 %болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Тараз МС – 31,1 мг/л, ең азы Нұрлыкент МС–15,2 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 24,7 мкСм/см-ден (Нұрлыкент МС) 52,1 мкСм/см (Тараз МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы орташа, сілтiсi аз сипатта болып, 5,8 (Нұрлыкент МС) – 6,3(Тараз МС) аралығында болды.

6.7 Жамбыл облысы бойынша 2016-2017 жж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияда (Тараз, Нұрлыкент) жүргізілді (6.6-сурет).


Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 36,02 %, сульфаттар 17,46 %, хлоридтер 13,64 %, натрий иондары 12,20 %, кальций 6,76 % және магний иондары 5,72 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Тараз МС – 17,6 мг/л, ең азы Нұрлыкент МС - 15,1 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 23,7 мкСм/см-ден (Нұрлыкент МС) 29,5 мкСм/см (Тараз МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл сипатта болып, 4,94 (Нұрлыкент МС) – 5,28 (Тараз МС) аралығында болды.



6.6 сур. Жамбыл облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

6.8 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 нүсанында жүргізіледі (Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Аса өзендерінің бассейн ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нүсанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ және Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Талас өзені суының температурасы 5,3 - 26,0⁰С аралығында, сутегі көрсеткіші 8,1, суда еріген оттегінің шоғыры 9,89 мг/дм³, ОБТ₅ 3,24 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 2,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Асса өзені суының температурасы 3,0 - 20,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,1, суда еріген оттегінің шоғыры 9,83 мг/дм³, ОБТ₅ 1,95 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Берікқара өзені суының температурасы 4,0 - 18,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры 9,41 мг/дм³, ОБТ₅ 1,55 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Билікөл көлі суының температурасы 3,5 - 29,5 ⁰С, сутегі көрсеткіші 8,1, суда еріген оттегінің шоғыры 8,87 мг/дм³, ОБТ₅ 14,5 мг/дм³. Негізгі иондар (магний 2,1 ШЖШ, сульфаттар 6,7 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 2,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,8 ШЖШ, мұнай өнімдері 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Шу өзені суының температурасы 4,03 - 22,06⁰С, сутегі көрсеткіші 7,8, суда еріген оттегінің шоғыры 9,61 мг/дм³, ОБТ₅ 3,59 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 2,4 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ақсу өзені суының температурасы 2,5 - 23,6⁰С, сутегі көрсеткіші 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры 10,3 мг/дм³, ОБТ₅ 3,76 мг/дм³. Негізгі иондар (магний 1,2 ШЖШ, сульфаттар 2,5 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 3,1 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қарабалта өзені суының температурасы 2,4 - 24,4⁰С, сутегі көрсеткіші 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры 10,7 мг/дм³, ОБТ₅ 3,63 мг/дм³. Негізгі иондар (магний 1,9 ШЖШ, сульфаттар 5,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 3,4 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тоқташ өзені суының температурасы 2,2 - 21,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры 10,2 мг/дм³, ОБТ₅ 3,25 мг/дм³. Негізгі иондар (магний 1,4 ШЖШ, сульфаттар 3,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 3,1 ШЖШ, марганец (2+) 1,9 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сарықау өзені суының температурасы 2,2 - 21,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,1, суда еріген оттегінің шоғыры 10,4 мг/дм³, ОБТ₅ 6,54 мг/дм³. Негізгі иондар (магний 1,8 ШЖШ, сульфаттар 4,8 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,5 ШЖШ, жалпы темір 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 3,7 ШЖШ, марганец (2+) 1,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тасөткел су қоймасы суының температурасы 4,0 - 24,2⁰С, сутегі көрсеткіші 8,1, суда еріген оттегінің шоғыры 11,5 мг/дм³, ОБТ₅ 4,57 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 2,1 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: «ластанудың жоғары деңгейі» – Қарабалта өзені; «ластанудың орташа деңгейі» – Талас, Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Тоқташ, Сарықау өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі.


2016 жылмен салыстырғанда Талас, Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Тоқташ, Сарықау өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі айтарлықтай өзгермеген; Қарабалта өзені нашарлаған.

ОБТ₅ бойынша Билікөл көлі – «ластанудың өте жоғары деңгейі»; Талас, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Тасөткел су қоймасы – «ластанудың орташа деңгейі»; Асса, Берікқара өзендері – «нормативті таза».

ОБТ₅ бойынша су сапасын 2016 жылмен салыстырғанда Талас, Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Билікөл көлі айтарлықтай өзгермеген; Тасөткел су қоймасы нашарлаған.

Оттегі режимі бірқалыпты.

Облыс аумағында Билікөл көлінде (ОБТ₅) 9 ЖЛ жағдайы тіркелген (5-кесте).



6.7 сур. Жамбыл облысы жер үсті су сапасының сипаттамасы

6.9 2017 жылдың көктем мезгіліндегі Жамбыл облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Тараз қаласының түрлі аудандарына алынған топырақ сынамасында хром концентрациясы 0,2-2,8 мг/кг, мырыш – 10,8-27,4 мг/кг, мыс – 0,3-3,5 мг/кг қорғасын – 16,3-84,4 мг/кг, кадмий – 0,2-0,3 мг/кг шамасында өзгерді.

Қаладағы түрлі аудандардағы көктем мезгіліндегі топырақ құрамындағы ауыр металдардың ШЖШ асуы:

- Мәдениет және демалыс саябағы ауданында қорғасын концентрациясы – 1 ШЖШ шамасын;

- қант зауыты ауданында мырыш концентрациясы 1,0 ШЖШ;

- №40 мектеп ауданында қорғасын концентрациясы 1,8 ШЖШ, мырыш – 1,2 ШЖШ;

- орталық алаң ауданында қорғасын концентрациясы 2,6 ШЖШ құрады.

Айналма жол аумағында алынған топырақ сынамаларындағы ауыр металдар концентрациясы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Күз мезгілінде Тараз қаласының түрлі аудандарына алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,36 - 1,21 мг/кг, мырыш – 12,4 - 22,9 мг/кг, мыс – 0,74 - 2,64 мг/кг, қорғасын – 27,6 - 53,2 мг/кг, кадмий – 0,13 - 0,27 мг/кг шамасында болды.

Қант зауыты ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,6 ШЖШ артуы анықталды.

№40 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,5 ШЖШ артуы анықталды. Мырыш құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Орталық алаң ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,7 ШЖШ артуы анықталды.

Айналма жолы мен мәдениет және демалыс саябағы ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Қаратау қаласында тау-кен қайта өңдеу комбинаты 500 м ауданында және метеостанция ауданында топырақ сынамаларында анықталатын ауыр металдар құрамы 0,3-23,2 мг/кг шамасында өзгеріп, рұқсат етілген нормадан асуы байқалмады.

Күз мезгілінде Қаратау қаласында тау-кен қайта өңдеу комбинаты 500 м ауданында және метеостанция ауданында хром құрамы 0,74-1,25 мг/кг, мырыш – 12,4 – 15,3 мг/кг, мыс – 1,54-2,06 мг/кг, қорғасын – 19,6-25,6 мг/кг, кадмий – 0,17 - 0,23 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан артпады.

Көктем мезгілінде Жанатас қаласы шетіндегі жаңармай құятын станция және тау-кен өндіру комбинатының ТКӨ ауданында алынған топырақ сынамасында кадмий, мырыш, қорғасын, хром, мыс құрамы 0,1-15,7 мг/кг шамасында өзгерді. ШЖШ асуы байқалмады.

Жанатас қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,47-1,21 мг/кг, мырыш – 12,6-19,6 мг/кг, мыс – 0,73-1,32 мг/кг, қорғасын – 22,6-34,2 мг/кг, кадмий – 0,08-0,33 мг/кг шамасында болды.

Қала шетіндегі жанармай құятын станция ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Тау-кен өндіру комбинатының ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Шу қаласында түрлі аудандарда алынған топырақ сынамасында қорғасын, мырыш, мыс, кадмий және хром құрамы 0,2-30,9 мг/кг шамасында болды. Қала орталығы және қалаға кіретін аумақ аудандарында барлық анықталатын қоспалар ШЖШ көлемінде болды.

Күз мезгілінде Шу қаласында түрлі аудандарда алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,49-0,83 мг/кг, мырыш – 5,4-15,1 мг/кг, мыс – 0,66-1,15 мг/кг, қорғасын – 17,3-36,6 мг/кг, кадмий – 0,15-0,18 мг/кг шамасында болды.

Қалаға кіретін аумақ аудандарындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Қала орталығы ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Қосалқы станция және **Қордай ауылы** орталығында алынған топырақ сынамаларында ауыр металдардың құрамы 0,1-29,7 мг/кг шамасында болды.

Күз мезгілінде Қордай кенті түрлі аудандарда алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,88-1,14 мг/кг, мырыш – 13,5-14,9 мг/кг, мыс – 1,17-1,57 мг/кг, қорғасын – 24,6-35,3 мг/кг, кадмий – 0,21-0,37 мг/кг шамасында болды.

Қосалқы станция ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Кент орталығы ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

6.10 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізіледі (6.8 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,11 – 0,21 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.8-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 3,7 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.8 сур. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкіртті сутек, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, аммиак



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=2 (төмен деңгей) құрады. СИ=4 (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксидімен (№ 5-бекет аумағында) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (1,2 - сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 3,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 4,5 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,96 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

7.2 Орал қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Орал қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – «Пластик» зауытының ауданы, Шолохов және Штыб көшелері; №2 нүкте – «Конденсат» АҚ ауданы, Шаған өз. арқылы көпір ауданы) жүргізілді. РМ-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№2 нүктеде күкірт сутегінің максималдық шоғыры 1,7 ШЖШ құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.2-кесте).

7.2-кесте

Орал қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
РМ-10 қалқыма бөлшектері	0,09	0,3	0,09	0,3
Күкірт диоксиді	0,02	0,03	0,02	0,03
Көміртегі оксиді	2,93	0,6	2,9	0,6
Азот диоксиді	0,11	0,57	0,17	0,87
Азот оксиді	0,03	0,07	0,07	0,19
Күкіртті сутегі	0,003	0,409	0,01	1,7
Көмірсулар	28,6	-	24,9	-
Аммиак	0,09	0,46	0,1	0,5
Формальдегид	0	0	0	0
Бензол	0,08	0,27	0,09	0,29


7.3 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.3-кесте).

7.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан



7.2-сурет. Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=2 (төмен деңгей) құрады. СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2 - сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озонның(жербеті) орташа шоғырлары 1,1 ШЖШ_{0.т.} құрады, ластаушы заттардың ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар күкіртті сутегі – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, аммиак-1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


7.4 Березовка кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.4-кесте).

7.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тупиковая көшесі, 1/6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, аммиак, озон, күкірттісутегі



7.3-сурет. Березовка кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.) атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=0 құрады. СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1, 2 - сур.).

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Ластаушы заттардың орташа және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


7.5 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.4-сур., 7.5-кесте).

7.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Январцево а.	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, аммиак, озон, күкірттісутегі



7.4-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жыдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.4-сур.) атмосфералық ауасының ластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=4 құрады. СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2- сур.).

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Күкірт диоксидінің орташа шоғырлары – 1,6 ШЖШ_{о.т.}, озонның (жербеті) – 1,6 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Көміртегі оксидінің максималды-бірлік шоғыры 1,9 ШЖШ құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

7.6 Январцево кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Январцево кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау (*Чинарево кенорнының ауданына жақын*) жүргізілді. РМ-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутектің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

РМ-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутегінің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.6-кесте).

7.6 -кесте

Январцево кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғыры

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	q _m мг/м ³	q _m ШЖШ
РМ-10 қалқыма бөлшектері	0,08	0,3
Күкірт диоксиді	0,017	0,035
Көміртегі оксиді	2,4	0,5
Азот диоксиді	0,097	0,5
Азот оксиді	0,13	0,33
Күкіртті сутегі	0,003	0,4
Көмірсулар	28,1	-
Аммиак	0,03	0,2
Формальдегид	0	0
Бензол	0,06	0,2

7.7 Батыс Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияларда (Ақсай, Жалпақтал, Каменка, Орал) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (7.5 сур.).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Кадмий шоғыры Каменка МС 1,8 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 37,3 %, сульфаттар 21,1 %, хлоридтер 11,04 %, кальций иондары 8,7 %, натрий иондары 8,3 % болды.

Ең үлкен жалпы минералдылығы Жалпақтал МС – 87,5 мг/л, ең азы Ақсай МС – 68,07 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 119,0 мкСм/см-ден (Орал МС) 147,3 мкСм/см (Жалпақтал МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтiсi аз сипатта болып, 6,35 (Ақсай МС) –6,74 (Орал МС) аралығында болды.

7.8 Батыс Қазақстан облысы бойынша 2016-2017 жж. арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияда (Жалпақтал, Каменка, Жамбейтi, Тайпак) (7.5-сурет) жүргiзiлдi.


Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шектi жол берiлген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 27,52 %, сульфаттар 21,22 %, хлоридтер 17,96 %, магний иондары 8,46 %, кальций иондары 7,35 %, натрий иондары 6,42 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Жалпақтал МС – 22,96 мг/л, ең азы Тайпак МС - 11,83 мг/л белгiлендi.

Қар жамылғысының үлестi электр өткiзгiштiгi 17,4 мкСм/см-ден (Тайпак МС) 44,9 мкСм/см (Жалпақтал МС) дейiнгi шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсiз қышқыл және орташа сипатта болып, 4,9 (Жамбейтi МС) – 5,9 (Тайпак МС) аралығында өзгердi..



7.5 сур. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

7.9 Батыс Қазақстан аумағындағы жер үсті су сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 9 су нысанында жүргізілді: Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен өзендері, Көшім арнасы, Шалқар көлінде.

Жайық өзен суының температурасы 0,2-24 °С, сутегі көрсеткіші 7,29, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,35 мг/дм³, ОБТ₅ - 2,36 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,3 ШЖШ, жалпы темір - 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Шаған өзенінде су температурасы 0,3-25 °С, сутегі көрсеткіші 7,24, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,69 мг/дм³, ОБТ₅- 2,49 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,5 ШЖШ, жалпы темір – 1,5 ШЖШ) бойынша нормадан асуы тіркелген.

Деркөл өзенінде су температурасы 0,4-23 °С, сутегі көрсеткіші 7,323, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,03 мг/дм³, ОБТ₅- 2,62 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,9 ШЖШ, жалпы темір – 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асуы тіркелген.

Елек өзенінде су температурасы 0,6-23°С, сутегі көрсеткіші 7,26, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,28 мг/дм³, ОБТ₅- 2,98 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,8 ШЖШ, жалпы темір – 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асуы тіркелген.

Шыңғырлау өзенінде су температурасы 0,2-17 °С, сутегі көрсеткіші 7,20, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,64 мг/дм³, ОБТ₅- 2,69 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 2,7 ШЖШ, магний – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Сарыөзен өзенінде су температурасы 0,2-28 °С, сутегі көрсеткіші 7,11, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,68 мг/дм³, ОБТ₅- 3,08 мг/дм³. Негізгі иондар (магний-1,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний - 1,1 ШЖШ, нитритті азот – 1,1 ШЖШ, жалпы темір – 1,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар-1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Қараөзен өзенінде су температурасы 0,1-26 °С, сутегі көрсеткіші 7,28, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,56 мг/дм³, ОБТ₅- 2,87 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,1 ШЖШ, жалпы темір – 1,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар-1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асуы тіркелген.

Көшім арнасында су температурасы 0,4-19°С, сутегі көрсеткіші 7,15, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,96 мг/дм³, ОБТ₅- 2,63 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,5 ШЖШ, жалпы темір – 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Шалқар көлінде су температурасы 0,8-20 °С, сутегі көрсеткіші 7,46, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,48 мг/дм³, ОБТ₅- 3,92 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер -6,7 ШЖШ, сульфаттар- 1,2 ШЖШ, кальций – 1,6 ШЖШ, магний – 6,2 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,6 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар-1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.


Батыс Қазақстан облысы аумағындағы Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен өзендері, Көшім арнасында, Шалқар көлінде су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланды.

2016 жылмен салыстырғанда, Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ, Шалқар көлінде су сапасы жақсарған, ал Көшім арнасында нашарлаған.

Оттегіні 5 тәулікте химиялық тұтыну шамасы бойынша су сапасы Сарыөзен өзені мен Шалқар көлінде «ластанудың орташа деңгейінде», ал Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Қараөзен өзендері, Көшім арнасында су сапасы «нормативті таза» деп бағаланды.

2016 жылмен салыстырғанда ОБТ₅ көрсеткіші бойынша су сапасы Сарыөзен өзені мен Шалқар көлінде нашарлаған, ал қалған өзендерде су сапасы өзгермеген.

Оттегі режимі бірқалыпты(4-кесте).



7.6 сур. Батыс Қазақстан облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

7.10 Батыс Қазақстан облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Орал қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамасында хром 0,9-1,2 мг/кг, қорғасын – 0,9-1,5 мг/кг, мырыш – 10,4-19,8 мг/кг, мыс– 2,1-2,7 мг/кг, кадмий 0,1-0,4 мг/кг шамасында болды.

Киров паркі аумағында, №11 мектеп, Әйтиев-Евразия автомагистралі, «Зенит» зауыты және саябақ аумағында барлық анықталатын ауыр металдар концентрациясы рұқсат етілген нормадан асуы байқалмады.

Күз мезгілінде Орал қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,61 - 1,18 мг/кг, қорғасын – 2,1 - 3,6 мг/кг, мырыш – 20,8 - 30,6 мг/кг, мыс – 3,1 - 8,4 мг/кг, кадмий 0,11 - 0,45 мг/кг шамасында болды.

Паркі ауданындағы топырақ сынамасында мыс құрамы 1,03 ШЖШ деңгейінде болды.

Шаған өз. 0,4 км «Зенит» зауыты шекарасы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 2,8 ШЖШ, мырыш – 1,2 ШЖШ артуы анықталды.

Шаған өз. 0,5 км «Зенит» зауыты шекарасы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,9 ШЖШ, мырыш – 1,3 ШЖШ артуы анықталды.

№11 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,4 ШЖШ артуы анықталды. Мырыш құрамы 1,05 ШЖШ деңгейінде болды.

Әйтиев-Евразия автомагистралі ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,4 ШЖШ артуы анықталды.

7.11 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 2 метеорологиялық стансада (Орал, Тайпақ) және Орал қаласының (№2, №3 ЛББ) және Ақсай (№4 ЛББ) Завтоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (7.7 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,02 – 0,25 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.12 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.7-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8 – 3,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.7 сур. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8 Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі


8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	аэрологиялық станса («Городской» әуежай ауданы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, фенол, формальдегид
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	
4			Бирюзов көшесі, 15 (жаңа Майқұдық)	
7			Ермеков көшесі, 116	
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
6			қалалық әкімдік (ескі әуежай ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан
8			аурухана ауданы (Пришахтинск шағын ауданы)	



8.1 сур. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (2.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары болып бағаланды. АЛИ = 8 (жоғары деңгей) құрады. СИ = 16 (>10 өте жоғары деңгей) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері (№8 бекет аумағында) (рис. 1, 2).

*2017 жылы 19 қаңтарда, 11, 12, 14, 15 ақпанда, 21, 25 қарашада, 7, 23 желтоқсанда №8 бекетте РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша 28 ЖЛ (10,01-15,92 ШЖШ) және 11 сәуірде №6 бекетте көміртегі оксиді бойынша 17 ЖЛ (10,2-14,5 ШЖШ) анықталды (2-кесте).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектері орташа шоғырлар бойынша – 2,1 ШЖШ_{о.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 2,1 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид – 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар қалқыма бөлшектері (шаң) – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 15,92 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 8,5 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 14,5 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 6,0 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,8 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.2 Қарағанды қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қарағанды қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (*№1 нүкте – Пришахтинск ауданы*) жүргізілді. Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутектің, көмірсулардың, аммиактың, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Күкіртті сутегінің максималды- бір реттік шоғыры 1,5 ШЖШ, фенол–1,3 ШЖШ.

Қалқыма бөлшектердің, күкірт диоксидінің, азот диоксиді мен оксидінің, көміртегі оксидінің, аммиактың, фенолдың, формальдегидтің шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.2-кесте).

8.2-кесте

Қарағанды қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Ластаушы заттар	$q_{m\text{мг/м}^3}$	$q_{m\text{ШЖШ}}$
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,08	0,2
Күкірт диоксиді	0,02	0,03
Көміртегі оксиді	2,1	0,4
Азот диоксиді	0,03	0,14
Азот оксиді	0,03	0,07
Күкіртті сутегі	0,012	1,5
Фенол	0,013	1,3
Көмірсулар	62,8	-
Аммиак	0,10	0,52
Формальдегид	0	0

8.3 Шахтинск қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Шахтинск қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (*№1 нүкте – Шахтинск ЖЭО, Парковая мен Құсайынова көшелерінің қиылысы, №2 нүкте- Қазақстандық шахтасы, 3-құрылыс тұйық көшесі және Гагарин көшесімен қиылысады*) жүргізілді. Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмірсулардың, аммиактың, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№1 нүктеде күкіртті сутегінің максималды шоғыры 1,6 ШЖШ, фенол –1,5 ШЖШ, азот диоксиді – 1,0 ПДК құрады.

№2 нүктеде күкіртті сутегінің максималды шоғыры 1,6 ШЖШ, фенол – 1,2 ШЖШ құрады.

Бақылау деректері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.3-кесте).

Шахтинск қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /шЖШ	q _m мг/м ³	q _m /шЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,07	0,14	0,07	0,14
Күкірт диоксиді	0,02	0,04	0,02	0,03
Көміртегі оксиді	2,1	0,4	2,1	0,4
Азот диоксиді	0,2	1,0	0,03	0,16
Азот оксиді	0,03	0,06	0,03	0,07
Күкіртті сутегі	0,013	1,6	0,013	1,6
Фенол	0,02	1,5	0,012	1,2
Көмірсулар	63,2	-	62,1	-
Аммиак	0,11	0,53	0,11	0,55
Формальдегид	0	0	0	0

8.4 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.4-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сәбитов ш-а (№ 6 ОМ маңы)	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді. №1,3 ЛББ кадмий,мыс, күшала, қорғасын, мырыш
3			Ленин мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	
4			Киров көшесі(аурухана қалашығы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон,күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы,аммиак, метан



8.2 сур. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2сур.) атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары болып бағаланды. АЛИ=6(көтеріңкі деңгей) құрады. СИ=20 (>10 өте жоғары деңгей) күкіртті сутегімен (№2 аумағында) анықталды.

*2017 жылы 26 наурызда, 11,12,13 сәуірде, 30 мамырда, 4,5 маусымда, 11 қыркүйекте, 19 қазанда №2бекетте күкіртті сутегі бойынша 13 ЖЛ (10,65-22,69 ШЖШ) және 1 ЭЖЛ (20,1 ШЖШ) жағдайы анықталды(2-кесте).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі «жоғарыдан» «көтеріңкіге» төмендеді.

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары– 1,2 ШЖШ_{о.т.}, қалқыма бөлшектердің (шаң) – 1,2 ШЖШ_{с.с.}, қорғасын – 2,5 ШЖШ_{с.с.} құрады, басқа ауыр металдардың және ластаушы заттар концентрациясы – ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар қалқыма бөлшектермен (шаң)– 5,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 5,9 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 22,69 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.5 Балқаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Шахтинск қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – 17 квартал, "Фудмарт" дүкен аумағында, №2 нүкте-Жұмыс кенті,

Жезқазған к-сі, №3 Балқаш 1-станциясы) жүргізілді. Қалқыма бөлшектердің (шаң), көміртегі оксидінің, көмірсутектер, бензол, көміртегі диоксиді, хлор сутегі, аммиак, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегінің, озон (жербеті) шоғырлары өлшенді.

№1 нүктеде озон (жербеті) шоғыры 2,3 ШЖШ құрады, қалған заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.3-кесте).

8.3-кесте

**Балқаш қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғыры**

Ластаушы заттар	№1		№2		q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ		
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,31	0,62	0,09	0,18	0,05	0,10
Көміртегі оксиді	3,78	0,76	4,6	0,9	4,8	0,96
Көмірсутектер	28,6		927,0		20,8	
Бензол	0,04	0,13	0,07	0,23	0,04	0,13
Көміртегі диоксиді	1390,0		1770		1730	
Хлор сутектер	0,02	0,10	0,02	0,10	0,07	0,35
Аммиак	0,13	0,65	0,02	0,1	0,01	0,050
Азот диоксиді	0,01	0,025	0,01	0,05	0,02	0,085
Азот оксиді	0,01	0,018	0,01	0,025	0,02	0,043
Күкіртті сутегі	0,003	0,4	0,003	0,4	0,003	0,4
Озон (жербеті)	0,37	2,3	0,01	0,05	0,01	0,04


8.6 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.5-кесте).

8.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3			Жастар көшесі, б (Металлургия алаңы)	
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жамиля көшесі, 4а/1	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак



8.3 сур. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды. АЛИ=8 құрады. СИ=9 күкіртті сутегімен (№ 1-бекет аумағында) және ЕЖҚ=31% фенолмен (№ 3-бекет аумағында) (1,2-сур.).

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғырлары – 2,1 ШЖШ_{с.с.}, фенол – 2,8 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксидінің – 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 4,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектер – 6,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектер – 4,7 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 4,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 4,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,9 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 4,95 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 9,3 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 5,5 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.7 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.6-кесте).

8.6- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері,

	сайын		аумағында	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкіртті сутек
--	-------	--	-----------	---



8.4-сур. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=1(төмен деңгей) құрады. СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=1%(көтеріңкі деңгей) анықталды(1,2-сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектері максималды-бірлік шоғырлары – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.8 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.7-кесте).

8.7- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне	қол күшімен	Дмитров көшесі, 212	Қалқыма бөлшектер (шаң),

	3 рет	алынған сынама(дискретті әдіс)	және Степан Рамзин көшесі	күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкіртті сутегі, фенол, аммиак
4	6- шағынаудан Амангелді/ Теміртаукөшелері			
5	3 «а» шағынауданы (құтқару стансасының ауданы)			
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкіртті сутегі, аммиак, формальдегид, көмірсутегісінің сомасы, метан



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5сур.) атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары болып бағаланды. АЛИ=8 (жоғары деңгей) құрады. СИ*=12 (>10 өте жоғары деңгей) күкіртті сутегімен (№2 бекет аумағында) (сур. 1, 2).

*2017 жылы 5 наурызда, 17 желтоқсанда №2 бекетте күкіртті сутегі бойынша 3 ЖЛ (10,1-11,9 ШЖШ) анықталды(2-кесте).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Қалқыма бөлшектер (шаң) орташа шоғырлары – 1,8 ШЖШ_{о.т.}, фенол - 2,3 ШЖШ_{о.т.}, аммиак -1,4ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 2,9ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді– 9,0ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 6,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді– 2,9ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді– 1,2ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 11,9 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 6,7 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 2,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.9 Қарағанды облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияларда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қарағанды ауыл-шаруашылық сынақ станциясы (АШСС) алынған жаңбыр суына сынама алумен (8.6 сур.) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Кадмий шоғыры Жезқазған МС 1,6 ШЖШ, Қарағанды АШСС МС – 2,2 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 35,5 %,сульфаттар 26,3 %, кальций иондары 10,96%, хлоридтер 9,3 %, магний иондары 6,8 %болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Жезқазған МС – 128,5 мг/л, ең азы Балқаш МС– 22,9 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі Қарағанды облысының аумағында 44,3 мкСм/см-ден (Балқаш МС) 220,0 мкСм/см (Жезқазған МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы орташа, сілтісі аз сипатта болып, 6,05 (Балқаш МС) – 6,8 (Жезқазған МС) аралығында болды.

8.10 Қарағанды облысы бойынша 2016-2017 жж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) (8.6-сурет) жүргізілді.

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары, кадмий мен қорғасынды қоспағанда шекті жол берілген шоғырдан (ШЖШ) аспады.


Жезқазған МС алынған қар сынамасында қорғасын бойынша 3,7 ШЖШ, кадмий - 3,9 ШЖШ асуы байқалған.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 36,9 %, сульфаттар 28,1 %, кальций иондары 11,5 %, натрий 7,03 %, магний иондары 4,9 %, хлоридтер 4,3 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Жезқазған МС – 34,47 мг/л, ең азы Қарағанды МС - 27,23 мг/л белгіленді.

Қарағанды облысы аумағында қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 41,6 мкСм/см-ден (Қарағанды МС) 57,8 мкСм/см (Жезқазған МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл және орташа сипатта болып, 5,45 (Қарағанды МС) – 5,65 (Балқаш МС) аралығында болды.



8.6 сур. Қарағанды облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

8.11 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 15 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Кокпекті, Қара Кеңгір өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, ағынды сулар арнасы, Ертіс-Қарағанды су арнасы, ағынды су арнасы, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұланкелді, Кокай, Нұра-Есіл арнасы, Балқаш.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Қара Кеңгір өзені – Сарысу өзенінің оң жақ саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан.

Нұраөзені: су температурасы 0–25,3°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,99 судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,63мг/дм³, ОБТ₅ –2,13 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,9 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 3,2 ШЖШ, фториттер – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 3,1 ШЖШ, мырыш – 1,8 ШЖШ, марганец (2+) – 3,8 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,3

ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы $0,00006 \text{ мг/дм}^3$, ең үлкен концентрациясы – $0,00038 \text{ мг/дм}^3$.

Самарқан су қоймасында: су температурасы $0-25,0^\circ\text{C}$ шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,08, судағы еріген оттегі концентрациясы $8,92 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 – $1,94 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – 1,7 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,8 ШЖШ, фториттер- 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,8 ШЖШ, мырыш – 1,8 ШЖШ, марганец (2+) – 2,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00004 \text{ мг/дм}^3$ жетті.

«Арселор Миттал Темир-Тау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арнасында су температурасы $3,0 - 25,0^\circ\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,70, судағы еріген оттегі концентрациясы – $8,71 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 – $2,32 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – 2,5 ШЖШ, магний – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,4 ШЖШ, нитритті азот – 2,5 ШЖШ, нитратты азот – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 3,2 ШЖШ, мырыш – 2,3 ШЖШ, марганец (2+) – 4,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы $0,00014 \text{ мг/дм}^3$, ең үлкен шамасы – $0,00048 \text{ мг/дм}^3$ құраған.

Соқыр өзені: су температурасы $0 - 27,2^\circ\text{C}$, сутегі көрсеткіші 8,01, судағы еріген оттегі концентрациясы – $8,36 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 – $2,77 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (хлоридтер -1,2 ШЖШ, сульфаттар – 3,2 ШЖШ, магний – 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 12,4 ШЖШ, нитритті азот – 22,2 ШЖШ, нитратты азот – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 4,0 ШЖШ, мырыш – 2,1 ШЖШ, марганец (2+) – 7,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы $0,00001 \text{ мг/дм}^3$, ең үлкен шамасы – $0,00004 \text{ мг/дм}^3$ құраған.

Шерубайнұра өзені: су температурасы $0 - 26,0^\circ\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,91, судағы еріген оттегі концентрациясы – $8,33 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 – $2,61 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (хлоридтер- 1,1 ШЖШ, сульфаттар – 3,3 ШЖШ, магний – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 11,7 ШЖШ, нитритті азот – 19,5 ШЖШ, нитратты азот – 1,1 ШЖШ, жалпы темір – 3,7 ШЖШ, фториттер – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 4,1 ШЖШ, мырыш – 2,2 ШЖШ, марганец (2+) – 7,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы $0,00001 \text{ мг/дм}^3$, ең үлкен шамасы – $0,00004 \text{ мг/дм}^3$ құраған.

Көкпекті өзені: су температурасы $6,6 - 25,2^\circ\text{C}$, сутегі көрсеткіші – 7,90, судағы еріген оттегі концентрациясы – $8,65 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 – $2,23 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (хлоридтер – 1,7 ШЖШ, сульфаттар – 2,3 ШЖШ, магний – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,1 ШЖШ, нитритті азот – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 3,6 ШЖШ, мырыш – 2,2 ШЖШ, марганец (2+) – 5,2 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00001 \text{ мг/дм}^3$ аз болды.

Кенгір су қоймасында су температурасы $0 - 24,4^{\circ}\text{C}$ шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,45, судағы еріген оттегі концентрациясы – $7,28 \text{ мг/дм}^3$, $\text{OBT}_5 - 2,40 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 4,8 ШЖШ, мырыш – 1,4 ШЖШ, марганец (2+) – 2,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00001 \text{ мг/дм}^3$ аз болды.

Қара Кенгір өзенінде су температурасы $0 - 25,2^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,48, судағы еріген оттегі концентрациясы $5,65 \text{ мг/дм}^3$, $\text{OBT}_5 - 4,60 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – 2,9 ШЖШ, магний -1,4 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 19,5 ШЖШ, нитритті азот – 4,5 ШЖШ жалпы темір – 3,1 ШЖШ, фториттер – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 6,5 ШЖШ, мырыш – 1,7 ШЖШ, марганец (2+) – 5,7 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00001 \text{ мг/дм}^3$ жетті.

Ертіс-Қарағанды арығы: су температурасы $0,2 - 20,6^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,61, судағы еріген оттегі концентрациясы – $8,86 \text{ мг/дм}^3$, $\text{OBT}_5 - 1,85 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір- 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,0 ШЖШ, мырыш – 1,4 ШЖШ, марганец (2+) – 3,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00001 \text{ мг/дм}^3$ аз болды.

Шолақ көлінде: су температурасы $8,6 - 25,6^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,06, судағы еріген оттегі концентрациясы – $8,20 \text{ мг/дм}^3$, $\text{OBT}_5 - 2,24 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – 1,9 ШЖШ, магний – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,4 ШЖШ, мырыш – 1,9 ШЖШ, марганец (2+) – 2,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00001 \text{ мг/дм}^3$ аз болды.

Есей көлінде: су температурасы $9,2 - 22,8^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,19, судағы еріген оттегі концентрациясы – $8,36 \text{ мг/дм}^3$, $\text{OBT}_5 - 2,21 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (хлоридтер – 2,0 ШЖШ, сульфаттар – 3,1 ШЖШ, магний – 1,9 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний - 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,9 ШЖШ, мырыш – 1,6 ШЖШ, марганец (2+) – 2,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00001 \text{ мг/дм}^3$ аз болды.

Сұлтанкелді көлінде: су температурасы $8,4 - 24,0^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,95, судағы еріген оттегі концентрациясы – $7,33 \text{ мг/дм}^3$, $\text{OBT}_5 - 1,71 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (хлоридтер – 1,4 ШЖШ, сульфаттар – 2,9 ШЖШ, магний – 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,2 ШЖШ, мырыш – 1,5 ШЖШ, марганец (2+) – 2,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері $0,00001 \text{ мг/дм}^3$ аз болды.

Кокай көлінде: су температурасы $8,5 - 24,2^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,12, судағы еріген оттегі концентрациясы – $8,63 \text{ мг/дм}^3$, $\text{OBT}_5 - 2,22 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (хлоридтер – 1,1 ШЖШ, сульфаттар – 2,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,8 ШЖШ, мырыш – 1,4 ШЖШ, марганец (2+) – 1,9 ШЖШ) бойынша шекті

жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Нұра-Есіл арнасы: су температурасы 7,9 – 21,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,01, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,00 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,08 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,5 ШЖШ, мырыш – 1,6 ШЖШ, марганец (2+) – 3,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Балқаш көлінде: су температурасы 12-26°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,52, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,96 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,40 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 1,2 ШЖШ, сульфаттар – 7,3 ШЖШ, магний – 2,6 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 2,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 8,5 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,7 ШЖШ), органикалық заттар (фенол – 1,4 ПДК, мұнай өнімдері – 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Қарағанды облысы жер үсті суларының су сапасы 2017 жылы келесі түрде бағаланады: «*ластанудың орташа деңгейіндегі*» су – Нұра, Көкпекті өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, ағынды сулар арнасы, Ертіс-Қарағанды және Нұра-Есіл арналары, Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Кокай көлдері; «*ластанудың жоғары деңгейіндегі*» су – Соқыр, Шерубайнұра, Қара Кеңгір өзендері мен Балқаш көлі.


2016 жылмен салыстырғанда Көкпекті өзені, Шолақ, Есей, Сұлтанкелді көлдерінде және Нұра-Есіл арнасында су сапасы жақсарған. Қалған су нысандарында айтарлықтай өзгерген жоқ.

ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы Қара Кеңгір өзенінде «*ластанудың орташа деңгейінде*»; қалған су нысандарында «*нормативті таза*» су деп бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда Кеңгір су қоймасында ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы жақсарған. Қалған су нысандарында айтарлықтай өзгерген жоқ.

Оттегі режимі бірқалыпты.


Облыс аумағында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Нұра өзені – 2 ЖЛ жағдайы, ағынды сулар арнасы – 1 ЖЛ жағдайы, Соқыр өзені – 22 ЖЛ жағдайы, Шерубайнұра өзені 21 ЖЛ жағдайы, Қара Кеңгір өзені – 3 ЭЖЛ жағдайы және 25 ЖЛ жағдайы(5-кесте).



8.7 сур. Қарағанды облысы жер үсті суы сапасының сипаттамасы



8.8 сур. Қорғалжын көлдері жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



8.9 сур. Балқаш көлі жер үсті суы сапасының сипаттамасы

8.12 Қарағанды облысының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті су сапасы

Нұра өзені. Фитопланктон жақсы дамыды. Су сынамасында балдырлардың барлық топтары кездесті. Диатомды және жасыл балдырлар басым болып, жалпы фитопланктон биомассаның 90% құрады. Көк-жасыл балдырлар мен басқа балдыр түрлері 10% құрады. Су сынамасындағы түрлер саны 10-20 аралығында болып, орташа саны 15 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,38 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,278 мг/дм³ тең болды. Сапроб индексі 1,77 – 1,88 аралығында болып, жалпы өзен бойынша орташа сапроб индексі 1,82 көрсетті. Яғни үшінші класқа сәйкес "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Есептегі айда зоопланктон әртүрлілігімен ерекшеленбеді. Су сынамасы 3-4 түрден құралды. Ескеқаяқты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 51% құрады. Соның ішінде *Eucyclops serrulatus* басымдылық көрсетті. Зоопланктонның жалпы биомассасының 44% талшықмұртты шаяндар, 5% домалақ құрттар құрады. Жалпы орташа саны 3,33 мың дана/м³, ал биомассасы 42,37 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,60 – 1,96 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,83. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Нұра өзені зерттеудің әр кезеңінде (көктем, жаз, күз) перифитон бірлестігінің әртүрлілігімен ерекшеленді. Көктем мезгілінде диатомды балдырлардан *Суматоплеура*, *Nitzschia*, *Rhoicosphenia*, *Synedra* түрлері жиірірек кездесті. Жасыл, көк-жасыл және кірпікшелі инфузориялар зерттелген аймақта бір данадан кездесті. Сапроб индексі 1,73-2,15 аралығында болды. Жазда балдыр топтарының құрамы өзгерді. Су сынамасында диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар, сонымен қатар кірпікшелі инфузориялар кездесті. Жасыл балдырлардан *Cosmarium*, *Pediastrum*, *Rhizoclonium*, көк-жасыл балдырлардан:

Gloeocapsa, *Gomphosphaeria*, *Oscillatoria* басымдылық көрсетті. "Орташа ластанған" су сапасын көрсетіп отыр. Кейбір тұстамаларда сапроб индексі 2,06-ға дейін көтерілді. Күз мезгілінде диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлардан басқа, су сынамасында эвгленалы балдырлар мен кірпікшелі инфузориялар кездесті. Сапроб индексі 1,68-2,12 аралығында болды. Кездескен түрлер бета-мезосапробты аймақты қамтыды. 2017жылдың орташа сапроб индексі 1,91 құрады. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зерттеу кезеңінде Нұра өзенінің зообентос құрамы бірқалыпты дамыды. Көктемде шаянтәрізділерден *Gammarus pulex* (χ - β -0,65), ұлулардан *Planorbis complanata*, *Pl.contortus*, *Pl.planorbis*, *Sphaerium corneum* (β - α -2,4) және *Valvata piscinalis* (β -1,7), ал жәндіктерден *Chaoborus* sp., *Hydroporus* sp., *Rhantus* sp. кездесті. Жаз мезгілінде зообентос төмендегідей таксономиялық топтардан құралды. Оларға ұлулар (*Bivalvia* мен *Gastropoda*), жәндіктер (*Insecta*), сүліктер (*Hirudinea*), шаянтәрізділер (*Crustacea*) жатады. Күзде шаянтәрізділер (*Crustacea*) - *Gammarus pulex* (χ - β -0,65), жәндік дернәсілдері (*Hemiptera*)-*Corixa* sp. (α - β -1,85), бауыраяқтылар (*Gastropoda*) мен қосжақтаулы ұлулар (*Bivalvia*) басымдылық танытты. Ұлулардан *Lymnaea auricularia* (β -2,15), *Lymnaea ovata* (α -2,15), *Pisidium casertanum* (α -1,15), *Pisidium obtusale* (α -1,2), *Sphaerium corneum* (β - α -2,4), *Sphaerium solidum* түрлері кездесті.

Нұра өзені бойынша тест-көрсеткіш нәтижесі төмендегідей: "Шешенқара ауылы"- 0%, "Балықты т/ж бекеті" - 0%, Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км жоғары..."- 1,2%, Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..."- 2%, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен..." - 0,2%, БИнтымақ су қоймасының төменгі бьефі - 0%, Ақмешіт ауылы – 0,8%. Өзен бойынша өлген дафниялар саны 0,6% құрады. Алынған мәліметтерге сәйкес Нұра өзенінің суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені. Фитопланктон бірлестігі жақсы дамыды. Диатомды балдырлар жалпы биомассаның 53%, ал жасыл балдырлар -45% құрады. Жалпы саны 0,47 мың дана/м³, жалпы биомассасы – 0,267 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 15. Сапроб индексі 1,89-ға тең болды. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі орташа дамыды. Негізгі рөлді талшықмұрттылар (38%), атқарып, ескекаяқтылар үлесіне 34%, домалақ құрттар 28% құрады. Жалпы саны 2,08 мың дана/м³, ал биомассасы 15,14 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,85. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Перифитон құрамы диатомды және жасыл балдырларға бай болды. Диатомды балдырлардан *Cyclotella meneghiniana*, *Gyrosigma acuminatum*, *Melozira varians* және *Stephanodiscus hantzschii* кездесті. Олардың кездесу жиілігі 5-9 құрады. Жасыл балдырлардан *Closterium* мен *Scenedesmus* түрлері жиі кездесті. Организмдердің негізгі бөлігі β -мезосапробты аймаққа кірді. 2016 жылмен салыстырғанда түр жағынан ешқандай өзгерістер болмады. Сапроб индексі 1,85-2,22 аралығында болды. 2017 жыл бойынша орташа сапроб индексі 2,02 құрап, су класы "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Судың өткір уыттылығын анықтау барысында өзен бойынша өлген дафниялардың бақылауға қатынасы (тест-көрсеткіш) пайызы 0,5% құрады. Өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Қара Кенгір өзені. Фитопланктонда диатомды балдырлар басымдылық танытып, 58% құрады. Ал жасыл балдырлар 33% жалпы биомассаны құруға қатысты. Көк-жасыл және басқа балдыр түрлері 9% құрады. Жалпы саны мен биомассасы 0,23 мың кл/см³, 0,101 мг/дм³. Су сынамаcындағы түр саны – 9. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,81, яғни 3-класс "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктонның түрлік құрамы орташа дамыған. Домалақ құрттар мен талшықмұрттылар шамамен бірдей 38% - 37% пайыздық мөлшерде болып, жалпы планктон санын құрады. Ескекаяқтылар үлесіне 25% тиді. Орташа түрлер саны – 5. Орташа жалпы саны 2,81 мың дана/м³, биомассасы 29,78 мг/м³. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,87, яғни "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Биотестілеу нәтижесіне сәйкес тірі қалған дафниялардың шамалы төмендегендіні байқалды. Тест-көрсеткіш төмендегідей нәтиже көрсетті: Жезқазған қаласы, «Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорны ағынды сулары шығарылымынан 0,2 км жоғары – 0,8%, «Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорны ағынды сулары шығарылымынан 0,5 км төмен - 4,18%, «Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорны ағынды сулары шығарылымынан 5,5 км төмен – 2,09%. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы. Фитопланктон жақсы дамыды. Негізін диатомды балдырлар құрады. Жалпы саны 0,31 мың кл/см³, биомассасы 0,244 мг/дм³. Су сынамаcындағы түрлер саны – 16. Сапроб индексі 1,74, яғни, 3 класс, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамаcы орташа дамыды. Оның негізін 87% ескекаяқты шаяндар жалпы планктон санын құрады. Талшық мұртты шаяндар - 12% , ал домалақ құрттар үлесіне 1% тиді. Жалпы орташа саны 4,61 мың дана/м³, ал биомассасы 45,79 мг/м³. Сапроб индексі 1,66 құрап, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігінде қалыпты дамыды. Көктемде диатомды балдырлар басымдылық көрсетіп, *Cymbella lanceolata*, *Melosira varians*, *Nitzschia vermicularis*, *Stephanodiscus astraea* түрлері кездесті. Сапроб индексі 1,98 көрсетті. Жаз мезгілінде диатомды балдырлардан басқа, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар, сонымен қатар кірпікшелі инфузориялар класс өкілдері кездесті. Сапроб индексі 1,89-1,95 аралығында болды. Орташа сапроб индексі 1,92 көрсетті. Күзде диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар басымдылық көрсетті. Диатомды балдырлардан *Amphora ovalis*, *Cymbella lanceolata*, *Gyrosigma acuminatum*, *Navicula gracilis*, *Nitzschia acicularis*, жасыл балдырлардан: *Pediastrum* және *Scenedesmus*, көк-жасыл балдырлардан: *Gloeocapsa sanguinea*, *Gomphosphaeria pusilla*, *Oscillatoria limnetica* және *Oscillatoria subtilissima*, эвгленалылардан - *Euglena spirogyra* түрлері кездесті. Кездесу жиілігі 1-2. Сапроб индексі 1,93. Жыл бойынша орташа сапроб индексі 1,91 көрсетті. Су класы - үшінші. Су сапасы "орташа ластанған".

Вегетациялық кезеңде су сынамаcында шаянтәрізділерден - *Gammarus pulex* (χ - β -0,65), жылғалықтар - *Stenophylax stellatus* (α - β -1,25) мен ұлулар: *Lymnaea ovata* (α - α -2,15), *Pisidium obtusale* (α -1,2), *Sphaerium corneum* (β - α -2,4), *Sphaerium solidum* мен *Unio pictorum* (β -1,75). Зообентостың негізгі массасын β -мезосапробты организмдер басым болды. Биотикалық индекс 2017 жылда 5-ке тең болды. "Орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны 99,5% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0,5%-ға тең. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

Кенгір су қоймасы. Фитопланктон жақсы дамыды. Саны мен биомассасы жағынан жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 49% құрады. Жалпы орташа саны 0,19 мың кл/см³, ал биомасса 0,148 мг/дм³ болды. Түр саны – 11. Сапроб индексі 1,70. Су класы – 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамаcы қалыпты дамыды. Ескеаяқты шаяндар 69% жалпы планктон санын құрап, басымдылық көрсетті. Талшық мұртты шаяндар 25%, домалақ құрттар 6% құрады. Орташа саны 4,89 мың дана/м³, биомассасы 50,29 мг/м³. Сапроб индексі 1,73, су класы – үшінші, яғни "орташа ластанған".

Биотестілеу нәтижесіне сәйкес, суқойма суының тест-нысанға уытты әсер етпейтіні анықталды. Тірі қалған дафниялар пайызы 99,7% құрады. Тест-көрсеткіш 0,3% көрсетті.

Қорғалжын көлдері. Шолақ көлі. Фитопланктон негізін диатомды балдырлар құрап, жалпы биомассаның 57% көрсетті. Жасыл және көк-жасыл балдырлар биомассаның 43% құрады. Басқа балдыр топтары кездеспеді. Альгофлораның жалпы орташа саны 0,25 мың дана/м³, ал биомассасы 0,193 мг/м³, су сынамаcындағы түрлер саны – 14. Сапроб индексі 1,80, яғни, 3 класс, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Есептегі айдазоопланктон бірлестігі қалыпты дамыған. Ескекаяқты шаяндар басым болып, 77% зоопланктонның жалпы санын құрады. Талшық мұрты шаяндар үлесіне 22,07%, ал домалақ құрттар үлесіне 0,03% тиесілі болды. Жалпы саны 3,02 мың дана/м³, биомассасы 44,1 мг/м³. Олиго-бета-мезосапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,72.

Перифитон құрамы диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Көктемде альгоценоз диатомды балдырлардан *Caloneis*, *Gomphonema*, *Navicula*, *Nitzschia* сияқты түрлері кездесті. Жасыл және көк-жасыл балдырлар кездеспеді. Жаз мезгілінде диатомды балдырлардан *Cumatopleura solea*, *Cymbella lanceolata*, *Diatoma vulgare*, *Rhopalodia gibba*, жасыл балдырлардан: *Closterium*, *Cosmarium*, *Pediastrum*, *Scenedesmus*; көк-жасыл балдырлардан: *Gloeocapsa*, *Gomphosphaeria* мен *Microcystis* кездесті. Күзде перифитон жақсы дамыды. Кездесу жиілігі 7- 9 көрсетті. Сапроб индексі маусымдар бойынша өзгерді: көктемде – 2,23, жазда – 1,85, күзде – 1,78. Орташа сапроб индексі 2017 жылы – 1,93, ал 2016 жылы – 1,99 көрсетіп, су сапасының шамалы жақсарғанын көріп отырмыз. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зерттеу нәтижесіне сәйкес, көктем мен жаз мезгілінде зообентос ұлулардан, шаянтәрізділерден және жәндік дернәсілдерінен құралды. Су сынамаcында ұлулардан *Anodonta cygnea*, *Pisidium pusillum*, *Planorbis planorbis* және *Planorbis*

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 30,4 %, гидрокарбонаттар 24,97 %, хлоридтер 13,6 %, натрий иондары 11,3 %, кальций иондары 9,4 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Арал теңізі МС – 95,6 мг/л, ең азы Қызылорда МС – 40,4 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 65,9 мкСм/см-ден (Қызылорда МС) 174,6 мкСм/см (Арал теңізі МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтісі аз сипатта болып, 6,3 (Қызылорда МС)– 6,8 (Арал теңізі МС) аралығында болды.



10.5 сур. Қызылорда облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

10.6 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті су сапасы


Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 2 су нысанында жүргізіледі: Сырдария өзені және Арал теңізі.

Сырдария өзені суының температурасы 2,6 - 27,1°C, сутегі көрсеткішінің орташа мәні – 7,8, суда еріген оттегінің шоғыры 5,34 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 1,2 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,3 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,6 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Арал теңізі суының температурасы 2,0 - 5,2°C, сутегі көрсеткішінің –8,03, суда еріген оттегінің шоғыры 5,95, мг/дм³, ОБТ5 1,16 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,4 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,7 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,4 ШЖШ), бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сырдария өзені және Арал теңізі суының сапасы «ластанудың орташа деңгейі» болып бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда Сырдария өзені мен Арал теңізі су сапасы жақсарған(4-кесте).



10.6 Қызылорда облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

10.7 Қызылорда қаласы мен Қызылорда облысы бойынша шаруашылық-ауыз су және мәдени-тұрмыстық су пайдаланудың су сапасы

2017 жылдың шаруашылық ауыз су санаты бойынша судың сынамасына қалалық су жинаудан (Тасбөгет кенті, Шүкіров көшесі) – су таратылатын су (тарататын жүйеге түспес бұрын), ашық су айдынынан (Сырдария өзенінен тазалауға және сүзгіге дейін келген су), жерасты көздерінен - терең ұңғымалардан (ұңғыма – 100-120 м су жинау) алынған су сынамаларына химиялық талдау жүргізу үшін алынды. Облыс аудандарында су сынамаларын таңдау - аудандық ашық су айдынынан (Сырдария өзенінен тазалауға және сүзгіге дейін келген су), жер асты көздерінен – терең ұңғымалардан, су құбыры және

орталықтандырылмаған сумен жабдықтау желісінен (құдықтар, тарту колонкалар) жүргізіледі.

Қалалық және аудандық су жинаудан, терең ұңғымалардан және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көздерінен алынған су сынамаcы сапасының негізгі көрсеткіштері, шаруашылық ауыз су және мәдени – тұрмыстық су пайдаланудағы су объектілерінің судағы зиянды заттардың ШЖШ мәні, су құбыры үшін - ауыз суда құрамындағы зиянды заттардың гигиеналық нормативі (5 Қосымша) болып табылады.

2017 жылдың Қызылорда қаласы бойынша ашық су айдындарында: түстілік – 2,6 ШЖШ, лайлылық – 1,1 ШЖШ, құрғақ қалдық – 1,3 ШЖШ, магний -1,1 ШЖШ, тұтқырлық – 1,2 ШЖШ.

Терең ұңғымаларда арту келесі ингредиенттер: түстілік 1,0 ШЖШ.

Су құбырындағы ауыз су сапасы: түстілік – 1,1 ШЖШ. (2.1-кесте).

Қызылорда облысы бойынша ауыз судың негізгі ластаушылары – түстілік, лайлылық, тұтқырлық, сульфаттар, құрғақ қалдық, магний болып табылады.

Облыс бойынша ашық су айдындарында ШЖШ арту келесі ингредиенттер: лайлылық 1,0-1,2 ШЖШ; түстілік 1,1-2,4 ШЖШ; құрғақ қалдық 1,0–1,4 ШЖШ; тұтқырлық 1,1–1,2 ШЖШ; магний 1,1-1,2 ШЖШ.

Облыс аумағы бойынша орталықтандырылмаған су көздерінде арту келесі ингредиенттер: түстілік 1,1-1,5 ШЖШ, лайлылық 1,1-1,2 ШЖШ, сульфаттар 1,1 ШЖШ, құрғақ қалдық 1,0 ШЖШ; тұтқырлық – 1,0-1,1 ШЖШ, магний 1,2 ШЖШ.

10.8 Қызылорда облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Қызылорда қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаcында хром - 0,4-0,8 мг/кг, қорғасын 16,0-50,2 мг/кг, мырыш – 7,2-19,5 мг/кг, кадмий – 0,2-0,3 мг/кг, мыс – 0,9-4,4 мг/кг шамасында өзгерді.

Теміржол бекеті аумағында қорғасын концентрациясы 1,6 ШЖШ болды.

Су жинайтын бөген (фильтрлеу алаңына шығу, бассейн бастамасы) қорғасын концентрациясы 1,1 ШЖШ, мыс - 1,0 ШЖШ құрады.

Абай аулындағы суландыру алқабы ауданында мыс концентрациясы 1,5 ШЖШ құрады.

Демалыс орны аумағында (пионер саябағы) және күл қоқыс үйінділері ауданынан (оңтүстікке 500 м) алынған топырақ сынамаcында ауыр металдар концентрациясы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Барлық нүктелердегі хром концентрациясы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Күз мезгілінде Қызылорда қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаcында хром шоғыры 0,22 - 1,54 мг/кг, қорғасын 14,6 - 41,4 мг/кг, мырыш – 12,4 - 45,8 мг/кг, кадмий – 0,12 - 0,18 мг/кг, мыс – 0,65 - 3,25 мг/кг шамасында болды.

Теміржол бекеті аумағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,3 ШЖШ артуы анықталды.

Күл-қоқыс үйінділері ауданындағы (оңтүстікке 500 м) топырақ сынамасында мырыш бойынша 2,0 ШЖШ, қорғасын – 1,3 ШЖШ артуы анықталды.

Су жинайтын бөген (фильтрлеу алаңына шығу, бассейн бастамасы) және Абай аулындағы суландыру алқабы ауданындағы топырақ сынамаларында мырыш бойынша 1,2 ШЖШ, мыс – 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Демалыс орны аумағында (пионер саябағы) барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

Барлық нүктелердегі хром шоғыры норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Байқоңыр қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасындағы хром концентрациясы 0,1-0,5 мг/кг, қорғасын 6,3-12,1 мг/кг, мырыш – 9,1-21,5 мг/кг, кадмий – 0,05-0,07 мг/кг, мыс – 0,3-3,1 мг/кг шамасында өзгеріп, рұқсат етілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Байқоңыр қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларындағы хром шоғыры 0,36 - 0,67 мг/кг, қорғасын – 7,7 - 16,3 мг/кг, мырыш – 6,8 - 12,4 мг/кг, кадмий – 0,13 - 0,23 мг/кг, мыс – 0,84 - 1,22 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

10.9 Қызылорда қаласы және Қызылорда облысының экспедициялық бақылау мәліметтері бойынша радиациялық фонының деңгейі

Қызылорда қ. және Қызылорда облысы бойынша радиациялық гамма-фон (экспозициялық доза қуаттылығы) шекті норма шегінде (0,06 – 0,15 мкЗв/сағ.) болды, бұл облыс тұрғындары үшін іс жүзінде қауіпті емес.

10.10 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Қызылорда, Арал, Шиелі) және Қызылорда қаласының (№3 ЛББ), Ақай (№1 ЛББ) және Төретам (№1 ЛББ) кенттерінің 3 автоматты бекетінде, Қызылорда қаласы және Қызылорда облысының экспедициялық бақылау жүргізіледі (10.7 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,06 – 0,27 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

10.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.7 сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,5 – 3,2 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



10.7 сур. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостанцияларының орналасу сызбасы

11 Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі


11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	1 шағынаудан, Жайық-Каспий экология департаментінің аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар, аммиак, күкірт қышқылы
4			« Морпорт Ақтау» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) аумағында	
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан
6			31 шағынауданы, № 10 учаскесі	



11.1 сур. Ақтау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1 сур.) қаланың атмосфералық ауасы

ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды. АЛИ=6 (көтетеріңкі деңгей) құрады. СИ=8 (жоғары деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектермен (№5 бекет аумағында) және ЕЖҚ=2% (көтетеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектерімен (№6 бекет аумағында) (1,2 сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі «төменнен» «көтеріңкіге» жоғарылады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғыры 1,4 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 1,8 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды-бірлік шоғыры 1,0 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 3,9 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 8,3 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,4 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,2 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2 - кесте).

11.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	әкімшіліктің маңы	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан
2			метеостансаның маңы	



11.2 сур. Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=1 (төмен деңгей) құрады. СИ=4 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1, 2 сур).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ дан аспады.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлар– 2,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді– 1,5ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді– 1,4ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді– 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,7 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


11.3 Бейнеу кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (11.3-сур., 11.3-кесте).

11.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бейнеу ауданы, Восточная	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті



11.3 сур. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды. АЛИ= 2 (төмен деңгей) құрады. СИ=9 (жоғары деңгей) және ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі «көтеріңкіден» «төменге» төмендеді.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 3,8 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 9,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

11.4 Қошқар-Атақалдық қоймасы аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау «Қошқар-Ата» қалдық қоймасында жүргізілді. PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртсутегі, көмірсулар қосындысының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.4-кесте).

11.4-кесте

«Қошқар-Ата» к/қ эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,2	0,7
Күкірт диоксиді	0,02	0,034
Көміртегі оксиді	3,2	0,6
Азот диоксиді	0,02	0,09
Азот оксиді	0,01	0,03
Күкіртсутегі	0,01	0,8
Көмір сутегісінің сомасы	26,4	-
Аммиак	0,01	0,1

11.5 Баутина кенті аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау Баутина кентінде жүргізілді. PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртсутегі, көмірсулар қосындысының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.5-кесте).

11.5-кесте

Баутина кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,11	0,4
Күкірт диоксиді	0,03	0,1
Көміртегі оксиді	2,4	0,5
Азот диоксиді	0,01	0,07
Азот оксиді	0,01	0,03
Күкіртсутегі	0,01	0,7
Көмір сутегісінің сомасы	15,1	-
Аммиак	0,02	0,10

11.6 Маңғыстау облысының кен орындарындағы атмосфералық ауа жай - күйі

Доңға және Жетібай кенорындарының күкірт сутегінің шоғыры 2,25 ШЖШ құрды, басқакенорындарының нүктелерінде қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, аммиактың, және көмірсулар қосындысының максимальді шоғырлары шекті жол берілген нормадан аспады.

11.7 Маңғыстау облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияларда (Ақтау, Форт-Шевченко) алынған жаңбыр суына сынама алумен (11.4-сурет) жүргізілді.


Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 31,7 %, хлоридтер 19,97 %, сульфаттар 15,6 %, натрий иондары 10,04 %, калий иондары 9,8 %, кальций иондары 8,1 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Форт-Шевченко МС 250,5 мг/л, ең азы Ақтау МС– 47,4 мг/л құрады.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі Ақтау МС – 74,2 мкСм/см, Форт-Шевченко МС– 426,6 мкСм/см құрады.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтiсi аз сипатта болып, 6,5 (Ақтау МС)– 6,7 (Форт-Шевченко МС)аралығында болды.



11.4 сур. Маңғыстау облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

11.8 Маңғыстау облысы аумағындағы Орталық Каспий теңіз суының сапасы

Теңіз суы сапасына бақылау жүргізу келесі жағалық стансалар мен ғасырлық кескіндерде жүргізілді: Форт-Шевченко, Фетисов, Қаламқас Дивичи – Кендірлі (3 нүкте), Құмды – Дербент (3 нүкте), Маңғышлақ – Шешен аралы (3 нүкте), «ММГ» АҚ жағалаулық дамба су айдыны, (3 нүкте), Құрық ауданы (3 нүкте), Орталық және Оңтүстік Каспий шекара аумағы (3 нүкте), "Ақтау теңіз

порты" арнайы экономикалық аймақ су айдыны (4 нүкте), Қаражанбас және Арман кен орындары.

Теңіз суы сынамаларында қалқыма бөлшектер, рН, суда еріген оттегі, басты иондар, биогенді заттар, органикалық лаптауыштар (мұнай өнімдері, фенолдар), жеңіл тотығатын органикалық заттар (ОБТ₅ бойынша) мен ауыр металдардың мөлшері талданды.

Орталық Каспий су температурасы 2,0-24,7°C, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 7,96, суда еріген оттегі – 8,86 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,5 мг/дм³ болды. ШЖШ асу байқалмаған.

2017 жылы Орталық Каспийде су сапасы СЛКИ бойынша «*нормативті таза*» деп сипатталды. 2016 жылмен салыстырғанда теңіз суы сапасы өзгермеген

11.9 Маңғыстау облысының жағалаулық станциялар мен кен орындары аумағындағы теңіз түпкі шөгінділердің ластану жай-күйі

(Форт–Шевченко, Фетисово, Қаламқас), жағалаулық стансаларда, (Арман, Қаражанбас) кен орындарында, «МаңғыстауМұнайГаз» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі «ММГ» АҚ) жағалауындағы бөген су айдынында, Орта Каспийдің Құрық кенті ауданында және Орта және Оңтүстік Каспийдің(Адамтас шамшырағы) шекаралық аумағында, Кендерли-Дивичи, Песчаный-Дербент, Маңғышлақ-Чечень ғасырлық тілімдерде теңіз түпкі шөгінділеріне сынама алынды. Мұнай өнімдері және металдардың (мыс, никель, хром (6+), марганец, қорғасын және мырыш) бар болуы талданды.

Көктем мезгілі

Жағалаулық станциялар Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,24-1,38 мг/кг, хром – 0,03-0,05 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,03-0,04%, мырыш – 1,38-1,46 мг/кг, никель – 1,38-1,42 мг/кг, қорғасын – 0,004 мг/кг және мыс – 1,68-1,78 мг/кг шегінде болды.

Кен орындар Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,36-1,44 мг/кг, хром – 0,024-0,032 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,036-0,038%, мырыш – 0,32-0,36 мг/кг, никель – 1,28-1,32 мг/кг, мыс – 1,62-1,68 мг/кг және қорғасын – 0,003-0,004 мг/кг шегінде болды.

«ММГ» АҚ жағалауындағы бөген су айдыны Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,36-1,44 мг/кг, хром – 0,012-0,018 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,022-0,032%, мырыш – 0,28-0,38 мг/кг, никель – 1,02-1,16 мг/кг, қорғасын – 0,003-0,004 мг/кг және мыс – 1,12-1,26 мг/кг шегінде болды.

Орта және Оңтүстік Каспийдің (Адамтас шамшырағы) шекаралық аумағы Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,26-1,34 мг/кг, хром – 0,022-0,028 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,03-0,04%, мырыш – 0,38-0,42 мг/кг, никель – 1,26-1,32 мг/кг, мыс – 1,32-1,38 мг/кг және қорғасын – 0,003-0,004 мг/кг шегінде болды.

Құрық к. ауданы Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,28-1,36 мг/кг, хром – 0,02-0,03 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,026-0,034%,

мырыш – 0,38-0,44 мг/кг, никель – 1,38-1,40 мг/кг, қорғасын – 0,003-0,004 мг/кг және мыс – 1,52-1,65 мг/кг шегінде болды.

Дивичи–Кендірлі, Песчаный–Дербент, Маңғышлақ–Чеченьғасырлық тілімдерде теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдері бар болуы 221,6-362,1 мг/кг, мыс – 1,35-2,03 мг/кг, хром – 0,67-1,18 мг/кг, никель – 1,31-2,2 мг/кг, марганец – 3,41-4,56 мг/кг, мырыш – 2,17-3,03 мг/кг, қорғасын және кадмий 0,0 мг/кг шегінде болды.

«Ақтау теңіз порты» АЭА айдынындағы 10 нүктелерінде теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,58-1,78 мг/кг, марганец – 1,14-1,32 мг/кг, хром – 0,026-0,044 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,022-0,032%, қорғасын – 0,0026-0,0042 мг/кг, мырыш – 1,08-1,32 мг/кг, никель – 1,08-1,32 мг/кг шегінде болды.

Күз мезгілі

Жағалаулық станциялар Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,62-1,72 мг/кг, марганец – 1,28-1,32 мг/кг, хром – 0,034-0,052 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,028-0,038%, мырыш – 1,3-1,52 мг/кг, никель – 1,36-1,44 мг/кг, қорғасын – 0,0032-0,0038 мг/кг шегінде болды.

Кен орындар Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,58-1,62 мг/кг, марганец – 1,32-1,4 мг/кг, хром – 0,02-0,028 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,032-0,034 %, мырыш – 0,32-0,34 мг/кг, никель – 1,24-1,36 мг/кг және қорғасын – 0,0028-0,0044 мг/кг шегінде болды.

«ММГ» АҚ жағалауындағы бөген су айдыны Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,16-1,26 мг/кг, марганец – 1,34-1,42 мг/кг, хром – 0,014-0,016 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,026-0,032%, мырыш – 0,3-0,32 мг/кг, никель – 1,12-1,16 мг/кг, қорғасын – 0,0032-0,0038 мг/кг шегінде болды.

Орта және Оңтүстік Каспийдің (Адамтас шамшырағы) шекаралық аумағы Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,27-1,32 мг/кг, марганец – 1,22-1,36 мг/кг, хром – 0,02-0,024 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,0042-0,0052%, мырыш – 0,32-0,4 мг/кг, никель – 1,24-1,29 мг/кг және қорғасын – 0,003-0,0035 мг/кг шегінде болды.

Құрық к. ауданы Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,5-1,67 мг/кг, марганец – 1,27-1,35 мг/кг, хром – 0,02-0,034 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,0028-0,0034%, мырыш – 0,36-0,42 мг/кг, никель – 1,36-1,4 мг/кг, қорғасын – 0,003-0,0037 мг/кг және шегінде болды.

Дивичи–Кендірлі, Песчаный–Дербент, Маңғышлақ–Чеченьғасырлық тілімдерде теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 3,91-4,44 мг/кг, хром – 1,05-1,33 мг/кг, мұнай өнімдері – 253,50-387,5 мг/кг, мырыш – 2,53-3,15 мг/кг, никель – 1,48-2,18 мг/кг, қорғасын және кадмий 0,0 мг/кг, мыс – 1,467-2,048 мг/кг шегінде болды.

«Ақтау теңіз порты» АЭА айдынындағы 10 нүктелерінде теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,55-1,75 мг/кг, марганец – 1,12-1,3 мг/кг, хром – 0,026-0,042 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,0024-0,0035%, қорғасын – 0,0022-0,004 мг/кг, мырыш – 1,1-1,27 мг/кг, никель – 1,15-1,3 мг/кг шегінде болды.

11.10 Маңғыстау облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Ақтау қаласында «Каспий Ак» көлік салонының санитарлы қорғау аймағы аумағында, орталық жол аумағында, ЖЭС-1 Санитарлы-қорғау аймағы аумағында, 26 мөлтек ауданындағы №14 мектеп аумағында және «Ақбота» саябағы аумақтарында алынған топырақ сынамасында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром концентрациялары 0,003 – 1,4 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен аспады.

Күз мезгілінде Ақтау қаласында «Каспий Ак» көлік салонының санитарлы қорғау аймағы аумағында, орталық жол аумағында, ЖЭС-1 Санитарлы-қорғау аймағы аумағында, 26 мөлтек ауданындағы №14 мектеп аумағында және «Ақбота» саябағы аумақтарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,003 – 1,5 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Бейнеу кентінде «Жібекжолы» ЖШС аумағында, орталық жол («Айко» ЖҚС), Алтынсарин атындағы № 2 мектеп, «БекетАта» мешіті және №1 жол айрығы аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром концентрациясы 0,002 – 1,4 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Бейнеу кентінде «Жібекжолы» ЖШС аумағында, орталық жол («Айко» ЖҚС), Алтынсарин атындағы № 2 мектеп, «Бекет Ата» мешіті және №1 жол айрығы аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,003 – 1,3 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Жанаөзен қаласында алынған топырақ сынамасы спорткешен ауданы, №7 мектеп, мұнайшылар МҮ, «Аден» дүкені және «Бұрғылау» ЖШС аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром концентрациясы 0,01 – 1,4 мг/кг шамасында болып рұқсат етілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Жанаөзен қаласында спорткешені ауданында, №7 мектеп, мұнайшылар МҮ, «Аден» дүкені және «Бұрғылау» ЖШС аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,01 – 1,36 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Форт – Шевченко қаласында алынған топырақ сынамасы Мыңбаев атындағы мектеп ауданы, бұрыңғы саябақ («Ая» кафесі), орталық жол, «Достық» қонақ үйі және Аджип ККО компаниясы (Казахстан НортКаспианОперейтинг Компаниясы) ауанында мыс, кадмий, қорғасын, мырыш және хром концентрациялары 0,003 – 1,6 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Форт – Шевченко қаласында Мыңбаев атындағы мектеп ауданы, бұрыңғы саябақ («Ая» кафесі), орталық жол, «Достық» қонақ үйі және Аджип ККО компаниясы (Казахстан НортКаспианОперейтинг Компаниясы) ауанында мыс, кадмий, қорғасын, мырыш және хром шоғырлары 0,003 – 1,57 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Қошқар- Ата қалдық сақтау қоймасы ауданында алынған топырақ сынамасындағы қорғасын, кадмий, мыс, хром және мырыш 0,012-1,4 мг/кг шамасында болды және рұқсат етілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Қошқар- Ата қалдық сақтау қоймасы ауданында қорғасын, кадмий, мыс, хром және мырыш шоғырлары 0,01 – 1,2 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Дунга (3 нүкте), Жетібай (3 нүкте) кен орындары мұнай өнімдерінің шоғыры 0,028-0,040 % шегінде болды, хромның (6+), марганецтің, қорғасынның, мырыштың, никелдің, мыстың бар болуы жол берілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Дунга (3 нүкте), Жетібай (3 нүкте) кен орындарында түрлі аудандардан нүктелерден алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы 0,002-0,01 мг/кг, мырыш – 0,24-0,4 мг/кг, мыс – 1,24-1,6 мг/кг, хром – 0,02-0,07 мг/кг, марганец – 1,17-1,4 мг/кг, мұнайөнімдері – 0,03-0,04 мг/кг, никель – 1,1-1,6 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Қаражанбас және Арман кен орындарында мұнай өнімдерінің шоғыры 0,026 - 0,032 % шегінде болды, хромның (6+), марганецтің, қорғасынның, мырыштың, никелдің, мыстың бар болуы жол берілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Қаражанбас (1 нүкте), Арман (1 нүкте) кен орындарында түрлі аудандардан нүктелерден алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы 0,004-0,006 мг/кг, мырыш – 0,35-0,43 мг/кг, мыс – 1,3-1,4 мг/кг, хром – 0,028-0,029 мг/кг, марганец – 1,18-1,35 мг/кг, мұнайөнімдері – 0,025-0,03 мг/кг, никель – 1,0-1,12 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Морпорт аумағындағы барлық нүктелерде мұнай өнімдерінің шоғырлары 0,02 -0,04 % жетті. Барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан асқан жоқ.

Анықталатын заттардың құрамы топырақ үшін бекітілген шекті жол берілген шоғырлар (ШЖШ) мәнімен салыстырылды (4 - қосымша).

11.11 Маңғыстау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 4 метеорологиялық стансада (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар- Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (*№1, №2 ЛББ*) 2автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (11.5 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07 – 0,28 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

11.12 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.5 сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,5 – 4,2 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



11.5 сур. Маңғыстау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

12 Павлодар облысының қоршаған орта жай-күйі

12.1 Павлодар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (12.1-сур., 12.1-кесте).

12.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Камзин мен Чкалов көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, фенол, хлор, хлорлы сутегі
2			Айманов көшесі, 26	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ломов көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, көмірсутегісінің сомасы, метан
4			Қазправда көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, метан
5			Естай көшесі, 54	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан
6			Затон көшесі, 39	

Этилбензол шоғыры - 4,8 ШЖШ_{м.б.}, бензол - 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады. Бақылау деректері бойынша басқа ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады(12.2-кесте).

12.2-кесте

Павлодар қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	$q_{m} \text{мг/м}^3$	$q_{m} / \text{ШЖШ}$
Амиак	0,008	0,04
Формальдегид	0	0
Фтор сутегі	0,001	0,05
Бензин	2,898	0,58
Бензол	0,33	1,1
Этилбензол	0,097	4,8


12.3 Екібастұз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (12.2-сур., 12.3-кесте).

12.3 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	8 ш-а, Беркембаев және Сәтбаев көшелері	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мәшкүр Жүсіп көшесі, 118/1	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкірттісутегі, көмір сутегінің сомасы, метан
3			Машкүр Жүсіп көшесі, сорғыш бұрқақ стансаның маңы	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан



12.2-сур. Екібастұз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=3(төмен деңгей) құрады. СИ=4(көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=1%(көтеріңкі деңгей).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары 1,1 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 3,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 4,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,8 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

12.4 Ақсу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (12.3-сур., 12.4-кесте).

12.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі, 4	РМ-10 қалқыма бөлшектері,

	минут сайын		«Г»	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкіртті сутегі, көмірсутегісінің сомасы, метан
--	-------------	--	-----	--



12.3 сур. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі төмен болып бағаланды. АЛИ=1(төмен деңгей) құрады. СИ=4 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (1,2-сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегінің максималды-бірлік шоғырлары 3,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

12.5 Павлодар облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияларда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) алынған жаңбыр суына сынама алумен (12.4-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 32,7 %, сульфаттар 24,9 %, кальций иондары 12,3 %, хлоридтер 11,3%, натрий иондары 6,9 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Ертіс МС – 61,3 мг/л, ең азы Екібастұз МС – 24,8 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 41,6 мкСм/см-ден (Екібастұз МС) 101,2 мкСм/см (Ертіс МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтісі аз сипатта, 6,08 (Екібастұз МС) – 6,5 (Ертіс МС) аралығында болды.

12.6 Павлодар облысы бойынша 2016-2017 жж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) (12.4 сур.) жүргізілді.

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында сульфаттар 39,04 %, хлоридтер 14,17 %, гидрокарбонаттар 10,23 %, кальций иондары 9,13 %, натрий иондары 8,63 %, калий иондары 7,27 % және магний иондары 4,86 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Екібастұз МС – 30,4 мг/л, ең азы Павлодар МС - 16,1 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 33,7 мкСм/см-ден (Ертіс МС) 57,4 мкСм/см (Екібастұз МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл және сілтісі аз сипатта болып, 5,3(Екібастұз МС) – 6,3 (Павлодар МС) аралығында өзгерді.



12.4 сур. Павлодар облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

12.7 Павлодар облысының жер үсті су сапасы

Павлодар облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 4 су нысанында жүргізілді (Ертіс, Усолка өзендері, Жасыбай, Сабындыкөл көлдері).

Ертіс өзені су температурасы $0,1-28,0^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,03, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $10,6 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 орта есеппен $1,8 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,6ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.


Усолка өзені су температурасы $0,4-25,0^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,82 суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $9,0 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 орта есеппен $1,57 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,4 ШЖШ) және биогенді заттар (жалпы темір 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Жасыбай көлі су температурасы $18,2-22,5^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 9,06, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $8,51 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 орта есеппен $1,20 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 1,7 ШЖШ, магний 1,3 ШЖШ, натрий 2,5 ШЖШ) және биогенді заттар (фторидтер 2,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сабындыкөл көлі судың температурасы $18,2-22,3^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,96, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $8,13 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 орта есеппен $1,34 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 1,8 ШЖШ, магний 1,6 ШЖШ, натрий 1,7 ШЖШ) және биогенді заттар (фторидтер 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Павлодар облысы аумағындағы су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: «ластанудың орташа деңгейі» – Ертіс, Усолка өзендері, Жасыбай, Сабындыкөл көлдері.

2016 жылмен салыстырғанда Ертіс өзені суының сапасы айтарлықтай өзгермеген (4-кесте).



12.5сур. Павлодар облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

12.8 Павлодар облысы топырағының ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Павлодар қаласындағы түрлі аудандарданалынған топырақ сынамасында хром концентрациясы 0,3-4,6 мг/кг, қорғасын 10,8-28,1 мг/кг, мырыш – 18,05-35,5 мг/кг, мыс – 0,7-1,95 мг/кг, кадмий – 0,1-0,33 мг/кг шамасында болды.

Кутузов пен Торайғыров көшесі қиылысында ауыр металдар концентрациясы ШЖШ-дан аспады.

Цинк концентрациясының нормадан асуы:

- Павлодар химиялықмұнай зауытының санитарлы-қорғау зонасы ауданында -1,5 ШЖШ;

-Чокин, Бектұров және Дүйсенов көшелерінің қиылысында 1,2 ШЖШ;

Естай мен Карл Маркс көшелері қиылысы мен "Алюминий Казахстана" АҚ СҚЗ ауданы қиылысындағы гүл-бақ аумағында - 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Күз мезгілінде Павлодар қаласындағы түрлі аудандарданалынған топырақ сынамаларында хром шоғыры 1,14 - 2,01 мг/кг, қорғасын –10,6 - 24,3 мг/кг, мырыш – 15,2 - 22,6 мг/кг, мыс – 0,66 - 1,55 мг/кг, кадмий – 0,11 - 0,4 мг/кг шамасында болды.

Павлодар химиялық-мұнай зауытының санитарлы-қорғау зонасы ауданындағы топырақ сынамасында мырыш құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Кутузов пен Торайғыров көшесі қиылысы, Чокин, Бектұров және Дүйсенов көшелерінің қиылысы, Естай мен Карл Маркс көшеслері қиылысы мен "Алюминий Қазақстан" АҚ СҚЗ ауданы қиылысындағы гүл-бақ аумағында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Ақсу қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром концентрациясы 0,4-1,8 мг/кг, қорғасын - 20,0-24,4 мг/кг, мырыш – 16,2-17,5 мг/кг, кадмий – 0,1-0,2 мг/кг және мыс – 0,4-1,6 мг/кг шамасында болды.

Ферроқорыту зауытының санитарлы-қорғау зонасы, Абай-Ертіс көшелері қиылысы, «Азамат» орталық сауда үйі аумақтарында барлық анықталатын ауыр металдар құрамының нормадан аспады.

Күз мезгілінде Ақсу қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром шоғыры 0,84 - 3,62 мг/кг, қорғасын – 18,1 - 24,0 мг/кг, мырыш – 10,4 - 14,7 мг/кг, кадмий – 0,11 - 0,25 мг/кг, мыс – 0,37 - 0,76 мг/кг шамасында болды.

Ферроқорыту зауытының санитарлы-қорғау зонасы, Абай-Ертіс көшелері қиылысы, «Азамат» орталық сауда үйі аумақтарында барлық анықталатын ауыр металдар құрамы норма шамасында болды.

12.9 Павлодар облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық стансада (Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Павлодар, Шарбақты, Екібастұз, Көктөбе) және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Павлодар қаласының (№3, №4 ЛББ), Ақсу қаласының (№1 ЛББ), Екібастұз қаласының (№1 ЛББ) 4 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (12.6 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,00 – 0,24 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

12.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Павлодар облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (12.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 3,7 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша

радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы $1,1 \text{ Бк/м}^2$, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



12.6 сур. Павлодар облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

13 Солтүстік Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


13.1 Петропавл қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (13.1-сур., 13.1-кесте).

13.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Ш. Уалиханов көшесі, 17	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
3			Букетов көшесі, 16, Казахстанская правда көшесімен қиылысы	
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Парковая көшесі, 57А	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
6			Юбилейная көшесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан



13.1 сур. Петропавл қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2017 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (13.1 сур.) атмосфералық ауаның ластану деңгейі төменболып бағаланды. АЛИ =4 (төмен деңгей) құрады. СИ=28 (>10 өте жоғары деңгей) күкірт сутегімен (№6 бекет аумағында) (1, 2-сур.).

*2017 жылы 22,24 сәуірде №5 бекетте күкіртті сутегі бойынша 11 ЖЛ (10,3-16,5 ШЖШ) және 1 ЭЖЛ (27,7 ШЖШ) тіркелді (2-кесте).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озон (жербеті) орташа шоғыры - 1,4 ШЖШ_{о.т.} құрады, қалған ластаушы заттар – ШЖШ дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді– 4,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді– 1,9 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді– 1,1 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) – 6,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 27,7 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

13.2 Солтүстік Қазақстан обласы аумағында эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Солтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау Тайынша, Саумалкөл, Булаева кенттері және Бескөл ауылында (№1 нүкте-Тайынша к. (Тайынша ауданы), №2 нүкте-Саумалкөл к. (Айыртау ауданы), №3 нүкте-Булаева к. (М. Жұмабаев ауданы), №4 нүкте-Бескөл а. (Қызылжар ауданы) жүргізілді. Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің шоғырлары өлшенді.

Күкірт диоксидінің максималды шоғырлары №1 - нүктеде - 1,08 ШЖШ, №2 - нүктеде - 1,3 ШЖШ, №3 - нүктеде - 1,6 ШЖШ құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (13.2 кесте).

13.2-кесте

Солтүстік Қазақстан облысы аудандарының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғырлары

Ластаушы заттар	Сынама нүктелері							
	№1		№2		№3		№4	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,278	0,556	0,217	0,434	0,379	0,758	0,153	0,306
Күкірт диоксиді	0,542	1,084	0,655	1,310	0,780	1,560	0,201	0,402
Көміртегі оксиді	2,480	0,496	2,160	0,432	2,800	0,560	1,590	0,318
Азот диоксиді	0,026	0,131	0,009	0,045	0,006	0,029	0,007	0,035

13.3 Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау Петропавл метеостанциясында алынған жаңбыр суына сынама алумен (13.2-сурет) жүргізілді.

Петропавл МС жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмиді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ)аспады.

Кадмий шоғыры Петропавл МС 1,2 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 30,3 %, сульфаттар 20,4 %, хлоридтер 17,5 %, натрий иондары 9,2 %, калий иондары 6,2 %,кальций иондары 5,8 %, магний иондары 5,6% болды.

Жалпы минерализация 31,25 мг/л, электрөткізгіштік –53,3 мкСм/см құрады.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтісі аз сипатта болды (6,2).

13.4 Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2016-2017 жж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау Петропавл метеостанциясында (13.2-сурет) жүргізілді.

Петропавл МС қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында сульфаттар 29,4 %, гидрокарбонаттар 28,9 %, хлоридтер 12,8 %, кальций иондары 9,7 %, магний ионы 8,1 % және натрий иондары 5,0 % басым болды.

Жалпы минерализация көлемі 20,9 мг/л, үлесті электр өткізгіштігі - 35,9 мкСм/см болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл сипатта болды (5,4).



13.2 сур. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

13.5 Солтүстік Қазақстан аумағындағы жер үсті су сапасы


Солтүстік Қазақстан облысының аумағында жер үсті суларының ластануына бақылау Есіл өзенінде және Сергеевское су қоймасында жүргізілді.

Есіл өзенінде судың температурасы 0,2 °С- 24,0 °С шегінде тіркелді; сутегі көрсеткіші 7,48, суда еріген оттегі концентрациясы 10,12 мг/дм³, ОБТ₅ –1,73 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,0 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асу жағдайлары тіркелді.

Сергеевское су қоймасында су температурасы 0,4 °С- 23,2 °С шегінде болды, сутегі көрсеткіші 7,55 тең, су еріген оттегі концентрациясы 8,10 мг/дм³, ОБТ₅ - 2,23 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 2,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асу жағдайлары байқалды.

Есіл өзені мен Сергеевское су қоймасында су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланады.

2016 жылмен салыстырғанда Есіл өзеннің су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ, Сергеевское су қоймасының су сапасы жақсарды (4-кесте).



13.3сур. Солтүстік Қазақстан облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

13.6 Солтүстік Қазақстан облысы бойынша топырақтың жай-күйі

Көктем мезгілінде Петропавл қаласында түрлі аудандардан алынған топырақмыс концентрациясы 2,0-8,9 мг/кг, қорғасын – 0,8-1,1 мг/кг, мырыш –

10,5-20,0 мг/кг, хром -5,5-10,1 мг/кг және кадмий – 0,1-0,3 мг/кг шамасында болды.

Ең қатты ластанған аудан ЖЭС-2 болып табылады, мұнда хром концентрациясы 1,7 ШЖШ, мыс -2,97 ШЖШ асты.

Киров зауыты ауданында, № 4 мектеп пен Бейбітшілік және Интернациональный көшелері қиылысында мыс - 1,02-2,4 ШЖШ, хром - 1,2-1,6 ШЖШ шамасында болды.

Саябақ аумағы ауданында анықталатын барлық ауыр металдардың құрамы рұқсат берілген шамада болды.

Күз мезгілінде Петропавл қаласында түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында мыс құрамы 1,19 - 5,01 мг/кг, қорғасын – 0,93 - 1,65 мг/кг, мырыш – 25,84 - 63,04 мг/кг, хром – 0,97 - 3,05 мг/кг, кадмий – 0,94 - 1,79 мг/кг шамасында болды.

Киров зауыты ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 2,4 ШЖШ артуы анықталды.

ЖЭС-2 ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 2,7 ШЖШ, мыс – 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

№ 4 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Бейбітшілік және Интернациональный көшелері қиылысы ауданында мырыш бойынша 2,2 ШЖШ, мыс – 1,4 ШЖШ артуы анықталды.

Саябақ аумағы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,7 ШЖШ, мырыш – 1,2 ШЖШ артуы анықталды.

13.7 Солтүстік Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Булаево, Петропавл, Сергеевка) бақылау жүргізіледі (13.4 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08 – 0,17 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

13.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Петропавл, Сергеевка) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (13.4 сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 3,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



13.4 сур. Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

14 Оңтүстік Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


14.1 Шымкент қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (14.1-сур., 14.1-кесте).

14.1 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискр етті әдіс)	Абай даңғылы, «Южполиметалл» АҚ	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, формальдегид, аммиак. №1,2 ЛББ: кадмий, мыс, күшала, қорғасын, хром.
2			Ордабасы алаңы, Қазыбек би мен Төле би көшелерінің қиылысы	
3			Алдияров көшесі, н/з, «Шымкентцемент» АҚ	
8			Сайрам көшесі, 198, «Пивзавод» ЖАҚ	
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Самал-3 шағынауданы	қалқыма бөлшектер (шаң), PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан
6			«Нұрсат» шағынауданы	



14.1-сурет. Шымкент қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

